

Қайролла Мұқанов
Соңағал Жұмабаев

Токсан би

Қызылжар, 2001 жыл

Мұқанов Қайролла, Жұмабаев Социал
Тоқсан би. Қызылжар – 2001, 124 бет.

34951
с 12

Бұл кітапқа XVIII-XIX ғ.ғ. ғұмыр кешкен Еменалы Алдай Керейдің үш жұзге аты мәлім болған Жабайұлы Тоқсан бидің өмірі мен дау-дамайлар, тартыс-таластарды шешу кезінде айтқан билік, төрелік, аталы сөздері келтірілген. Билік ету, шешендік, құйшілік өнер сияқты өзге жүртта кездесе бермейтін, қазақ халқының арасында тамырын тереңге жайған үрдіс, дәстур.

Кітап Тоқсан бабамыздың өмірі мен айтқан билік, толғауларын жинақтаған бірінші еңбек болғандықтан оқырман қауым тараалынан ізгі тілек, ұсыныс-пікірлер туары сөзсіз. Бұл еңбек әрбір отбасының құтты кітабы болады деген сенімдеміз.

ISBN 5-7667-8606-9

© Тоқсан би

Шығаруышыдан бірер сөз

Сонау ықылым заманнан қазақ қоғамында елдің бірлігін, ынтымағын, әртүрлі әлеуметтік топтар арасындағы терең-тендікті сақтап қалуда билер ролі ерекше. Орақ ауызды шешен, әдет заңының білгірі, табиғат сыйлаған терең ақылдың арқасында билер қоғам ішіндегі кез келген дау-дамайды, талас-тартысты мүмкіндігінше әділ шешуге тырысқан. Қазақтың "Тура биде туыс жоқ" дейтіні де содан шығар.

Қазақ тарихнамасында Тоқсан би туралы осыған дейін бірде бір еңбек болмапты. Осы өнірдің тумасы, бүкіл қошпендей әлемге өзінің әділдігімен, шешендігімен аты айғақ болған Тоқсан бабамыз туралы жерлестеріміз жазған бұл еңбек үлкен зерттеу жұмысының алғашқы қарлығашы екендігіне сеніміміз мол. "Аруақ риза болмай тірі байымайды" дейді қазақ. Бабаларымыздың аруағы бізді қорғап, желеп-жебеп жүргей.

Аманжол Күзембайұлы
тарих ғылыминың докторы,
профессор

*Ер Сырымдай халқынның көсемі бол,
Тоқсан бидей үш жүздің шешені бол.
Сегіз сері.*

K I R I C P E

Біздің бұл кітабіміз Керейдің Алдай руынан шыққан, есімі бүкіл Орта жүзге, тіпті үш жүздің көп еліне мәлім болған өз заманында қара қылды қақ жарып тұра әділ би болған Жабайұлы Тоқсан биге арналған.

Оның көптеген жағдайларға байланысты айтқан асыл сөздері бүгінгі күнге дейін жетпеген, тек кейбіреулері ғана үрпақтарының, құйма құлақ қарттардың есінде қалған. Сонымен қатар кешегі өткен Кеңес дәүірінде билер, байларды жақтаған "бөтен" элементтерге жатқызылып, олардың еңбектерін жинауға, зерттеуге, халыққа таратуға қатаң тығым салынған болатын.

Тек соңғы жылдары, әсіресе, еліміз тәуелсіздік алыш, дербес егемен ел болғаннан кейін халқымыздың асыл мұратын, оның ішінде атақты билеріміз бен шешендеріміздің, ақын-жырауларымыздың ұлагатты сөздерін, әділ билік шешімдерін жинап, зерттеп халқымызға таратуға, әсіресе сол асыл мұралармен жас үрпақтарымызды таныстыруға мүмкіндік туды. Ал, бұл мұралардың қазіргі кезде де тәрбиелік мәні өте зор десек артық емес.

Қазақ халқының мәдениетінің құрамдас бір бөлігі ауызша сейлеу: халық даналығы үрпақтан үрпаққа Сөз арқылы беріліп отырады. Көптеген евразиялық халықтардің сияқты қазақтардың этнопедагогика жүйесіндегі тәрбие сабактастырының негізі де осында жатыр.

Аталаң отырған Тоқсан би туралы әңгімемізді бастамай тұрып, әуелі "би" деген ұғымға түсінік бере көтейік.

Сонымен би дегеніміз кім, оның қофамдағы, тарихтағы орны қандай деген сауалдарға жауап беру үшін, билер бойындағы дара қасиеттерге тоқталып өтейік.

Ең алдымен, би-көсем. Ол көпті көрген, яғни "көрекере көсем болған", көкірек көзі қиядағыны шалатын, ойы орамды, көнені ғана көріп қоймай, болашақты да тап басып, болжам жасай алатын, әрдайым халық көңілін шығатын жан болуы шарт.

Би-шешен. Ол майда сөздің мақпалы, сара сөздің саңлағы. Бірде астарлап, бірде мысқылдан, сүйекке жеткізіп, мақтамен бауыздап, қажет жерінде қара тасты қақ айырып түсерлік, семсерден бетер от ауызды, орақ тілді ойы ұшқыр сөз зергери.

Би-ақын. Оның әрбір сезін төгіліп тұрған жыр емес деп кім айта алады? Үйқасынан қаланған тастай беріктігі, әр сөздегі сазды ырғақ үндестігі жас ақынға тән шеберлік емес пе?

Би-заңгер. Халық арасында "би екеу болса-дау төртеу" деген сөз бар. Мұны даулы мәселені екі би емес, үш би шешеді деп түсіну қажет. Олардың бірі айынтаушы (прокурор), екіншісі-ақтаушы (адвокат), үшіншісі-тобе би (судья).

Би-жүрек жұтқан батыр. Оның батырлығы қолына қару алып жауға шабуында емес, қылышынан қан тамған хан, сұлтан, болыс алдында тұр екем деп именбей, керекті жерінде өткір тілмен турап түсетін әділет сезін айтуында.

Би-ойшил, ғалым. Ол халық тарихын, әдет-ғұрпын, салт-санасын менгерген, заңғар ой түйген философ, ғылымның әр саласынан хабары бар білімпаз. Олар өлмес қағида-қанатты сездер қалдырып, болашаққа көріп-келдікпен болжау жасаған.

Би-психолг, артист. Би адам жан-дүниесін, мінез-құлқын бір көргеннен-ақ тап баса таныйтын, көнігі психолог болуы шарт. Қарсыласының жан дүниесіне

үңілумен қатар, билер олардың әрбір қымыл-қозғалысының, үн-бояуын қалт жібермей қадағалап, соған орай өзі де дауыс ырғағын құбылтып, әр сезінің мән-мағынасын ашатындаі қымыл-қозғалыспен бет пішінін, қас-қабағын "ойната" білген тамаша артистік қабілет иелепі. Олар әр сөздің жүректен шығып, жүрекке жетіп отыруын көздеген.

Би-тәрбиесі. Би атанып халыққа танылғандар "өзім болдым, өзім толдым" деп келте ойламаған. Қал-қаде-рінше жоқ-жітіктің, әлдіден жәбір көрген әлсіздің жоғын жоқтап, ел мұддесін көздеген сөулесі бар, талантты жастарға батасын беріп, өмір бойы жинақтаған тәлім-тәрбиесін, ұлағат сөздерін құлақтарына құюдан жалық-паған.

Қазақ еліндегі би институтының алатын орны мен маңызын Шоқан Үәлиханов жан-жақты зерттеген болатын. Ол "Билер сотының өртеден келе жатқан халықтық тілі" атты мақаласында былай деген еді: "Би атағын беру-қазақта халық тарапынан би сайлау арқылы немесе халықты билеп отырған үкімет тарапынан бекіту арқылы болған емес. Тек сот ғұрыптарын әбден жетік білетін, тілге шешен қазақтар ғана бұл құрметті атаққа өз бетімен ие болып отырған... би болам деген қазақ өзінің ісіне жетіктігі мен шешендік қабілеті бар екендігін халық алдында сан рет көрсетуге тиіс болған. Ондай адамдардың атағы жүртттың бәріне мәлім болып отырған.

Би, шешендер даулы мәселені түйінді төрт-ақ ауыз сөз-бен тындырып отырған. Тындырғанда да хатсыз, хабарсыз, ауызша жүзеге асып, бітіп жатқан. Ертедегі бір бидің өзі осы күнгі соттың да, прокурордың да, полицияның да, қаншама мекеме, үйым басшыларының да қызметтін атқарып келген.

Атқарғанда да ол билердің кесім, бітімі кепшіліктің көзінше ашық аспан астында айдан анық жария бол

отырған. Ешқандай құпия, алдын ала ымыраласу, пәтуаласу деген болмаған. Билер өзінің сөзін, билік шешімін: "Ал, халайық, бұған не дейсіндер, ризамысындар?" - деп көпшілікке салып мақұлдасқан. Бұдан артық қандай жариялыштық болмақ?! Осы күнгі айтып жүрген жариялыштық, демократиялық, адамгершілік дегеніңің өзі осы емес пе?!

Сондықтан да халық өзінің от ауызды, орақ тілді, қара қылды қақ жара әділ билік айтатын шешен билерін ханнан да артық қадірлең, сыйласп, олардың айтқан кесімді, бітімді сөздерін жадында сақтап келген.

Олар барынша адал, ешкімге бұра тартпайтын, тұра сойлейтін нағыз шешен өрі ақылгөй, халық қамқоры болған. Сондықтан да халық "Тұра биде тұган жоқ, тұғанды биде иман жоқ", "жұзден жүйрік, мыңнан тұллар", - деп, мақалдарап кеткен.

Алайда, осындай елі үшін аянбай еңбек еткен, қасиетті сөзді шешен би бабаларымыз осы кезге дейін еленбей келді. Жас үрпақ олардың шешендік сөзі түгіл есімін де біле бермейді. Тіпті олар жөнінде тарихта да, энциклопедияда да, әдеби кітаптарда да (Төле би, Қазбек би, Әйтеке би, Сырым сияқтылар болмаса) жан-жақты жөнді жазылмады.

Міне, осы айтылған қасиеттердің бәрі де Тоқсан би Жабайұлының бойында болған. Оның шындығын осы үсіншіліп отырған кітаптан көруге болады.

Бұл кітапты құрастырып жазу үшін біз мерзімді баспасөзде басылған мақалалармен қатар ел аузынан алынып, айтылып жүрген әңгімелерді жинап, сараптап, солардың шындыққа сәйкестерін ғана осы кітапқа енгіздік. Өрине, Тоқсан бидің барлық сөздерін, барлық айтқан билік-тұжырымдамаларын қамтыдық дей алмаймыз.

Бұл кітапта Тоқсан би бабамыздың толық шежіресі, ғұмырнамасы және шешендік тапқыр, ақыл да нақыл сөздері қамтылды. Мұндай танымды мәні бар кітап бұл

бабамыз туралы бұрын-соңды шығып көрген жоқ. Соңдықтан онда дәлсіздік, сәйкессіздік, кейбір қайталаулар кездесуі мүмкін. Сонымен бірге біздің қолымызда бұл кісінің нақты туған және дүниеден өткен жылдары жоқ, өмірбаяны да толық емес. Оның айтқан билік сөздері, нақыл өлеңдері де толық қамтылмауы мүмкін. Егер Тоқсан бидің өмірі мен айтқан билік, шешендік сөздерін толықтырамын деушілер болса, оларға алдын ала алғысымызды айтамыз. Өйткені ол жаңа деректер алдағы уақытта кітап жаңартылып қайта жазылса көп септігін тигізер еді. Халыққа қажет мұраның қай кезде де толыға, молыға беруі заңды ғой. Екіншіден мұндай мағлұматтардың танымдық, тәрбиелік маңызы да өте жоғары.

Авторлар

ТОҚСАН БИ ШЕЖІРЕСІ

Тоқсан би Жабайұлы Керей руының есімі бүкіл қазақ еліне танымал ірі өкілі.

Ол ел билеу істерінде, дау-дамай айтыстарда Керей руы атынан сейлеп, осы рудың намысын қорғаған, жоғын жоқтаған өз кезінде осы рудың басшысы болған. Сондықтан Керей шежіресіне кеңінен тоқтаң, Тоқсан бидің аталарын Танаш би, Тарышыдан бастап таратқанды жөн көрдік.

Бірер сөз Керей шежіресінің жазылуы, жиналуды жайлыш. Ең алғаш Керей шежіресін жазған Дәулен батыр Таузарұлы болған. Дәулен шежіресін баласы Толыбай сыншы толықтырған. Артынан Керейдің Карабас батыр, Шөуке мырза, Майлы би, Киікбай би, Қара би сияқты арабша сауаты бар адамдары толықтырады. Онан соң Балта Керей Тұрлыбай батыр, Тілениші би, Баян бай, Жабай батыр, Шақшақ би сияқты мұсылмансша хат таныйтын адамдар толықтырып XIX ғасырға жеткізген. Сонан кейін Дәулен шежіресін Тоқсан би, Тәбей Барлыбайұлы, Шөңке Мамышұлы, Сексен Шақшақұлы, Есеней Еstemісұлы сияқты Керей елінің шежіреші ақсақалдары толықтырыпты. Бұл шежірені Серіз Сері жазып алғып, өзі өмір сүрген кездегі үрпақтарымен толықтырады, одан кейін баласы Мұсайын, Құсайынның Бекісі, Мұсайынның Нұрмұхамеді жалғастырған. Солтүстік Қазақстан облысы жерін мекендейтін Ашамайлы Керейдің шежіресін жинастырушы және жалғастырушылардың ең соңғы өкілі-Қаратай Биғожин (Серіз Серінің үрпағы). Қаратай Биғожин - республикаға танымал ауыз әдебиетін зерттеуші, шежіреші.

Қазір бұл салада өнімді еңбек етіп жүр.

Жоғарыда айтылғандай Қара би, Жабай батыр, Тоқсан би өз кездерінде Керей шежіресін жалғастырған, толықтырған адамдар, сондықтан да бұл шежірені де

Тоқсан бидің шығармашылық мұраларының бірі деу керек.

Керей-Орта жүз қазақтарының үлкен тайпаларының бірі. Керей ашамайлы, меркіт болып екіге бөлінеді. Керейдің көбі Ашамайлышдан (шын аты-Гали) тарайды.

Ашамайлыш Керей Жанай Сардардың баласы Бағлан биден-3 бала: Архат, Фархад, Самрат: Бағлан би біздің Солтүстік өңірдегі керейлердің тұп атасы болып есептеледі. Оның бейіті қазіргі Қорған облысының Полавинка (Ақсиыр) ауданына қарасты Звериноголовка (қазақша Бағлан) қалашығының түбінде, яғни Тобыл өзенінің жағасындағы керей тоғайында жатыр. 1928 жылға дейін ол жерде атақты Бағылан жәрменкесі болғаны тарихтан мәлім. Бағлан би өз заманында қазақ халқының айтулы көсемдерінің бірі болған.

Фархад батырдан-3 бала: Танаш би, Аббас, Манас. Аббас сардардан Аббас керейлер тарайды. Бірақ ерте-ректе болған соғыстарда көп қырылыш, Меркіт, Аббас керейлердің саны кеміп, аз елге айналады.

Танаш бидің бәйбішесі Айша Орта Азиялық Барлас түріктің бегі Бақырғанидың қызы екен. Інісі Манас майданда қаза тауып, Танаш би жасы үлғайған шағында бәйбішесі Айшаның руқсатымен және әмендерлік жолымен сол Манастың келіншегі Сәлиманды алады.

Танаш биден-14 бала: Балға. Балта, Едіге, Орал, Орман, Орақ, Алтай, Ақпан, Емен, Есен, Аман, Қырым, Қөшебе, Тарышы. Осы 14 үлдің Тарышыдан басқа 13 үлкені Айшадан туған, ал Тарышы Сәлиманнан туған. Бірақ Сәлиман Тарышы туған соң, көп ұзамай ауырып қайтыс болады да, Тарышы Айша бәйбішенің баурында өседі.

Танаш және оның балалары XIV ғасырда өмір сүрген адамдар. Танаш Фархадұлы өзінен жасы кіші Мамай, Тоқтамыс, Ақсақтемірге ақылшы болыпты. Сөйтіп, ол өз заманында Алтын Орда хандығында әділқазы-би аталыпты. Танаш бидің балалары: Балға, Балта, Едіге

батырлар әр кезеңде Мамай, Тоқтамыс хандардың әскерінің бас қолбасшысы болған. Кейін олар Ақсақтемірдің әскерін басқарыпты. Едіге батыр Әмір-Темір әскерінің бір тобын бастап жаумен соғысып жүргенде ауыр жараланды. Ол сарбаздарына өзін Ұлы таудың ең биік шынына жерлендер деп өсiet етеді. Ақыры солай жерленеді.

Балға, Балта, Танаш ұлдарының Ұлы тау маңында жағалауында әскерлерін қондырған өзендері осы күнге дейін Балға, Балта өзендері деп аталады. Қазіргі Солтүстік өңірдегі керейлелер Балға (Сибан), Балта, Қошебе, Тарышы аталарының үрпақтары.

Тоқсан би Тарышыдан тарайтын болғандықтан қолда бар шежіре бойынша Тарышыны таратайтық. Таратпастан бұрын шежіре жайлы Тоқсан би айтыпты деген бір әңгімені айта кетейік.

Танаш би және оның балалары Балға (Сибан), Балта батырлар өлген соң, оның үрпақтары енші бөлмек болады. Енші белу билігін Балта батырдың 44 баласының үлкені, әрі қарт батыр, әрі би Ноғай ақсақал өзінен жолы үлкен, жасы кіші Қошебеге ақылласпай қолына алмақ болады. Танаштың шаңырағы Қошебеде қалғандықтан да болу керек, Қошебенің қолында інісі Тарышы болады. Ноғай еншіні төртке емес, Тарышыны есепке алмай үшке бөлмек болады. Қошебе бұған қарсы болып: "Танаштан туған төрт баламыз, енші төртке бөлінсін", - дейді. Оған Балтаның үрда-жық батыр балалары: "Егінді біз ектік, малды біз жинадық, жаудан біз қорғадық, жорықтан көп олжаны біз әкелдік. Еншінің көбі біздікі болу керек. Біз аға баласымыз, сөзді қой. Тарышыға енші бергің келсе өзің бер, өйткені ол атамыздың баласы емес, сенің Балумаржаннан туған екінші ұлың", - деп, дау айтумен қатар, жала да жабады. Қошебе сол кезде науқас екен, өкпесін сүйреп зорға жүрген Қошебеге бұл дау ауыр тиеді.

Екі жағы ара ағайын саналатын меркіт керейдің кәрі биі Адаққа жүргінеді. Ноғай бидің ызгарынан қорық-

қан Адақ әділ билік айта алмай, ақыры Ноғай би бастаған керейдің би мен бектерінің қойған шартын мақұлдайды. Шарт бойынша Көшебе Тарышының өз ұлы еместігін растау үшін, біріншіден, көкірегіне құран үстап: "Тарышы менің балам емес" - деп ант беру керек. Екіншіден, құладын деген құсты атып түсіру керек. Үшіншіден, үстін ақ кигізбен жапқан терең ордан атпен қарғып өту керек. Көшебе осы үш шартты орындауға келісімін береді. Бірінші, екінші шартты орындарап, үшінші шарт бойынша ақ боз атпен үстіне кигіз жабылған ордан қарғып, ордың арғы бетіне түседі, бірақ аты омақаса құлап мертігеді, Көшебе де құлайды. Содан кейін көп ұзамай, бұрыннан қатты науқас Көшебе қайтыс болады. Шарт орындалса да, Көшебе мен Тарышыға енші мол берілмейді.

Балта мен Балға (сибан) балаларынан қорлық көріп жапа шеккен Жауынгер Көшебеұлы Жарқын, Жәдігер, Жанкөрпе, Жазы есімді төрт інісін, туысы Тарышыны ертіп, бабасы Бағлан бидің зираты (Қазіргі Қорған облысындағы Звериноголовка селосы, яғни бұрынғы Бағлан жәрмеңкесі орналасқан жер) маңына барып қоныстанады.

Тоқсан биден қалған осы аңыз-әңгіме ақиқаттан алыс та емес. Жоғарыда аталған адамдардың кейбіреулерінің үрпағы осы уақытқа дейін жоғарыда аталған жерде тұрады.

Бізге жеткен тағы бір аңыз-Танаштың келіндей алған әйелі Сәлиман жас босанып, ұл бала тапқанда, Айша бәйбіше (Танаштың) оған Тарышы деп ат қойып: "Бұл баланың үрпағы тарыдай көп болып, есіп-әне берсін!" - деп, ақ батасын беріпті. Айша бәйбішенің аузы уәлі болса керек, сол кісінің батасы да, тілегі де қабыл болып, Таныш бидің артында қалған төрт ұлының ішінде Тарышыдан көп елдер тараған.

Енді, Тарышыдан тараған үрпаққа бет бұрсақ: Тарышыдан-бір бала: Шимойын. Шимойыннан-3 бала:

Естияр, Достияр, Есжияр. Достиярдан-3 бала: Үсмайыл, Есмағұл, Үскәқ. Үсмайылдан-5 бала: Ақсары, Жамансары, Құрсақтары, Матақай, Тезағай.

Тезағайдан-3 бала: Әйтеке, Тәйтеке, Байтеке (Самай)

Әйтекеден-1 бала: Қанай.

Қанайдан-2 бала: Әлдеберлі, Шағалақ.

Тәйтекеден-1 бала. Мамай, Мамайдан-1 бала Қапсыт.

Қанай мен Мамай ерте қайтыс болып, олардың же тім қалған жас балалары: Әлдеберлі, Шағалақ, Қапсыт үшеуі Самайдың (Байтекенің) тәрбиесінде өскен.

Есмағұлдан-2 бала: Жалбыр, Жалпақ.

Жалбырдан-9 бала: Аққозы, Бекқозы, Ерғозы, Жангозы, Қарақозы, Қызылқозы, Қоңырқозы, Молғозы.

Қызылқозыдан-1 бала: Есенбакты.

Молғозыдан-2 бала: Ақымбет, Тоқымбет

Аққозыдан-2 бала: Еменәлі, Иманәлі.

Еменәліден-2 бала: Сырлыбай, Құнту (Таз)

Қунтуден(Таздан)-2 бала: Қарабатыр, Сейтімбет.

Сейтімбеттен-1 бала: Елтөк. Елтөқтан-2 бала: Жанбағет, Жанқадан.

Сырлыбайдан-3 бала: Ырыс, Нұрыш, Өріс.

Ырыстан- 4 бала: Қөжеке, Құдияр, Сақау, Төлек.

Қөжек биден-1 бала: Нияз би.

Нияз биден-1 бала: Ескене мырза.

Ескенеден-3 бала: Сандық, Боздақ, Малтабар

Сандықтан-5 бала: Бекболат, Конакай, Айдос, Қолдас, Молдас.

Бекболаттан-2 бала: Қүсенберген, Тілепберген.

Конақайдан-1 бала: Тастемір, Тастемірден-1 бала: Исқақ.

Исқақтан-1 бала: Хайдар.

Алдастан-3 бала: Айдабол, Есенбол, Сиқым.

Айдаболдан-6 бала: Тәнім, Құдайберген, Байеке ақын, Жолке, Жәуке, Жәутік.

Қолдас батырдан-2 бала: Бекжан, Күлін. Бекжан Есенейдің бас саятшысы болыпты.

Бекжаннан-2 бала: Самалық, Тынымбай.

Самалықтан-2 бала: Шұңғарек, Маңы, Мақыдан-2 бала: Қоспан, Алпыс.

Қоспаннан-Құрман.

Тынымбайдан-2 бала: Қопыш, Сұлеймен.

Қопыштан-3 бала: Құнтоқ, Қапен, Қекен.

Құнтоқтан-Едірес, Қапеннен-Абай туады.

Қекеннен-4 бала: Серік, Алтай, Мұхтар, Марат.

Молдас серіден-1 бала Жомарт.

Жомарттан-3 бала: Қыдыр, Саты, Қөшіман.

Қыдырдан Нысан туады.

Сатыдан-5 бала: Абдолла, Фабдолла, Байдолла, Хұсайын, Хасен.

Фабдолладан-4 бала: Нұғыман, Сейітжан, Иманжан, Есмағұм.

Нұғыманнан-4 бала: Фабит, Фабиден, Зейін, Асқар.

Байдолладан-2 бала: Сәбит, Әскер.

Хұсайыннан-1 бала: Әсет.

Хасеннен-4 бала: Есім, Совет, Бекет, Бекмағамбет.

Боздақтан (Ескене баласы)-2 бала: Басығара, Аңғал.

Малтабардан (Ескене баласы)-4 бала: Бегатар, Таңатар, Тұнқатар, Арғынбай.

Тұнқатардан-Қозғанбай.

Танатардан-4 бала: Сатыбалды, Бабыр, Құлшыман, Сақау.

Сатыбалдыдан-Топаш, Төлебай, Төлеген.

Төлегеннен-2 бала: Мұстафа, Еліш. Мұстафадан-Сәду, Қыздар. Қыздардан-Қайыrbай.

Төлебайдан-Ысмағұл. Ысмағұлдан-Әскербек, Ақылбек, Асылбек.

Айдарбектен-Қожықбай, Қожабай, Қожабайдан-Ахмет. Ахметтен-Бексұлтан.

Бабырдан-Қуандық, Төрежан, Жұмабай.

Қуандықтан-Қазыбек, Әжібек, Мұқыш.

Қазыбек Қажыдан-Бірімжан, Есімжан.

Бірімжаннан-Қали, Аманжол, Базар.

Қалидан-Ұлан, Серікбай, Киікбай; Аманжолдан-Шаяхмет, Махмұт; Базардан-Сәлімгерей; Сәлімгерейден-Айтжан, Сейітжан, Құрман, Айтқожа; Сұпидан-Әлімгерей, Әбліқас; Әбліқастан-Жамбыл, Қасмұқан, Жабай;

Серікбайдан-Бексұлтан, Қайрат, Марат;

Бексұлтаннан-Төлеген; Қайраттан-Артур.

Ырыстың екінші баласы Құдиярдан-Алдай, Әйдеш.

Алдайдан он бала:оның бірі-Қара би. Қара бидің бәйбішесінен-Дос, Жабай, Бабай, Қабай, Аманбай, Қабанбай, Жөңкі, Бұланбай.

Қара бидің Моншақ сұлу атты әйелінен-Марқа, Жайсан, Сатыбалды, Үкітай, Тоқпан, Жұмақ.

Қара бидің осы аталған екі әйелінен туған балаларының үрпақтары Жамбыл ауданының Қарағаш, Жамбыл, Суаткөл, Аманкелді, Талпын, Благовещенка ауылдарында тұрып жатыр.

Моншақ сұлу Бағаналы руының атақты адамы Жырық бидің қызы екен. Жырық би Ерден Сандыбайұлының (1808-1862 ж.ж.) арғы аталары болады. Моншақ кезінде асқан көркімен, шешендігімен, ақылдылығымен есімі бүкіл қазақ еліне тараған, билік істерге де аласып, Қаз дауысты Қазыбектен "Бағаналының бұлбұлы" деген ат алған, жеті үлттың тілін біліп, "оқымысты қыз" атанған екен. Ел аузында Қара би мен Моншақ сұлудың қосылуы жайлы мынадай аңыз бар.

Моншақ сұлу Жырық би қызы жасы жеткесін шешендігі мен оқымыстылығы өзімен тендересетін адамға ғана тұрмысқа шықпақшы болады. Талай жақсы мен жайсандар бақтарын сынағанмен Моншақ сұлуға тендересе алмайды. Тек, Қара би ғана Моншақ сұлуды сезден ұтып, келісімін алады. Моншақ сұлудың соңғы талабы әкесі Жырық бидің ризашылық беруі болады.

Ризашылық сұраған Қара биге қыз әкесі Жырық би:
— Қызым қымбат, қалың малыңда дәuletің жетпес, -
дейді, Қара бидің малының аздығын бетіне басып.

— Мен жалғыз емеспін, құдайға шүкір, көппін; көп қорқытады, терең батырады. Қызыңың қалыңма-лына әкем Алдайдың малы жетпесе, қалың Қерей-дің малы жетеді, - дейді Қара би.

Сөзден ұтылған Жырық би қызы Моншақ сұлуды Қара биге қосқан екен.

Моншақ сұлу Алдай еліне келін болып келгесін де ел билеу істеріне араласып, "би келін" атанады. Қара биден Моншақ сұлудан туған жоғарыда аталған балаларының үрпақтары өздерін "Моншақпаз" деп атайды (Хамитов Қабдол, 78 жаста, Жамбыл ауылы)

Жабайдан-Ақжан, Бақжан, Сержан, Мағжан, Отжан, Тоқжан, Тоқсан туады.

Жабайдың Тоқсаннан басқа барлық балалары қазак-қалмақ соғысына қатысып, бәрі де қан майданда ерлік-пен қаза тапқан. Мағжаннан Сексен деген бала қалады. Үлкен немересі Сексенді Жабай батыр өз бауырина салып, Сексен Жабайдың ең кенжесі есепті есіп, ерке тентек болышты. Сексен жер-су үшін Ресей отыршылдарына қарсы құреспен адам. Марал ишан Құрманұлы (1780-1841ж.ж.) бастаған үлт-азаттық қозғалысқа қатысып, халықтан батыр атағын алған адам.

Тоқжаннан-Мыңжасар туады. Мыңжасардан-Құлыбек; Құлыбектен-Әлімбай, Сәлімбай; Әлімбайдан- Қәкі, Етекбай, Қөшербай, Мұрат; Қәкіден-Мәс; Мәстен-Жәуке; Жәукеден-Нұрлан, Аман, Қалқа, Айдар, Жансейіт, Берікбол, Айтбай.

Мыңжасар үрпақтары Қарағаш ауылында тұрады. Тоқсаннан-Доғалақ, Мұсәпір. Доғалақтан үрпақ жоқ. Мұсәпірден-Шекібай; Шекібайдан-Байнақ; Байнақтан-Жаналы, Сердалы; Жаналыдан-Жанайдар (Өтен), Рыскелді; Жанайдардан-Қоқыш; Қоқыштан-Шоқан. Шоқан Алматыда, апаларымен бірге тұрады.

Рыскелдіден-Сағындық; Сағындықтан-Ерлан; Сердальдан-Есжан; Есжаннан-Сүлеймен, Серікбай, Ескендір; Сүлеймен мен Ескендір Түмен қаласының жанында

"Қасқара" деген ауылда тұрады. Рыскелдінің әйелі Көмеш Қарағаш ауылында баласы Сағындықтың қолында тұрады. Тауағаш ауылынан, руы Самай, Рыскелдіге 1943 жылы қосылған. Рыскелді 1970 жылы қайтыс болған. Баласы Сағындық 1958 жылы туған.

Колымызда бар шежіре бойынша енді Қара бидің Қабанбай атты баласының үрнақтарын таратайық. Қабанбайдан-Бейкүшік, Ақкүшік, Өйнеке, Сарт; Бейкүшіктен-Төлеміс; Төлемістен-Қалыбай; Қалыбайдан-Жаманбай, Жаманке; Жаманбайдан-Тоқтар; Тоқтардан-Батталбек, Батталғали; Батталбектен-Марат, Марал, Сәбит; Мараттан-Қанай; Маралдан-Қайрат.

Батталғалидан-Жомарт, Есет, Ақат; Жомарттан-Бакыт; Есеттен-Талғат, Фабит; Ақаттан-Мұрат, Қуат.

34/857
Қара бидің Дос-Нияз; Нияздан-Бұланбай; Бұланбайдан-Сегізбай, Жетібай, Мұсіреп шешен; Сегізбайдан-Тұнықұл; Тұнықұлдан-Мұса; Мұсадан-Иманжан; Иманжаннан-Кәрай, Кәрайдан-Дәрібай; Дәрібайдан-Қазбек, Жәнібек.

Тоқсанның туысы Сексеннің шежіресі былай таратылады.

Сексеннен-6 бала: Бегей, Бектен, Бекентай, Бегәлі, Қазан, Кәрібай. Бектеннен-Дәрібай (бәйбішеден), Текебай (екінші әйелден).

Дәрібайдан-Нарыбай, Мұқыш, Қуандық; Мұқыштан-Мәлғаждар; Мәлғаждардан-Жантемір, Әділбек; Жантемірден-Қанат, Жанат; Әділбектен-Аскат.

Қуандықтан-Ыбырай, Әубәкір, Қабидолла. Текебайдан-Рамазан; Рамазаннан-Жасұлан; Жасұланнан-Есет.

Бегәліден-Барлықбай. Барлықбайдан-Мәмбет, Сайдалы, Құдайберген, Жансары, Байбатыр; Мәмбеттен-Қайса. Қайсадан-Серік, Фазез, Қалел, Фалым, Қәкім. Серіктен-Марат; Фазезден-Ерсайын. Жансарыдан-Хамит, Ержан; Құдайбергеннен-Аманкелді; Сайдалыдан-Еркін, Еркемырза, Жақсылық. Еркемырзадан-Елжас, Ілияс, Естай.

Бекентайдан-5 бала: Сағындық, Қайнет, Зейнолла, Байзолла, Мырзағали.

Қайнэттен-Шәкен, Шәкіжан, Болат, Құрмаш. Шәкеннен-Асау. Шәкіжаннан-Боташ, Боташтан-Талғат. Бопаштан-Боташ, Арыстан, Сайлау, Мұрат. Арыстаннан-Рамазан, Нұрсұлтан. Сайлаудан-Аманжол, Ербол. Мұрраттан-Амангелді, Алдияр, Серік. Құрмаштан-Бота, Нұржан, Бағыт, Марал, Мерген, Ерболат. Ботадан-Айдос, Берік.

Зәйнолладан-Шернияздан (Шери), Сейілхан, Бәсар, Баязит. Шерниязданнан-Елтай, Дайыр. Елтайдан-Байтас, Амангелді; Байтастан-Расул; Амангелдіден-Әсет; Сапардан-Нұртас, Жантас, Нұрлан, Нұржан. Жантастан-Аян. Нұрланнан-Саян. Нұржаннан-Темірлан. Байзолладан-Картжан, Серіkbай, Әбу-Шахман (Әбу). Әбуден-Женіс, Қайрат, Болат; Женістен-Марат. Мараттан-Зарина. Қайраттан-Асқар, Алмас, Аслан. Болаттан-Рустем.

Тоқсан бидің арғы атасы Үрыстың үшінші баласы-Сақаудан-Қасаболат. Қасаболаттан-Тоқпанбет би. Тоқпанбеттен-Елшібек, Жабагы, Еділ, Абыз. Қасаболат үрпақтары Қеңес дөуіріне дейін Ескене аталарымен бірге Станивой болысына қарапты. Қазір Жамбыл ауданының Улгі ауылында тұрады.

Үрыстың төртінші баласы Төліктен-Жәнібек, Қантай. Жәнібек батырдан үрпағы аз, еспеген әulet. Белгілі әнші-ақын Біржан Берденұлы (1889-1921) "Прием" дастанының авторы осы Жәнібек Әuletінен шыққан еken.

Қантай батырдан-тоғыз бала: оның үшеуі-Жанқозы, Кенжеқозы, Қабыл. Қабылдан-Дәүлеткелді, Тұрыпберді. Дәүлеткелді мен Тұрыпберді өте бай болған адамдар. XVIII ғасырдың екінші-үшінші ширегінде Қазақ хандығы әскерін ат-түйемен, азық-тұлікпен жабдықтаған шонжарлар еken. Жамбыл ауданының Аманкелді ауылының батыс жағында Тұрыпберді қыстауының орыны бар және "Тұрыпберді" көлі бар.

Осы Қантай Тұрыпберді туралы ел ішінде мынадай аңыз қалған.

Тұрыпберді сол өңірдің теңдесі жоқ байы болады. Жылқының көптігі сондай, жылқының санын жылқы-

ларының бір мезгіл су ішкенде көлдің сұнының қанша-
лықты азайғандығымен есептейді екен. Ол үшін көлдің
ішіне сырық шашшып, осы сырықтағы белгілері бойын-
ша көлдің сұнының деңгейін біліп отырған.

Осы Тұрыпберді байда бала болмапты. Осындай бай-
лыққа ие болатын ұрпақ қалмайтынына ренжіп жур-
генде, Жабай батыр бір жорықтан әйелдікке қалмақтың
бір қызын әкеліп береді. Қыз жүкті болып үл табады.
Тұрыпберді бай үш жүзден қонақтар шақырып ұлан-
асыр той жасайды. Бұдан кейін де Тұрыпберді қалмақ
әйелінен 3-4 бала көреді. Бір күні қалмақ әйелі Тұрып-
бердіге көнілінде жүрген бір ауыр мұнын айтады:

- Жабай батыр, - дейді әйелі, - елден (қалмақ елі)
ағайынды екеумізді алып шықты. Жолда інімді саудаға
сұраған бір адамға беріп кетті де, мені саған арнап
әкелді. Сол інімді көргім келеді, жалғыз туысым еді,
бір жерде тұрсақ деген тілегім бар, - дейді әйелі. Мұны
естіген Тұрыпберді ағайыны Жабай батырды шақырып
алып.
- Сен маған қалмақ қызын әкелер жолы інісін де алып
шыққан екенсін, айтуы бойынша жолда біреуге сыйласп
беріп кеткенсін, маған осыншама қуаныш әкелген әй-
елдің тілін алмауға болмайды. Ердің құнына жетерлік
мал беріп, сол жігітті маған әкеліп бер, - дейді.
- Иә, ол рас, жолда Атығай елінің Жанатай батырына
беріп едім, Жанатайдың құдайға шүкір, ұрпағы жетер-
лік, берсе сатып бермейді, жай да береді, - дейді Жа-
бай. Ақыры Жанатай батыр қалмақ жігітін Жабайдың
айтуымен Тұрыпбердіге жай береді. Тұрыпберді құнсыз
жігіт болмасын деп, Жанатай батыр алмаған жүз жыл-
қыны елдің нашарларына беліп береді.

Ақыры Тұрыпбердінің байлығына осы қалмақ жігіті
ие болып қалады екен, -дейді аңыз.

Қантай батырдың тағы бір баласы Кенжеқозыдан-Әлқозы
тұған. Әлқозыдан-Атамбай. Атамбайдан-З бала: Қосшыбай,

Құлатай, Ақсақ; Қосшыбайдан: Қедік, Қаумен, Жұсіп. Қе-
діктен-Исабай, Смағұл, Есмақан, Исабайдан-Мұстафа, Мұқа-
най, Сейітхмет. Мұстафа мен Мұқанай бай болып 1929
жылы "Барса келмес" аралығына жер аударылған. Мұстафа
ақын, шешен Қантай атаның көрнекті адамы болған.

Бір атам одан бергі Еменәлі
Бақыт пен байлық болды елдің сөні.
Жерлерден ерегіскен бәйгені алыш,
Қалатын дүшпандары қатты налып.

Бір атам одан бергі аты Қантай.
Қайғымен күнім өтті жаздың алты ай
Қонған соң біткен дәулет пәле болды
Өзге сөз неге қерек шыны осылай.

Бір атам одан бергі Атамбайды
Атамбай жаман болса аталмайды
Ішінде аз ғана ауыл серкесі едім.
Ойлап па ем қөрем деп осындайды.

Өзімнің туған әкем Қажы Исабай
Би емес, болыс емес, дәuletті бай
Үш отау үш жағына тігіп қойып,
Орнатқан бәріне де қара саба-ай.

Баласы сол қажының мен Мұстафа
Көргем жоқ бұл дүниеден еш бір опа
Басымнан бақыт-дәулет кеткеннен соң
Кісіден жақын жүрген көрдім жапа, - деп
atalары жайлы өлең шығарған.

Мұстафадан-Қапан. Қапаннан-Нұрмолда. Нұрмолдадан-
Ермұрат, Бауыржан, Ербұлан. Бауыржаннан-Елдос. Сейітх-
меттен-Аяған, Қайролла, Караполда, Зариполда, Аман. Ая-
ғаннан-Еркебұлан, Еркемырза, Еркемурат, Жаслан, Есләм.
Кариполдадан-Нұрлан, Нұржан. Есмақаннан-Қаратай, Қаб-

долқаным, Жан. Қауменнен-Әбдіреш, Әбілтан, Әбіл. Әбдірештен-Қайырбек.

Қайырбектен-Қайрат. Әбілден-Қара, Болтан, Сұлтан, Бек, Құрмет. Қарадан-Тахир, Ойрат. Сұлтаннан-Жолдыбай, Ойрат. Жолдыбайдан-Сапар, Әкетай. Ойраттан-Азamat. Бектен-Серікбай, Базар, Теміртас. Құрметтен-Мұрат, Адақ, Шалабай, Садақ, Қадіржан, Сапарғали.

Жүсіптен-Қожағмет, Қожбан, Мырзахмет. Қожағметтен-Текен, Торғай. Мырзахметтен-Есен, Есенәлі. Текеннен-Бұркіт, Серік, Оразымбет, Оразалы, Шоқан, Данияр. Бұркіттен-Нұрлан.

Құлатайдан-Шәкібай. Шәкібайдан-Шерияздан, Сейпіл, Ысқақ, Қуаныш. Шериязданнан-Еслем, Қатыран. Ысқақтан-Ашубасар. Қуаныштан-Сүйіншібай, Жомарт, Едіге, Еркін, Ерік. Ақсақтан-Сыздық, Ертай. Сыздықтан-Шәйкі, Рақымжан, Қабдолла. Шәйкіден-Есім.

Есім Шайкин - колхоз басқармасы, совхоз директоры, Москва, Сергеев аудандарының бірінші хатшысы, Еңбек Ері, облыс, Республикаға танымал көрнекті тұлға болған адам. Қазір Благовещенкода әкім.

Есімнен-Нұрлан, Ноян, Нұртас. Рақымжаннан-Нұрғали, Ерғали, Тілеген. Ерғалидан-Сапар. Қабдолладан-Жасұлан. Ертайдан-Садуақас, Шақан. Садуақастан-Біржан. Біржаннан-Асыр, Балапан. Шақаннан-Рамазан туады.

Иманәліден – 3 бала: Нұралы, Нұрымбай, Нұрлыбай. Нұрымбеттен-8 бала: Ақбота, Байбота, Ербота, Жанбота, Қаработка, Жанбаба, Құлбаба, Қуатбаба. Нұралыдан-3 бала: Батыр, Бабыр, Бауыр. Батырдан-Сағым. Сағымнан-Өтеке. Өтекеден-2 бала: Ережеп, Кенже. Кенжеден-3 бала: Қәшек, Қәбек, Қәбдік. Қәбектен-2 бала: Жанболат, Бертіс. Жанболаттан-1 бала: Бөші. Бөшіден-4 бала: Жақабай, Шоқтай, Байқебек, Қаратілеу. Жанабайдан-1 бала: Азынабай. Азынабайдан-1 бала: Таласбай. Таласбайдан-Амантай. Шонтайдан-Серғазы. Байқебектен-Нұртаза. Нұртазадан-Темірғали.

Қаратілеуден-3 бала: Елжан, Тасемен, Төрежан. Төре-

жаннан-Збала: Байқуаныш, Әмірбек, Мұқаметжан. Байқуаныштан-7 бала: Қази, Нұрқан, Оразбай, Баязит, Ақмер, Зағыпар, Нұрмұқан. Оразбайдан-Есмұқан. Есмұқаннан-5 бала: Мұқтар, Берік, Құдайберген, Мырзабек, Ерік. Зағыпардан-2 бала: Тоқтар, Серік. Серіктен-Әмірсерік. Әшірбектен-1 бала: Тұрғын. Тұрғыннан-2 бала: Қайыртай, Дүйсенбай. Мұхаметжаннан-Шәріп.

Шәріптен-3 бала: Шопан, Женгібай, Шоқан. Тасеменнен-1 бала: Бекім. Бекімнен-Қапез. Қапезден-3 бала: Абай, Қосыл. Қошектен-Жанқұлы, Жапан, Жапак, Думан. Жапаннан-Орынбай, Жұма. Жұмадан-Бейсен, Нұрпейіс, Әлпейіс. Нұрпейістен-Ораз, Жадыра, Зікірия. Бейсеннен-Мұстафа ақын (1870-1936 ж.ж.). Мұстафа ақыннан-Әмірхан, Жанмұқан, Хайдар. Әмірханнан-Бағыт, Төлебай. Бағыттан-Серік, Серікбай.

Социалистік Еңбек Ері Төлебайдан-Есіләм, Нәуken, Орынбай, Оразымбет, Ораз. Жанмұқаннан-Дәuletіяр. Жапактан-Жәменеке, Қапсытбай, Алпысбай, Ережеп, Жұмаш, Тотыбай. Алпысбайдан-Сымагұл, Әжмағұл және Бақыжан деген қыз туған. Сымагұлдан-Таймас, Серікбай. Таймастан-Тастанбек, Болатбек, Дулат деген үш ұл және Хауана деген қызы туды. Хауана Таймасқызы Кәсенова қазір облыстық ағартушылар көсіподарғының комитетінің бастығы болып істеп жүр. Оның айттынша 1928 жылды байларды конфискациялап жер аудара бастаған кезде әкесі Таймас өз әкесі Сымагұлдың фамилиясын алмай Сымагұлдың қарындасы Бақытжаннан туған Кәсен деген жиенінің атын өзіне фамилия қылыш алыпты. Содан ол Кәсенов Таймас атандып кетіпті және барлық құжаттары осылай толтырылыпты. Өздері ішке (Ресейге) көшіп кетіп аман қалыпты. Соңдықтан оның балалары да Кәсеновтер болып кеткен екен. Серікбайдан-Еркеш, Сабыр, Ұлан, Жасулан, Құрман, Кенже.

Бертісбайдан-Қожағұл, Қожамқұл, Ақшуақ, Байшуақ, Жаншуақ. Қожағұл қажыдан-Тұрлыбай, Тұрлығұл. Тұрлыбай Зергерден-Ержан, Нұржан, Біржан сал, Ақтанбай, Қанафия. Ержан қажыдан-Мұхаметжан. Нұржан

қажыдан-Ахметжан. Ахметжаннан-Сары, Сыздық.

Атақты Біржан салдан (1825-1897)- Ақыл, Алтынбек, Әділбек, Мақұлбек (бірінші әйелі Балқаштан), Ахметхан, Ахметбек (екінші әйелі Ләйладан), Ахметқали, Айтжан, Айтмұхамед (үшінші әйелі Айтбайдан), Теміртас, Қалкен (төртінші әйелі Өніштен). Теміртас балуаннан-Мұқамедқали. Мұқамедқалиден-Шеріп. Қалкеннен-Хамит.

Ісмайл бидің кіші баласы Тезағайдан-Әйтеке, Байтеке, Тәйтеке туады. Әйтекеден-Қанай, одан Әлдеберлі, Шағалақ. Тәйтекеден-Мамай, одан Қапсыт. Әлдеберлі мен Шағалақ үрпақтары Шағалақ Керей деп аталады. Ал, Қапсыттан Қапсыт Керей елі тарайды. Жоғарыда аталған Шағалақ Керей елі әнші, күйші, сауықшыл болыпты. Таз Керей де әнші ел болған екен. Осылар жайында Мұсайын ақын Сегіз Серіұлы (1843-1920) "Ән мен Күй біздің Қөшпебеден аттанып, Таз Керейге жолжонекей түстеніп, Шағалақ Керейге барып түнеп, сонда тұрақтап қалды" - деген екен. Әйтеке, Тайтеке де, олардың балалары: Қанай, Жанай батырлар да көп жасамай дүниеден ерте өтеді де, Байтеке олардың үрпақтары: Әлдеберлі, Шағалақ, Қапсыт-ұшеуіне жетімдік көрсетпей қамқорлығына алыш, тәрбиелеп өсіреді. Содан да болар кейбір шежірешілер осы Шағалақ және Қапсыт Керейлерді Самай атанған Байтекеден туғызады. Байтекенің бір жақ самай шашы жас жігіт кезінде ағарыпты. Сондықтан ел ішінде Самай атанып кетеді.

Байтекеден (Самайдан)-Толыбай, Жанбура, Жанкісі, Аткелтір, Бақы, Шұбай, Шығай, Шоңай. Осылардан тарайтын үрпақты Самай Керей деп атайды.

Бұл еңбекте жазуынша, Тоқсан бидің өзі қатынасқан Керей шежіресін тегіс таратуды мақсат еткеміз жоқ, алайда Тоқсан биден қалған сөздерді жинауга, бейітін тауып, асын беруге атсалысқан Самайдан тарайтын бір-екі азаматтың аталарына орай шежірені таратайтық.

Толыбайдан-Төлеке, Жапа. Жанбурадан-Жарылғап, Құдайқұл, Қожанберді, Қожамқұл, Құттымбет, Сары. Құдайқұлдан-Анай, Қанай, Кенжетай. Кенжетайдан-Ақбота, Байбота, Жанбота. Ақботадан-Байсерке, Шабан. Шабаннан-Бозай, Найман, Қойман. Бозайдан-Жанқабай, Тиыпштықбай. Жанқабайдан-Хұсайын, Әйіп. Хұсайыннан-Айбас. Айбастан-Төлеген, Медебай. Найманнан-Сапақ, Сыздық, Бексұлтан, Тілеуберді, Қарынбай. Сыздықтан-Ахметжан, Мұқан, Құрман, Омар, Хамза. Мұқаннан-Қайролла, Нығметжан, Қабылқайыр. Қайролладан-Марат. Қабылқайырдан-Болат, Қанат. Құрманнан-Шәріп. Шәріптен-Дулат, Серік, Дәulet, Дәурен, Дәуренбек. Хамзадан-Жақсылық, Айтмағамбет, Сайлау, Бағыт, Есмағанбет. Жақсылықтан-Мұрат. Айтмағанбеттен-Азамат, Жасұлан, Аслан. Сайлаудан-Бахтияр. Есмағанбеттен-Арман. Қойманнан-Сүгір, Қаби, Билал. Сүгірден-Шүгайып, Жүкен. Қабидан-Хажынәсіп, Зейнолла. Жүкеннен-Марлан, Қанат. Хажынәсіптен-Ұлан. Зейнолладан-Болат, Марат.

Байтекенің (Самай) Шығай деген ұлынан – Дүйсенбай. Дүйсенбайдан-Айтбай. Айтбайдан-Тоқболат, Қосболат. Тоқболаттан-Дәуітбай, одан-Асан. Асаннан-Бұзаубас пірәдәр, одан Есман. Есманнан-Нұрмұқан (Топан), Қайыркеш, Қайыржан, Жұмкен. Нұрмұқаннан-Ерсайын, Серікбай. Қайыркештен-Совет, Бейбіт. Қайыржаннан-Нұржан. Жұмкеннен-Абзал. Советтен-Темірлан, Ерлан.

Сегіз Сері шежіресінен үзінді

Сегіз Сері Бахрамұлы Керей шежіресін өлең жолдарына түсірген адам. Осы өлең шежіресінен үзінді келтірейік:

Керейден шыққан сардар Жанай бабам,
Жанайдың жалғыз ұлы Ер Бағлан.
Бағланнан Архат, Фархат, Сарымұраттай,
Жауынгер қол бастаған үш ұл туған.

Жанайдың Ашамайлы үш атасы,
Қабыл болған ол ердің ақ батасы.
Сібірдің батыс жағын мекен еткен,
Ақиқат, бұл сөзімнің жоқ қатысы.
Болыпты Фархат бабам ел ағасы,
Халқына тұзу болған кез қарасы.
Танаш би, Аббас батыр, Манас мерген,
Үшеуі Ер Фархаттың бел баласы.
Архат, Фархат, Сармұрат, елінің қорғаны.
Заманында халқына болған мерей.
Сармұраттан тараған кім десеніз,
Үрпағы он екі ата Абақ-Керей.
Танаштан Балға, Балта туған екен,
Ерлікке жастан белін буган екен.
Балғадан Әзім мерген жалқы туып,
Тұсында ұста-дүкен құрган екен.
Әзімді "сый бала" деп еркелеткен.
Жасында жеңгесінің қойған аты
Ол жайында шежіре мұра болып,
Көненің қолтаңбамен жеткен хаты.
Әмір-Темір көреген заманында,
Үста Әзім қарамұрын атаныпты.
Сый бала - Әзім аты өзгеріліп,
Жанама Сыйбан деген ат қалыпты.
Танаштың тұңғыш ұлы Балға ерден,
Туса да жалғыз болып Әзім мерген.
Әкесімен бір туған Қожаберген.
Сый бала жас жағынан үлкен екен.
Көшебе Танаш бидің еркесі екен.
Бәйбіше туған ұлдың кенжесі екен.
Үялас көкжал арлан секілденген,
Балға, Балта жұртының серкесінен,
Танаш би ел тізгінің қолына алған.
Жұртына қамқор болып олжа салған.
Манас деген інісі майданда өліп,
Зайыбы Сөлімандай жесір қалған.

Айшадай бәйбішесінің рұхсатымен,
Некемен Сәліманы Танаш алған.
Сәліманнан туыпты Тарышы ата,
Сөзімнің бәріде рас, емес жалған.
Әзімнің татар қызы анасы екен,
Зайыбы Уақ қызы – рас екен
Өткендердің тарихын жария ету
Рейінгі үрпағына мирас екен.

Тоқсан би мен Сексен

Қазақ халқының тарихында қалың жауға қарсы шапқан батырлар, ел бастаған көсемдер, ердің құнын екі ауыз сөзбен шешкен шешендер, акпа ақындар, ақылманabyздар, қара қылды қақ жарған билер аз болмаған. Осындай асылдарымыздың бірі есімі үш жүзге жайылған Жабайұлы Тоқсан би еді.

Атақты Қара бидің баласы Жабай Абылай ханың мыңбасы батырының бірі болған. Оның ерлігін ақынжыраулар ел - жұртқа өнеге еткен. Тәтіқара ақын:

Ағашта биікті айтсаң-қарағайды айт,
Жігіттік, ерлікті айтсаң-Бөгенбайды айт
Ұшына найзасының жау мінгізген
Еменалы Керейде ер Жабайды айт! - десе,
Кожаберген жырау "Елім-ай" дастанында:

Қыйыншылық бола бермес, әлі-ақ өтер,
Ерлерім жауды ұзатпай тентіретер.
Бөгенбай, Ерсары, Асқап, Жабай, Қөшек
Қалмақты қойشا қырар, зар еңіретер! – деп
рухтана жырлаған.

Ер Жабайдың батырлық жорықтарын, Үмбетей, Бұқар, Ақтамберді, Жанақ сияқты ақын-жырауларда тамсана өлеңге қосқан. Тоқсанның ұлы әкесі Қара би де

қазақ тарихында белгілі адам. Кезінде Керей руының атақты дуалы ауыз би болған. Тоқсанның билік құрып, шешпендік жолына түсіне көп септігін тигізген осы Қара би атасы болған деседі. Оның ғибраты кейінде немересіне дарығаны да тарихтан белгілі.

Өңгіме шежірелерде Тоқсанның дүниеге келуі туралы мынадай ақыл бар. Тоқсанға аяғы ауыр болған шешесі бір күні сыртқа шығып тұрса, атына мінген атасы Қара би келе жатыр екен. Сонда жанында тұрған енесіне: "Шіркін-ай, атамның атының құлағын жесем гой!" - деп тамсанады.

— Өй, көргенсіз не деп тұрсың?! Кір үйге! - деп енесі үрсып тастайды. Би үйге кірген соң бәйбіше оған келіннің сезін жеткізеді. Ашу шақырап деген бидің көзі шырадай жанып, "Ия, аруақ! Бұл бала жай болмайды екен. Кәне, жылқыны бауыздандар да, құлағын келінгे асып беріңдер!" - деп, бүйірады. Сол дүниеге келген баланың есімін атасы Тоқсан қойыпты.

Тоқсан бидің қай жылы туып, қай жылы өмірден өткені жайлы нақты дерек жок. Өзінен қалған сездерге, ел аузындағы өңгімелерге қарағанда, ол он сегізінші ғасырдың екінші жартысында туып, тоқсан жылдан аса өмір сүрген. Ол қазақтың ақындары Орынбай Бертағыұлымен (1810-1900), Шеже Арыстанбайұлымен (1808-1895), Қанжығалы Асаубаймен (1810-1902), Тогжан Ендібайұлымен (1808-1884) тұстас болған.

Киікбайдың Сексенге айтқаны

Қара бидің баласы Жабай би өлерінде екі баласы Сексен мен Тоқсанға: "Сексен, саған ерлікті, Тоқсан, саған әкем Қара биден қалған билікті бердім," - деп есiet айттып кеткен екен.

Сексен мен Тоқсан әкесі өлген соң ақыл-кеңес сұ-

рауға қартайып жатқан Қаз дауысты Қазыбекке баралды. Жөн сұрасып, жағдайға қаныққаннан кейін Қазыбек:

— Ел бастап - би, қол бастап - батыр болғалы түрған үл екенсіңдер. Бір-екі ауыз сұрағым бар, соған жауап беріндер, - дейді:

Күнде не парыз?

Айда не парыз?

Жылда не парыз?

Ханға не парыз?

Карашаға не парыз?-деп Сексенге қаратты.

Ол жауап бере алмаған соң, Тоқсанға бұрылышты. Сонда Тоқсан:

Күнде бес уақыт намаз парыз,
Айда отыз күн ораза парыз,
Жылда құrbан шалу парыз,
Ханға халықты тең ұсташа парыз,
Карашаға ханды хан тұту парыз,-депті.

Қазыбек Тоқсанға риза болып:

Шырағым тым жоғарылама,
Аспанға асыларсың.
Тым төмендеме,
Аяққа басыларсың.
Орта бол, орта болсаң,
Әлі-ақ санатқа қосыларсың.
Тоймасқа құймасын бітер,
Болмасты болдырам деме,
Жасың бітіп болдырарсың, - деп
ақыл-кеңес берілті.

Әкесі өлген соң табиғатында ожар, тентек мінезді, бірбеткей Сексен оның өсиетімен келіспей билікке қызығып, Тоқсанды атақты Киікбай шешенге жүгініске апарыпты. Сексен жасының үлкендігін бетке ұстап, би болу жолы менікі деген ойын білдіреді. Оны тыңдалап алған Киікбай:

- Бұгін бір жерге барып қонып, ертең келіндер. Қазір қолым бос емес, - дейді. Ертеңгісін екеуін тағы тыңдап алады да:
- Ал, балаларым, кеше екеуіне бір жерге барып қон дегенім, Сексен, сені үлкендік істеп сабасына түсер, ақылға тоқтап, әке өсиетін сыйлар деп едім. Айтқанынан қайтпайтын қатыгез екенсің. Ондай адам халықтың қамын ойлап, атаң Кара бидей, әкен Жабай бидей қара қылды қақ жарып билік айта алмайды. Әке балаға сыншы, әке өсиетін орындамай, Тоқсанды осындай әуреге сальпсың. Әкенің айтқан өсиеті-әділ билік. Оған менің қосарым да, аларым да жок, - дейді.
- Естиін дегенім осы еді алжыған кәрі иттен, - деп, Сексен шыға жөнеліпті. Сол кеткеннен жүгін артып, көшін тартып, малын айдал Наймандағы бағаналы Бабыр нағашыларына бет алып жөнеледі.

Бұған намыстанған Киікбай тағат таппай Сексенің көшінің артынан қуып жетіп, былай деген екен:

Беу, Сексенім, Сексенім,
 Бұл барғаннан баарсың
 Бағаналы Бабырға,
 Барған жылды сый қылышп,
 Хан көтеріп би қылышп,
 Қос табақпен тартады
 Қос қазыдан сыбаға.
 Келер жылды болғанда,
 Тартар сынған қабырға.
 Онан келер жылды болғанда,
 Қонарсың мал жабылған тақырға.
 Қадірің кетер шашылышп,
 Ыстық дәмің басылышп,
 Бірте-бірте айтқаның
 Алынбай қалар қабылға.
 Жазғытуры болғанда

Ақ ордаңды тігерсің
Ылайы батпақ сабырға.
Күзді күні болғанда,
Тағы амалсыз қонарсың
Мал жайланаң тақырға.
Жаныңа ерген жанасып,
Жақын болған жаны ашып,
Табылмас бірі маңында.
Екі кісі бас қосса,
Кіре алмассың сыйырға.
Аңға шықсан жатпенен
Атып алыш олжасын
Қанжығасына байлар да.
“Жатта сұлтан болғанша,
Өз елінде ұлтан бол”
Деген нақыл бұрынғы
Барма, батыр, жадында?!
Қағынан қулан жерісе,
Сүт таба алмай шөлде өлер.
Кеңінен толғап, Сексенім,
Әлі де тоқта, сабырла.
Сөзге құлақ салмасаң,
Айтқан тілді алмасаң,
Еркін білсін, жарқыным,
Жеріңе баар адымда.
Қайран туған елім,- деп,
Кейін, жаным, нальма.
Көтер, Сексен, басынды,
Аш қабақ пен қасынды.
Менің атым Киікбай,
Келген жоқпын бекер жай.
Немере туыс тілді алмай
Болғаным ба сүмбырай?!
Мінгенде атың торы ма,
Киікбайдың соры ма?
Кеткенді ізден келмеспін

Жұа бітсін жолыңа!

Ат үстінде тұрған Сексен салбыраған басын көтермеген соң, Киікбай кейін оралып жүріп кетіпті. Орнында үнсіз тұрыпқалған Сексен әлден уақытта шошып оянғандай басын көтеріп жан-жағына қарап алды: “Кешті кейін бұрындар,” - депті. Содан әкесі Жабайдың өситеті орнына келіп, Тоқсан билік айтып, Сексен елге бас болыпты, - дейді аңыз.

Осы арада айта кетейік Сегіз Сері Баһрамұлының шежіресі бойынша Тоқсан бидің Танаш биден басталағын шежіресі былай таратылады.

Танаш биден-Тарышы. Тарышыдан-Шимойын. Шимойыннан-Достияр-Есмағұл-Жалбыр-Аққозы-Еменәлі-Сырлыбай-Ырыс-Қудияр-Алдай-Қараби-Жабай батыр-Тоқсан би.

Осы арада шежірелерде екі турлі айтылып жүрген Тоқсан бидің ағасы Сексен туралы айта кетейік. Ел арасында тараған екінші бір шежіреде Сексен Жабайдың туған баласы, Тоқсан бидің туған ағасы деп аталады. Ал, Сегіз Сері шежіресінде былайша таратылады:

Жабай батырдан-жеті бала: Ақжан, Бақжан, Тоқжан, Саржан, Мағжан, Отжан, Тоқсан би туады. Мағжан жырау жас жігіт кезінде ерте қайтыс болады, артында Сексен деген бала қалады, Жабай осы немересін бауырына салады да, кенже баласы есепті өсіреді. Еркелетіп өсіргесін тентек ерекше мінезді болып өседі.

Тоқсан биден-екі бала-Мұсәпір және Догалақ туады. Мұсәпірден Шөкібай туады, Шөкібайдан Байнак, Байнактан-Сердалы, Жаналы туады. Қазір Сердалы мен Жаналыдан тараған балалар Жамбыл ауданының Қарғаш аулында, Түмен облысының Ялутор ауданында тұрады.

Сексеннен-бес бала: Бектен, Бегей, Бекентай, Бегалы, Қәрібай туады. Бектен батырдан-Дәрібай, Қуандық. Қуандықтан-Ыбырай, Мұқыш, Қабиболла. Бекентай мырзадан-Қайнет, Зәйке, Байзолла, Тілеуқабыл. Қайнеттен-Бопаш,

Құрмаш. Байзолладан-Әбу туады. Сексеннен тараған үрпак Қызылжар қаласында, Жамбыл ауданының Талпын, Железное ауылдарында тұрады.

Ел аузындағы әңгімелерге қараганда Тоқсан биден тұған екі бала Мұсәпір мен Доғалақ өзіне тартпаған. Мұсәпір өте жуас болса, Доғалақ тентек мінезді, намысшыл, озбыр, үрдажық болады, сондықтан Тоқсан би:

Доғалақ болыс болды дегенше

Корыс болды десейші; - деп, өлең жолдарына қосып, өкініш білдіреді. Ел аузындағы әңгімелер “Доғалақ” деген есімі азан айтып қойғаны емес, доғал мінездіне орай халықтан алған есімі және артында үрпак қалмай, қарғыстан қайтыс болды дейді.

Тоқсан бидің екі баласының осындағы мінездерін растайтын бір әңгімеге тоқталайық.

Тоқсан би Мұсәпір атты баласына Есеней Естемесовтің немере қызы Қадишаға құда түседі. Есеней қалың малын алып құдалық жолын атқарса да, ерке өскен қызы басқа жігітте көnlі болып, жуас Мұсәпірді менсінбейді. Бірақ бата бұзудан қорқып, Мұсәпірді өзінен бездірудің жолдарын іздейді.

Мұсәпір інісі Доғалақ бастаған адамдарымен, сән-салтымен, жол-жөнімен қыз аулына үрын келсе, қыз алғаш келген болашақ күйеуіне Есенейдің кигіз үйлері үюлі жатса да шатыр тіккізеді. Намыстанған Доғалақ шатырлы үйге кірмей, үйді қылышпен шауып, шанырағын ортасына түсіреді де тарту-таралғысымен келген күйеу көшін кейін бұрып, өзі жанына екі-үш жолдас алып Есенейдің жылқысына шабады. Қалың мал үшін деп берген алпыс жылқысының орнына жүзден артық жылқысын айдал алып әкетеді. Кіносін мойындаған Есеней Доғалақтан кешірім сұрап, жылқыны қайтарып әкелуге баласы, қыздың тұған әкесі Сәлікті жібереді. Доғалақ қанша тентек болса да Есеней мен Тоқсан би сияқты киелі адамдардың баталарын бұзбайын деп кешірім жасайды. “Бірақ бұдан былай қыздарың, не өзде-

рің жағынан менсінбеушілік болса, менен жақсылық күтпендер!” - дейді Догалак. Ақыры Догалақтан қорыққан Есеней қызын тарту-таралғысымен Мұсәпірге ұзатқан екен.

Есеней Естемесұлы мен Тоқсан би – бір кезеңде өмір сүрген Керей руының ру басшылары, ел басқарушылары болған Солтүстік өңір қазақтарының ең беделді адамдары. Есеней Естемесовтың қоғамдық қызметі жайлы Сәбит Мұқанов, Ғабит Мұсіреповтердің шығармаларында жеткілікті жазылған деуге болады. Есенейдің өмірін жақсы билетін адамдар: “Есенейден Біжікеннен басқа қыз жоқ еді ғой, Тоқсан бидің баласына ұзатқан бұл қай қызы,” - деп, күдікtenуі де мүмкін, сондықтан бұрын баспа бетінде жазылмаған Есенейдің отбасысы жайлы айтайық.

Есеней үш әйел алған кісі екен. Оның бірінші әйелі Файнижамал жеңгесі екен, он жеті жасында әменгерлік жолымен алышты. Файнижамал Құдайберді Атығайдың атасынан шыққан Байтоқа Жолдыбайұлы деген шонжардың қызы екен. Кейін Файнижамал қайтыс болған соң, Зілғара, Шопан Байтоқа ұлдары аласының орнына кіші қарындасы Қанікейді Есенейге ұзатыпты. Қанікейді үлкен аға-жеңгесі: Зілғара мен Бишай өз қамқорына алыш, өздері тәрбиелеп өсіріпті. Сол себепті Қаныкей Зілғараның бір жағынан қарындасы, бір жағынан түңгыш қызы есепті болышты.

Есенейдің Файнижамалдан туған балалары да, Қаныкейден туған ұл-қыздары да жастай сәби кездерінде шетінеп кете берген соң, Естемесұлы Мырза екінші қайынағасы Шопаниң үшінші баласы Сәлікті бауырына салып, бала етіп алышты. Сәліктен Жұсіп атты үл, Қадиша атты қыз туады. Тоқсан бидің Мұсәпір атты баласына ұзаттырып отырганы осы - Қадиша. Осы арада бір ескертे кететін мәселе былай: Есеней Сәліктен туған немересі Жұсіпке Уақ еліндегі бір байдың қызын аттастырып әперіпті. Сәлікті бөлек отау қылыш шығарып, өзі Жұсіппен бірге тұрыпты.

Есенейдің үшінші әйелі Фабит Мұсіреповтың "Ұлпан" атты шығармасынан таныс - Ұлпан Артықбайқызы (1826-1902). Ұлпаннан туған Біжкен атты қызы Есеней қайтыс болғанинан кейін Торсан Тілемісұлына тұрмысқа шығып жастай дүниеден өткен.

Киікбай мен Тоқсан

Атақты Киікбай шешен Тоқсанның әділ өткір би-шешен болатынын жас кезінен-ақ болжаған және оған үлкен үміт артқан. Тоқсанның шынында да жас кезінен-ақ билікпен атағы шыға бастайды. Сондықтан ол сонау Семейге үш жүздің тәуірлері бас қосқан жесір дауына шақырылады. Ұлы жиында ақсақалдар мен жақсылардың, атақты билердің тойында бірінші рет сарапқа түскелі тұрған жас Тоқсан Киікбай шешен атасынан ақыл сұрауға, әрі бата алуға келеді. Аттарынан түскен Тоқсан мен жолдасы Киікбайға сәлем беріп, келген шаруасын айтқанда, Киікбай:

-Кедейлік пен кәрілік
Адамның жөнін басқалар
Уа, Тоқсанжан, Тоқсанжан,
Бұл бір күнім тоқталған.
Үй артына жау келді
Сұр жебесі оқталған.
Жалғыз жігіт би болмас,
Жалғыз ағаш үй болмас.
Шын жүректе күй болмас.
Қас жақсының белгісі-
Жауға түссе күйзелмес.
Ардақты отан Қара би
Үш жүзге мәлім дара би.
Жабай әкең тағы би
Күміс көмей, жez таңдай
Қаусырып тұрған жағы би.

Сарабында үш жұздің
Аруағы қонып атаңың
Сен болғайсың сана би, - деп толғапты да,
сөл бөгеліп барып, әрі қарай былай деп жалғастырып:
-Жолбарысша бақырма,
Бұрқылдама бураша,
Айғырша арқырама,
Қошқарша пысылдама,
Текеше бақылдама
Айтқан сөзің құрған қақпандаій болсын,
Суықтығың ақпандаій болсын.
Қанды ауызға түскениң қанын шығар.
Әділетсіздің жанын шығар.
Күле сейлеп күніренбе-
Сөзің заяға кетер.
Зейінділікпен айтқан сөзің,
Зерделінің санасына жетер.
Уа, Тоқсанжан, Тоқсанжан,
Осыны бір есіңе ал.
Үш жұздің дауы бар,
Саған деген жауы бар.
Уа, Тоқсанжан, Тоқсанжан,
Мынау тұрған біздің үй.
Айтам саған жай мен күй.
Өзім кәрі, бала жас.
Дәulet біткен болар мас.
Қайтарында келе кет,
Атаңа сауға бере кет, - деп батасын
беріпти.

Тоқсан би Семейден сол ұлы жиындағы дауда нелер саңлақтарды сүріндіріп, сөзден тоқтатып төбе билікке ие болып, жүйрік атанып, олжалы болып, ай жүріп оралып қайтар жолда Киікбай атасының ауылына соғады. Ол жай келмейді қарт атасына арнап соғымына бір бесті ат, бір құнан қой, он бес тенге ақша, бір қырмызы шапан өкеле жатады. Ауылға таянса, Киікбай

жарты лашығының кереге көзінен жолға қарап күтіп отыр екен. Аттан түсіп сәлем берген Тоқсанға Киікбай:

-Тоқсанжаным, келдің бе,
Жүйрік аттай желдің бе?
Үш жұздің дауын бітіріп,
Олжалы болып жеттің бе? - депті.

Сонда Тоқсан:

-Киікбай атам, қайдасың?
Қызыл тілім сайрасын.
Қырмызы шапан, бесті ат бар
Бір құнан қой және бар,
Босағана байлансын - дегенде Киікбай іліп әкетіп:
Кең қолтық Қерей баласы,
Ішінде жоқ аласы.
Қол жайып бата бергесін,
Қолдаған екен бабасы.
Қабыл болған батама,
Ризамын ата-анаңа, - депті.

Бұл оқиға Тоқсан бидің жүргегінің кендерін, көңілінің дарқандығын, үлкенді сыйлайтындығын көрсетпей меге?!

Тоқсан би жасынан ел аралап, игі жақсылармен жүздесіп, олардың ғақлия сөздерін тыңдал, өзі де билік айтып, сөзсайыста сынға түсіп, сөз өнеріне ерте тәрбие-ленген. Алғашында әкесі Жабай бидің қасында жүріп шешендік өнерді, билік құруды үйренген. Кейін Киікбай, Қалқаман билермен, Нұрым тәремен кездесіп солардың үлгі-өнегесін, тәлімін алған. Үлкендердің берген батасы дарып, сөз машығының майталман жүйрігіне айналған.

Құрымсы би мен Тоқсан бидің кездесулері

Тоқсан би жастау кезінде Құрымсы шешенді сырты-

нан естіп, өзін көріп әңгімесін тыңдауға құмартады. Бір жолы бір топ жігіттермен тойдан келе жатып, жолда Құрымсы ауылына соғады. Ауылға кіре бере бір жұпнылау адамға жолығады.

- Құрымсы билің үйі қайсы? - деп сұрайды әлгіден.
- Ол кісіні бұрын танушы ма едіңдер?
- Сыртынан естуші ек, өзін көрген емеспіз.
- Құрымсыда не шаруаларың бар еді?
- Не шаруа болушы еді, әңгімесін тыңдайық деп ек.
- Анау шеткегі тұрған қараша үй, өзі үйінде жоқ шығар. Ол үйіне келгенше сендер анау байдың ақ боз үйіне түсіл, аттарыңды отқа қойып, өздерің етке тоғып, кешке қарай баарсыңдар, - деп, сілтеп жібереді. Кешке жолаушылар өлгі айтқан қараша үйге барса, бағанағы жолда жолыққан жұпның кедей тағы алдынан шығыпты.
- Құрымсының үйі осы ма?
- Иә, осы, - дейді Құрымсы.
- Өзі үйінде ме?
- Иә, мына алдарында тұрған Құрымсы мен боламын.
- Япырай, сенейік пе, сенбейік пе."Жақсының өзін көр де, үйін көрме, бәйтеректің басын көр де, түбін көрме" дегендей болды - ау. Жолаушылар ыңғайсыздана бастайды. Сонда Құрымсы:

- Үялмандар, үйге кіріндер, сыйғаның үйге, сыймағаның сыртта отыра беріндер дейді. Құрымсы оларды айран-шалаппен сузындыты. Сонда Тоқсан би:

Қайран айран,
Айырылып майдан
Келдің қайдан? - деп айранды сіміріп салынты.

Құрымсы оның сөзін жалғап:

Тоқсан би келеді дегенді
Құрымсы білсін қайдан?
Сендер отыра беріндер,
Мен бір қой сұрап
Келейін байдан, - деп тұра бергенде Тоқсан би:

Алла риза болсын керегі жоқ, әңгіме айтыңыз бізге, - деп, сөзге тартыпты. Құрмысы көсіле сейлеп, би-шешен, хандар сөзін тізбектеп, арасына мақал-мәтелдерді қосып кеп әңгіме айтыпты.

Бұл оқиғадан бір жағынан Тоқсан бидің жасынан білгіш шешен-білерден үлгі-өнеге алуға, олардың әңгімесін тыңдап, шешендіктің қыр-сырларын үйренуге тырысқанын байқасақ, екінші жағынан, екі бидің де халықтан шыққан қарапайым, әділ, асыл сөзге шебер екенін көреміз.

Халықтың жадында осы екі бидің тағы бір кездескені қалған:

Абылай ханның немересі, Уалиханның баласы Шыңғыс Құсмұрын дуанында аға сұлтан болып тұрғанда, онымен аға сұлтандыққа таласқан Керей, Уақтың атақты байы Есеней Естемесұлымен екеуінің арасында үлкен ерегіс басталады. Ен дәүлеті шалқып тұрған Есеней Керей, Уақты ііріп жусатып, ашса ала-қанында, жұмса жұдырығында ұстады. Өзі де жан біткеннің ірісі, батыр тұлғалы жан екен. Абылай ордасын шабамын деп ерегіске көшкен Есеней: бүкіл Керей, Уақтың атқа мінер жігіттері бірі қалмай атқа мінсін, деп, аттанар күнінде өзім хабарлармын, деп бәріне хабар жеткізеді. “Абылай ордасы шабылтала жатыр” деген суық хабар алдымен Атығай, Қарауылта, қала берді бүкіл үш жүзге түгел естіледі. Суық хабарға алдымен алаңдаған Атығай, Қарауыл елдері, соның ішінде Атығайдың Андағұл бұтағынан тарайтын атақты биі, қызыл тілдің шешені Құрымсы Табынбайұлы бас болып бір топ адам жолға шығады.

Ол кезде Есенейдің сөзге тоқтар, тілін алар Керей-Уақтағы атақты биі-Тоқсан би еді. Құрымсы осы Тоқсанның үйіне түсіп, келесі күні келген шаруасын айтады:

- Кешегі өткен атаң Қара би Абылайды хан сайларда ақ кигізге отырғызған төрт бидің бірі еді. Сол Абылайдың ақ ордасы бүгін шабылғалы тұр, сен қалай шыдап отырсың? - депті. Құрымсы мен Тоқсан би

талай дау-дамайда сан кездескен, бірін-бірі қатты сыйлайтын қадірлес билер еken. Және екеуі құрдас еken. Сонда Тоқсан би түрып:

- Құрдас-ау, сен босқа қызылмай бол жұрсің. Абылай ордасы шабылмасын десен, Уәлидің аға сұлтан баласы Шыңғысты Құсмұрыннан кетіріп, Қекшетау дуанына аға сұлтан қойғыз. Құсмұрынға аға сұлтандыққа кімді қоярын Керей, Уақтың өздері шешеді. Сонда мен Керей-Уақтың қалың қолын тоқтатмын. Есенейді айтқаныма көндіремін, - дейді.

Ақыры солай болады да, Шыңғыс Құсмұрыннан кетіп Қекшетау дуанына аға сұлтан болады. Ал Құсмұрын дуанына аға сұлтан болып Есеней сайланады. Бұл оқиға Сәбит Мұқановтың "Аққан жүлдyz" романында толық баяндалған.

Тоқсан бидің парасаттылығы мен адалдығы

Тоқсан би ақылды, парасатты, алдын болжай билетін әрі әділ адам болған. Керей-Уақ, Атығай-Қарауыл елдерінде ете қадірлі, беделді болған. Керейлер біздің Тоқсан би десе, Қарауылдың қариялары "Е, біздің Тоқсан би ғой" деген. Төрт рулы елде Тоқсан келмей сөз басталмайды, ас тартылмайды еken. Тоқсанның шешендігі, тапқырлығы, әділдігі осы елдің бәрін де риза қылған.

Оз қатарынан өнерін асырып, жүлдегер жүйрік сана-тына кірген Тоқсан би дәурір шындығын ақтарып, заманның ұнамсыз сиқын батыл сынаған, жақсы-жаманды әділ безбендеген, ел өмірі, қоныс құты сияқты мәселелерді дұрыс көтерген. Оз руын басқару ісіне жастай араласып, өмір құрылышы мен дүние зандылықтарын, өлеуметтік жағдайды, адам тіршілігін, қоғамның мак-сат-мұддесін талдап түсіне білген. Ол өз ойларын тұжырымдан толғампаз ақын-жырауларға тән әдетпен сұы-

рып салып тақпактап айтып отырған. Әрине, бір-біріне үқсас ойлар, толғамдар сол дәуірдің ақын-жырауларына, би-шешендеріне ортақ сияқты көрінуі де мүмкін. Бұл ретте Тоқсан сөздері де ел ішінде өзгеріске ұшырамады деу қыын. Алайда жер-жерде "Тоқсан сөзі" деген сипат алған шығармалар, нақыл сөздер оның көптеген шығармаларының барынша толық сақталғанын да аңғартады. Сейтіп, олардың негізінен оншалықты өзгеріске ұшырамағаны байқалады.

Тоқсан бидің қоғамдық қызмет атқарған, билік құрған кезеңі патшалық Ресейдің қазақ даласын, оның ішінде осы Солтүстік-Теріскей өңірді отарлауына дәп келеді. Бұл кезде "Қасірет белдеуін" ("Горькая ли-ния") құрған орыс отаршылары басып алған жерлердің аумағын кеңейтіп, әсіреке Керей руы қоныстанған шұрайлы қоныстарды иеленіп алған еді. Мұның өзі қазақ халқының заңды наразылышын тұгызып, Марал ишан Құрманұлы "Фазауат" соғысын бастағанда Тоқсан би оған дем берушінің бірі болған.

Патшалық Ресей 1822 жылдан бастап хандық құрылышты жою үшін Орта жүз қазақтарын басқару жөнінде ереже шығарғанға дейін Тоқсан би Солтүстік-Батыс қазақтарының тәбе биі болса, 1830 жылы Аманқарағай дуаны құрылғанда Еменалы Керей болысының билігін қолына алған. Бұл дерек Омбы мұрағатында (архивінде) бар: З-ші қор, 12-тізім, 17681-ші істе жазылған. Бұдан соң Тобыл губерниясы қазақтарының тәбе биі болған тұсында есімі барша қазақ даласына тарайды. Оның осы даңқын Сегіз Сері былайша жырлайды:

Ер Сырымдай халықтың көсемі бол,
Тоқсан бидей үш жүздің шешені бол!

Сол 1822 жылдан басталған лаңнан кейін "Қараша хан тұсында, Тұрымтай би тұсында" болып, қазақтың кейбір бетке үстар би, төре-сұлтандарының арасында патшаның сойылышы соққандар аз болған жоқ. Бірақ Тоқсан би бұл тірлікпен адал да асқақ есімін былға-

мады. Ол орыс отаршыларына қарсылықты ашық жасаған. Оның екі сезінің бірі осы мазмұнда, отаршыларға қарсы айтылған, біраз кітаптарда шыққан. Алайда кейінректе бұл жырлар мен сөздердің саясатқа байланысты тұстары алынып тасталған, шешендік сөздер туралы жинақтарға да енгізілмеген. Тек ел аузында "Тоқсан би солай деген" сияқты деректермен сақталып қалған.

Сол кезде қазақтың кейбір бетке үстар деген азаматтары азаттық үшін құрескен Кенесарыны қолдамай, орыспен ауыз жаласып кеткені де рас. Бұған атақты жыршы, ақын Доскей Әлімбаевтың "Кенесары" дастанындағы мына жолдар айғақ:

"... Наград берем деген соң,
Қыпшақтан кетті Ыбырай,
Советник бол Тұрлыбек,
О да кетті сұмырай.
Бәсентиін Мәсеке-
Шыдан тұрсын ол қалай?
Қаз дауысты Қазыбектің
Аруағын аттаң, сыйламай,
Ауылынан кетті Шалғынбай.
Жемсауы кеуіп параға
Тобықтының елінен
Суырыла шықты Құнанбай.
Құдайменде қалған жоқ,
Коңыр төре қалған жоқ.
Найманнан шыққан Ерден де
Алды-артына қарамай,
Ол да кетті жарамай,
Параны жақын жағалай".

("Хан Кене", Алматы, 1993ж. 199-бет)

Мұндай билер туралы Мағжан Жұмабаев "Оқ жетпестің қиясында" атты дастанында былай деген:

"Шормандай шолтандаған шолақ билер
Орыстың шекпеніне елін сатқан..."

Керісінше, айбыңды Тоқсан би Кенесары жорығын жақтаған, орыс отарлауына ашық қарсылық көрсеткен, патшаға ашық қызмет қылған жарамсақтарды жақтырмаған. Сондай әңгіменің бірі атақты Есеней Естемес ұлына байланысты айтылады. Тоқсан онымен “Орыстың қолтығына кірдің, патшаға қызмет еттің!”- деп араздастып кеткен екен. Оның Батыс Сібір қазақтарының шорасы (аймақ билеуші, кіші хан сияқты қызмет) болған кезінде. Тоқсан өзінің туған ұлы Доғалақты да патшаға қызмет атқарғаны үшін айыптаған. Бұл жөнінде ел аузында бидің мынадай сөзі қалыпты:

Доғалақ болыс болды дегенші-
Орыс болды десейші.
Фаріп пепен ғасірге
Қорыс болды десейші.
Аққа-қара, теріске-
Дұрыс болды десейші.
Елінен безген босқынга
Қоныс болды десейші...

“Тура биде туған жоқ, туғанды биде иман жоқ” дегенді Тоқсан қатты ұстанған екен. Шындық, әділет жолында ол қара қылды қақ жара білген.

Сексенниң орыс отаршыларымен құресі

Бидің туысы Сексен де орыс отаршыларына өлердей қарсы болған, қол бастап, халқынан “Батыр” атағын алған адам. Орыс әскерлерімен үнемі соғысып, жазалаушы отряд тұрған Пресновка станицасына шабуыл жасап, адамдарын өлтіріп те кеткен кездері де болған. Сексен жорықтарынан зәрезап болған орыс казактары оны ашық майданда жеңе алмағасын амалын тауып, у бергізіп өлтіреді. Ел аузындағы әңгімелерге қарағанда, Сексен батырдың қазасын естіген станицалықтар үш күн ұдайы тойлаған дейді.

Сексен батыр қазіргі Благовещенканың (Жекекөлдің) түстігіндегі "Бейіт-ағаш" аталатын жерге жерленіпті. 1995 жылы туыстары, "Мен қазақпын" деген ағайындар марқұм батырдың басына ескерткіш орнатып ас берді.

Тоқсан мен Сексенге қараған жерлер қазіргі Жамбыл ауданының Жекекөл, Қарағаш, Амангелді, Талпын, Жамбыл ауыл-селолары қоныстанған мекендер. Қазір де осы ауылдарда Жабай батыр бабаларының үрпақтары тұрады. Аталарының қорымы да осы жерлерде.

Осы жерлерді иемдену туралы төмендегідей аныз бар.

Қытайлардың шабулынан жасқанған Жабай батыр елін Семей жерінен осы жерге көшірмек болады. Елді көшірмес бұрын көшіл келетін жерге белгі қалдырады. Қалайыдан бақыраш құйғызады да, оны төртке бөліп, көшіп келетін жердің төрт бұрышына тыққызып, балалары Сексен мен Тоқсанға өсіет қылады. Жабай батыр дүние салғаннан кейін елі көшіп келсе, белгіленген жерге Қанжығалы руына қарасты ел қоныстанып алған екен. Екі ру арасында талас болып, жекпе-жек ұрыста Сексен Қанжығалының батырын өлтіреді. Ақыры Жабай батырдың төртке бөлген бақырашын қосып, билердің шешімімен жерді Алдай еліне қайтарған екен.

Сексениң ел басқаруы мен патша өкіметінің облысмыздың қазіргі Жамбыл ауданы жерін отарлау кезеңі бірге келеді. "Аңы шенбер" бойына салынған Пресногорьков, Преснов бекіністеріне орналасқан жазалаушы отрядтар Керей руының Нұрымбет, Нұралы (Біржан салдың аталары) ауылдарын ата қоныстарынан айырса, таузар көшебесі (Сегіз Серінің туыстары) елін Пресновка станицасы жерінен ығыстырады. Әрине, бұл жергілікті халықтың наразылышын тудырмай қойған жоқ. Көп жыл бойы патша отаршыларына қарсы соғысқан Марал ишан көтерілісі басталды.

Қазіргі Жамбыл ауданының орталығы-Пресновка сол кездегі патша жазалаушы отрядінің командирі капитан

Пресновскийдің атымен аталған. Пресновканың қазақша аты - Кіпітан осы "капитан" деген сөзден алғынған.

Капитан Пресновский Сексен мен Тоқсанның елі – Жерейдің Алдай елін де өз жерінен құмақ болған. Бірақ қол ұстаган Сексен елін жауға бермей, Пресновка станицасының өзіне шабуыл жасап, адамдарын өлтіріп кетіп отырған. Станица орталықтан әскер алдырып күзетпен отырған деседі. Өз руын ғана емес; Сексен осы төнірек-тегі елді түгел қорғаған. Станица басшылары Сексені өте қауіпті адам деп жоғары орындарға өтініш жазған. Ел аузындағы аныз бойынша Пресновскийді Сексеннің өзі өлтірген. Соңынан Сексеннің өзі де станица адамдарының қолынан опат болады. Сексеннің түсіп жүретін үй иесін сатып алып, у бергізеді. Сексеннің өлгенін естіген станица (Пресновка) халқы үші күн тойлаған дейді. Сексен Благовещенка (Жекекөл) селосының онтүстік жағындағы “Бейіт көл”, “Бейіт ағаш” деп аталатын жерге жерленген. Өшіккен станица адамдары денесін мазақ қылмасын деп, зиратының үстіне қойдың жұнін балшыққа илең, оба жасатады туыстары.

Енді Сексен туралы шежіреге келейік. Жоғарыда айтылған Жабай батырдан Сексен, Тоқсан би, Мыңжасар туады. Осы үшеуінің үрім-бұтақтары негізінен Жамбыл ауданының Талпын, Қарағаш, Суаткөл, Жекекөл ауылдарында тұрады.

Сексеннен-Бегей, Бектен, Бекентай, Бегалы, Қазан, Қерібай туады. Сексеннен тараған үрпақ негізінен Талпын ауылдарында тұрады. Қазір көзі тірі төртінші-бесінші үрпақтары бар. Айта кетер бір жәйт, Сексеннің кісесі қазір Қызылжыр қаласында тұратын төртінші үрпағы Мәлгаждар қарттың үйінде сактаулы.

Сексеннің төртінші үрпағы Мәлгаждар қарттың айтуынша, Сексеннің кейбір қару жараптары: ер-тұрманы, жорық белбеу, кісесі (белбеуге бекіткен күміспен әшекейлекен былғары қалта), наркескен (сом болаттан соғылған екі жүзді тұзу қылыш), сұңғі (бірнеше қырлы,

ұшы өткір, болаттан жасалған ағаш сапты қару), шоқ-пар (бір басы жұмыр келген және оған қорғасын құйылған ағаштан жасалған қару) 1928 жылға дейін сақталады.

1928 жылды Сексеннің немересі Қайнетті, Зейнолланы, шебересі Ұбырайды тағы басқа Сексеннің бетке үстар үрпақтарының үстінен көрші ауылдың көре алмаған бір адамы Алматыға бір кездерде патшаға қарсы қару алып құрескен адамның нәсілдері Сексеннің сондағы қаруларын үйлерінде әлі сақтап отыр, өздері елді қанаған атақты байлар деп жазып жібереді. Осыдан қорықкан Сексеннің туыстары жоғарыда аталған барлық қаруларды тығады, бірақ кейін таба алмай қалады. Тек, Сексеннің белбеуі мен кісесі шебересі Қуандықтың шаңырағында сақталып қалады. Содан Қуандықтың екі баласы киелі зат ретінде үйлерінде сақтау үшін Ұбырай кісесін, Әубекір белбеуін алады. Қазір атадан қалған мұра ретінде Ұбырай үйіндегі кісе Қызылжар қаласында тұратын Мәлгаждар үйінде, Әубекірдің үйінде қалған белбеу Петерфельд қаласында тұратын Қайрат Мыңжасаровтың үйінде сақтаулы. Ол былай болған. Ұбырайдан Алтын, Сара атты екі қыз туады. Алтын Самай руының Мырзатай деген азаматына тұрмысқа шығады. Мырзатайдың шежіресі была таратылады: Самай-Жанбура; Жанбураның бірінші баласы Құттымбет-тен-Тұмен; Тұменнен-Нуржан, Айжарқын, Байжарқын; Айжарқыннан-Есілбай, Ертісбай, Мыңжасар, Елубай; Мыңжасардан Сұраған; Сұрағаннан-Мырзатай, Еслам, Сабыр, Бәжен; Мырзатайдан-Қайрат, Қизат, Дәulet; Қайраттан-Сұннэт.

Мырзатай мен Алтынның отбасында көпке дейін бала болмайды. Мырзатай қайнағасы Әубекірден киелі деп саналатын Сексеннің белбеуін қалап әкеліп үйіне іліп қояды. Бұдан кейін тілектері қабыл болып, отбасына Қайрат, Қизат, Дәulet атты үш ер бала дүниеге келеді.

Белбеу содан бері атадан қалған қасиетті, киелі зат

ретінде осы үйде сақтаулы тұр.

Орайы келгенде айта кетейік, жоғарыда аталған Сексенниң немерелері мен шөберелерін көрсетінді бойынша Сексенниң ұрпағы (қаруын сақтаған) болғаны және Тәңкеріске дейін бай-болыс болғаны үшін тәркілеп, жер аударады. 1917 жылы туған Мәлгаждар қарт оңтустік жаққа жер аударғанда бірге болып, көп нәрсені есте сақтап қалған екен. "Сексенниң Бекентай баласынан туған немересі Қайнетті", - дейді Мәлгаждар қарт, - үкімет тәркілеп жер аударуға үкім шыгарса да халық қарсы болып, үкімді бұзғызыған екен. Өйткені табиғатында өте дарынды болып туған Қайнет халыққа өте қайрымды болыпты. Бүкіл қазақ еліне аты шыққан ірі сауда адамы болыпты. Көлік жетер жерде Қайнет бармаған базар болмаған дейді. Сонда саудадан түскен табысының бір болігін елдің нашар тұратын адамдарына бөліп береді екен. Міне, осындай қайрымды адамын халық жер аударудан алыш қалады.

II. ТОҚСАН БИДІҢ АЙТҚАН СӨЗДЕРІ, БИЛІК ШЕШІМДЕРІ.

Жалпы қазақ арасында билер шешендерден ардақтырақ болған. Шешендер өз дарыны бойынша ақындыққа, сұрып салма жырға жақын тұрады. Сондықтан да оларды “от ауызды, орақ тілді” деп дәріптегенде тура биліктен гөрі, тіл шеберлігін марапаттайды. Ал, билерде әрі шешендік, әрі билік, қазылық қасиет қатар дарыған. Бұл ретте-қазақ даласында-сөз құдыреті айрықша асыл сипатқа ие болып, “аталы сөзге арсыздан басқаның бәрі тоқтаған” кезде билік айтқандар сөз мәйегін түптен тартқан шешен болған. Міне, Тоқсан би осындай өнердің адамы.

1. Нұрым төреге айтқаны.

Тоқсан өз заманында ел басшылары, тарихта белгілі орны бар Құнанбай, Қыпшақ Ізбасты би, Нұрым төре, Қалқаман билермен... кездескен. Осы танымал адамдарды кейде сынап, кейде дәріппел отырған. Мысалы, Нұрым төре ел аралап жүргенде Тоқсаннан бір-екі ауыз сөз сұрайды. Сонда Тоқсан:

Біреудің біреу бағын көп көреді,
Біреуді біреу алдап жеп келеді.
Кебіреуге бес күндік бақыт қонса,
Мен жаратқан тәнірімін деп келеді.
Тоз болып иілгеннен сынған артық,
Басқа келген пәлледен тынған артық.
Алтын таққа жаманмен отырғанша,
Жақсымен бірге отырған зындан артық,-дейді.

Шешеннің ойы мен пікірі заманың өзгермелігін сипаттайды. Өз заманындағы пасық, сүм-сүркия, еріншек-жалқау кейбір ел басшыларының парақорлығы мен тұрақсыздығын аяусыз сынайды.

Тоқсан бидің Изгүтты бимен айтысы.

Тоқсан би денесі шағын ғана, бойы кішкентай адам екен. Бірақ өте сәнді киініп жүруді ұнатыпты. Үстіне жиегі мен етектері оқаланған, қызыл барқыт шапан, шалбар, басына үкілеген айыр қалпақ, аяғына қисық табан былғары етік киіп, белін бұхарлық жібек белб-еумен буып жүреді екен.

Бірде қазіргі Қостанай облысының Аманқарағай деңген елді мекенінде үлкен барымта дауын шешуге Қерей, Уақ, Арғынның билері мен шешендері түгел шақырылышты. Жердің шалғайлышынан Тоқсан би бас қосуға бірер күн кешігіп келеді. Басқа билердің: “Дауды Тоқсансыз-ақ шеше берейік” дегендеріне ел жақсылары көнбейді. Сонымен келесі күні тұс кезінде қос атпен Тоқсан би де келіп қалады. Алты қанатты ақ үйге “Ассалаумагалейкумін” айтып, кіріп келген Тоқсан биді бұрын көрмеген Арғынның Изгүтты би:

- “Тоқсан, Тоқсан” деп жер-кокке сиғызбай мақтаған билеріңің түрі мынау ма?! Томағадай бірдеңе ғой мынауың... - деп, теріс қарап Тоқсанның берген сәлемін де алмапты.

(Ізгүтты би денесі зор, киіз үйдің есігінен әзер кіретін ірі денелі адам болса керек).

Сонда Тоқсан би:

- Томаға тоғыз жұмыртқалайды. Біреуі ғана бұлбұл болады. Кесіртке сегіз жұмыртқалайды. Біреуі ғана бүйі болады. Томаға болсам-бұлбұл шығармын. Кесіртке болсам-бүйісі шығармын. Ал, денесі ірі ешкілер егіз, ит сегіз, шошқа-тоғыз табады. Сен қайсысына жатасың? “Малдың үлкені-соғым, адамның үлкені-богым” - деген екен.

Не керек аталмыш дауды Тоқсан би бір ауыз сөзбен шешіп, сый-сыйяпатын алып еліне оралышты.

Тоқсан бидің білімділігі.

Тоқсан өмір заңдылықтарынан дұрыс қорытынды шығарып, басқаларға сабак сияқты үйретеді. Пәлен жерде оқыды дейтін дәлеліміз болмаса да бидің есепсіз сөз айтпайтыны, халық даналығын дәл, әрі орынды қолданатындығы кімді де болса оның аса білімді екенін мойын-датады. Оның мына бір сөздерін алыш қарайықшы:

Бұлбұлдан шешен құс жок,
Бармақтай-ақ қарасы.
Оқтан жылдам ажал жок,
Тырнақтай-ақ жарасы.
Көңілің қалса жақыннан,
Алыстығын айтайын-
Жер мен көктей арасы.

Қалай тауып айтқан сөздер, және үйқастары қандай! Бидің тап осы сөздерінен иненің жасуындағы ақау, ауытқу табу қыын. Әсіресе туыстық-татулық, ағайыншылық-адамшылық мәселесіне соншама білгірлікпен тоқтап, бірегей сипат беруі қазақ даласының қай бұрышына да қалтқысыз қағида, заңды ереже іспетті. Көбіне-көп шешен-бillerдің айтар түйінді тағылымы соңғы жолдарда болады. Міне, осы жырда да Тоқсан бастапқы жолдарды кіріспе ретінде қосып, кейінгі түйінді үш жолды ағайын ара-қатынасын, сыйластықты, жарасым табуды меңзейді.

Нұрым төреге тағы бір айтқаны.

Сондай-ақ, Тоқсан адамдардың дүниеқоңыздылығын, теріс ниет, ұстамсыз әрекеттерін орынды көрсете білген. Ол тұра сөз айтарында тәре, сұлтандарға да дес бермей, айтарын жасырып қалмаган. Мысалы, Нұрым төреге:

Сен секілді төрелер-
Суда жүзген балық қой.
Судан суырып тастаса,

Өкпесі соғуы анық қой!-
дегенде бай дәuletінен тасып төгілген төрөні судағы
балыққа теңей отырып, сол жиған-тергенің біткен күні
тынысың тарылыш басыңдан бақ-дәuletінің ұшуды бір-
ақ сәт емес пе деп отыр.

Iзбасты биді жеңуі.

Бір жылы Арқадағы екі ауыл арасында жанжал шығып, мұның ақыры мүлдем ұшығып кетеді. Тоқсаның Дағалақ деген жалғыз ұлы қаза табады. Баласының құнын сұрауга Тоқсан өзі барады. Бұларды үйінде қарсы алған Избасты би құныкерлердің бетін қайтару үшін Тоқсанға:

- Құлағы жоқ шұнақ би, құйрығы жоқ шолақ би,
екі рулы елді араздастыруға келдің бе? – дейді.

Сонда Тоқсан би:
-Құлағым жоқ болса,
Сүңқар шығармын.
Құйрығым келте болса,
Тұлпар шығармын.
Уа, ешкі егіз табады,
Ит сегіз табады,
Доңыз тоғыз табады.
Сен тоғызыңмен толған скенсің,
Әбден қырсық болған екенсің.
Сенің тоғызыңды аламын десе,
Тағдырдың шамасы жоқ па?
Маган перзент берейін десе,
Баласы жоқ па? - деп жауап береді.

Шынында, Избасты бидің тоғыз ұлы бар екен дейді.
Ол Тоқсанға қисынсыз тиіскенін біліп, айыбын мойн-
ына алады. Өршігелі тұрган дау бейбітшілікпен
тынады.

Мұса байға айтқаны.

Ертеректе Мұса деген бай кез-келгеннің малын айдағала беріпті. Оның ішінде кемтар, жарлы-жоқыбайлардың да малы болыпты. Бірақ оларға тендік бермепті. Бір күні кедейлер бас қосып, Тоқсан деген шешенге барып, Мұсадан көрген зәбірін баяндайды. Қартайып отырған Тоқсан жарлылардың ақысын алып беру үшін Мұсаға келіпті. Сонда Мұса Тоқсанды мысқылдаған кекетіп былай депті:

-Сыртыңыздан қанық едік,
Атыңызға танық едік.
Шақшаның тығынындай,
Құлықтың құлынындай,
Бойың бозша торғайдай,
Кейіпің тырбиған өрмекшідей,
Адамғана екенсің ғой.

Мұны естіген Тоқсан іркілместен былай деп жауап беріпті:

-Шақшаның тығынындай болсам,
Насыбай адамға ақыл салады.
Саған ақыл салмасымды қайдан білдін?
Құлықтың құлынындай болсам,
Құлықтан тұлпар туады.
Сенімен жарыссам, озбасымды қайдан білдін?
Бозторғай сегіз туады,
Біреуі бұлбұл туады.
Бұлбұл болып сайрамасымды қайдан білдін?
Өрмекші тоғыз туады,
Біреуі бүйі болады.
Бүйі болып сені шақпасымды қайдан білдін?
Ақылды елдің қамын жейді,
Ақылсыз тұғанын күндейді
«Халықтың қадірін білмеген қарақышы,
Жарлылардың ақысын жеген арам ба едің-деп

Әйгілеп айдар тағып, ат қоймасымды қайдан
білдің?!

- "Адамның зоры-тоғын, жылқының зоры-соғым"- де-
гендей, ердің еріне, сөздің шеріне әлі кездеспей жүрген
дарақы екенмін. Ердің ері, сөздің шері екенсіз, менде
ақысы кеткен жарлылардың малын алыш бердіңіз. Өзі-
ме де обал жоқ, енді еркім өзіңізде,- деп Мұса жерді
шұқи беріпті.

Сонда Тоқсан шешен ойланбастан:

-Ой, Мұса!

Жақсы болып, залым болсан

Залымдық бұрын аталар.

Жақсы болып, әділ болсан,

Мінінді сенің кім табар?!

Жамандық тіпті тілемеймін,

Мінінді таптым деп мінемеймін

Адамның бәрін бірдей көр, - деп тоқтау

айтыпты.

Содан былай Мұсадан тыныштық көрген ел Тоқсан
шешенге алғысын жаудырып өткен екен.

Тоқсан би мен Құрымсы би.

Тоқсан бидің құрбы-құрдастарынан қатынасын үзбеу,
балалық шағынан бергі тұрақты әдеті болған. Оларды
бір туған бауырынан кем көрмеген. Лауазымы зорайтып
Тоқсан би атанған шағында да, құрбыларымен қауы-
шып көріскенін зорғанибет, жан рахаты, ләzzат көреді
екен.

Ел ағасы-биеке атанған кезінде де, достарын аралап,
тұрмыс, жағдайларымен танысып, жетімсіздіктерін
жәрдемдесіп, ең болмаса жанашырлық адаптациялық
айтатын болған. Алайда көп досының ішінен ерекше
жақын көретіні-Құрымсы дейтін құрдасы болған. Оның
 себебі: Құрымсы ешкімге есесін жібермейтін, тауып-

сөйлейтін шешен адам. Кедей болса да кемімейтін көңілі бай кісі. Замандастарының кемшілік, кінәларын әділ сынайтын турашыл. Сондықтан ол халыққа жағымды. Ұсақ дауларды тындыруға шебер. Сурып салып айтатын ақындығы да бар. Мысалы, бір құрбысының зайыбына “Мінездеме” деген өлеңінде:

От жақса, үйдің ішін тұмандатқан,
Домалап от басында құман жатқан.
Күйеудің күлкі сезін көтере алмай,
Төркініне кетем деп ылаңдатқан- деп кетеді.

Бірде “Құрымсының астындағы жалғыз аты өліп, қой соңында жаяу жүр” деген хабар естіген Тоқсан би бір атты жетегіне алып, Құрымсының үйіне аттаныпты. Құрымсыны үйінен үшірата алмаған соң, Тоқсан оны отар басынан тауыпты. Тоқсан келген сәтте Құрымсы жер қазып жатыр екен. Бұлар төс тақасып амандақаннан кейін Тоқсан:

Уа, Құрымсы, жер тамырын қазып,
Жүдейсің ғой, арып-азып.
Бұл қатыннан қорыққандық па?

Жан қинап, тәңірге жазып, - депті де, бір қолымен құшып, жетегіндегі аттының шылбырын Құрымсыға үстатьпты. Құрымсы алдымен әзілге жауап ретінде:

“Бұл тамыр емес бояу,
Керегінді алмасаң көңіл қаяу.
Теріні бояп шалбар кием
Қаһарлы қыс келгенде таяу,” - депті.

Екеуі кездесіп қалғанда осылай өнер жарысын жасап әзілдеседі екен. Әзіл-күлкіден кейін, Тоқсан бидің сұрамай берген аты үшін алғыс айтып, қуанышпен қабылдан, үйіне апарып қонақ қылышп, мерейлі мәре жасаған екен Құрымсы.

Тоқсанның қайырымдылығы.

Тоқсан би өзіне жасында бата берген Киікбай атасын да өмір бойы сыйлап өтіпті. Кәрілік женәп, биліктен босаған бір жылды қыс қатты болып, Киікбайдың тебіндегі төрт-бес жылқысы тайлыш-тұяғымен қырылып қалады. Берекесіз баласына және кәрілігіне күйініп отырғанда, Тоқсан би шау тартқан шешененің үйіне ат басын тіреп, көңіл айтады. Сонда Киікбай:

-Ау, Тоқсан жан, Тоқсан жан,
Бұл бір кезім тоқталған.
Үй артынан жау келді,
Сүр жебесін оқтаған.
Тұлпар атым сүрінді
Саз кешетін қапталдан.
Қайрат қашты жігіттен
"Батырмың" деп мақтанған.
Қараөзек шақтың көжесі
Қарында емес, қуықта.
Қара торсық жерде емес,
Ілулі түр уықта.
Болған соң солай, Тоқсан жан,
Мақтанайын несіне,
Жан алатын Өзірейіл
Алыста емес, жуықта,- депті.

Сонда Тоқсан би:

-Уа, Киеke!
Арман қылма малынды,
Сәламат қылсын жанынды
Естіген соң хабарды
Біле келдім халынды.
Елің аман, жұртың тыныш,
Халқың білер жайынды.
Ажалсыз ешкім болмайды,
Ажалдан ешкім қалмайды.

Дүние малды уайымдал
Суытпа, шешен, бойынды,

- деп жауап беріпті де, "Би атам қымыз қылғызыш ішсін" деп екі құлышынды биесін әкеп қарт шешенің желісіне байлашты. Сол екі биеден екі үйір жылқы өсіп, Киікбай би дүниеден өткенде, оған ас беруге молынан жеткен екен деген аңыз бар.

Бақытты Тоқсан берген.

Атақты батыр, әрі би, еліміздің тарихи тұлғаларының бірі Есеней Естемесұлы бектің туғырынан тайып науқастанған уақытында, яғни 1869 жылдың қыркүйек айының басында өзіне сәлем бере келген Орта жүз Қуандық Арғын Шоң Телғозыұлы болыстың (1828-1902) мейман боп отырып, мәжіліс үстінде: "Батыр әке, сізді ел ата-анасынан бала жігіт кезінде қалған дейді. Билікке ерте жастан араласуыңызға себепті жақсылар болған ғой, сірә", - деп сауал қойғанда Есеней: "Батаны Тіленші, Нашан, Киікбай берген, батырлықты Марал, Баһрам, Қолдас берген, бақытты Итіке, Тоқсан, Маманай берген, тақытты Шақшақ берген, Ісімді Алла өзі қолдай берген. Ар жағын, балам, өзінде түсіне жатарсың" - деп жауап қайтарыпты. Есенейге тәлім-тәрбие берген осы кеменгерлер алыс жердің, немесе басқа тайпаның адамдары емес. Олар осы Есенейдің өз жерінің, өз елінің адамдары. Міне, сол кеменгерлердің ішінде Есеней Тоқсан биді де атауы тегін емес. Тоқсан би әрдайым Есенейге ақылын айтып дұрыс бағыт беріп отырган. Бірақ оны сынап та отырган.

Тоқсан бидің тұрашылдығы.

Тоқсан бидің тұрашылдығын көрсететін мысалдар көп. Соның бірі мынадай:

Тоқсан би Есенейдің орысшыл болып кеткенін ұнатпай "Есеней аға сұлтан болды", - деп сүйінші сұраған кісіге ол:

Жақса болды дегенше,
Бақсы болды десенші.
Бұзакыға, бұзыққа,
Жақшы болды десенші.
Ақ, қараны айырмас,
Надан болды десенші.
Жақсылық іс жақпайтын,
Заман болды десенші.
Жақсылық кетіп жамандық,
Халалдық кетіп харамдық,
Орын алды десенші.
Патша берген қаңылтыр
Тұмар болар десенші,- депті.

Тоқсанның төрелігі.

Тоқсан бидің әділ төрелігі туралы ел аузында мынадай да әңгіме бар: Керейдің Сабыр деген жігіті Қанжығалы еліндегі нағашысына барған. Дәл қайтарында мініп барған биесі құлышында, құлыш туысымен өліп қалған. Өлген құлышының қорабына салып алып, іле жүріп кеткен. Оның жолында көп жылқы жайылып жатады. Қараса бір бие қара құлыш туып түр екен. Сабыр өлген құлышының сол биенің жанына тастайды да, тірі құлышының алдып кетеді... Сабырға олжа құлышының әкелуде оңай болмапты. Құлышының алдып жүре бергенде, бір қара көк айғыр келіп, айбар жасап, қатты қарсылық көрсеткен. Жегулі биенің алдын кес-кестеп, аяқ сілтеп, еркін жүргізбеген. Денесін өлденеше рет бишік осқан соң ғана кери қайтуға мәжбүр болған.

Қара құлыш қара көк түске айналып, дөнен болғанда-ақ жүйрік болып, ақыры "Шаптай бер" атанып-

ты. Енді бір асқа Сабыр-қара көк дөненді, Қанжығалының атақты байы Аю-Сабырға таныс теңбіл қара көк айғырды жаратып апарған. Сол үлкен астағы үш жұз сәйгүліктің жарысында алдында қара көк айғыр, онымен құйрық тістесіп қара көк дөнен келіпті. Сонда Аю Сабырға: - Екінші бәйге сенікі. Ал, қара көк дөнен меникі,- дейді. Сөз бастауы осылай болады да, Тоқсанға жүргінісуге сөз байланысады. Келесі жылы Аю Тоқсанды іздеп келіп, дауының мазмұнын айтқан.

Тоқсан Аюға: "Тумаған құлынды төрт жасар ат болғанда тануың нанымы қыындау - депті де, - Мен көгендердегі екі қозыға көзінше ен салайын. Сен солардың енелерін қой ішінен тауып, өз белгінді сал. Содан кейін күәгерлердің көзінше қозыларды жамыратайык. Егер, ен салған қозылар сіз таңбалаган қойларды барып емсе, қара көк дөнен сенікі. Қозылар басқа қойларға жармасса, тек жалақор атанып қайтасыз, деген. "Мақұл, телдер енесін таппаса, айып тартуға тәнтімін"- депті Аю. Жамыратқанда қозылар ен салған енелерін барып емген. Әділ билікке разы болған Аю, зор рахмет-алғыс айтып, мініп келген атын Тоқсанға сыйлық етіпті, қара көк дөнендей мініп қайтыпты.

Тоқсан би мен Төле би.

Тоқсан би аты шығып, елге таныла бастаған кезінде әкесі Жабай бидің тұсында шешілмей қалған бірі-алты, екіншісі жеті жылғы ескі дауды даулап Төле бидің ауылына барады. Бұлардың келген мақсатын сурал білген Төле би:

- Уа, Тоқсан, алты атаңды арқалап келдің бе, жеті атаңды арқалап келдің бе? Алты атасын арқалап, жеті атасын желкелеп келген бар ма екен? Бұл не деген келіс? Құшақтассан-қойным бар, пышақтассан-мойным бар, - деген екен.

Сонда Тоқсан би тұрып:

- Жарлығыңды айттың ғой, жабдығыңды жей бер,-
дейді.

Сөз осымен аяқталады, түк түсінбеген Тоқсанның
жолдастары одан:

- Ау, жаңа саған Төле не деді? Сен оған не дедің?-
деп сұрайды.

Сонда Тоқсан:

- "Ескі дауды даулап, елдіктен кетісейін деп келдің
бе? Атаңа тіл тигізіп, жетісейін деп келдің бе? Әлі де
болса ойлан, Табыссан-досым деймін, құшағыма алам,
келіспесең-жауласуға кеткеніміз, әлекті салам," - деді
Төле би. Мен: "Екі жағынан да қашайын деп келген
жоқпын, ендігісін өзің біл"- дедім.

Елдің берекесін алып жауласуға бармаймыз, - деп
Төле би ертеңіне Тоқсан бидің тілегін орындал, сыйлап
жіберген екен.

Тоқсан би мен Шорманның Мұсасы.

Ел ішінде ертеректе Тоқсан би мен Қаржас руынан
шыққан атақты Шорманның Мұсасы туралы мынадай
әңгіме болған:

Атақты шонжар Мұса Шорманұлы қалың қазақ
қауымына байлығымен ғана емес, білімділігімен, ше-
шендік өнерімен де белгілі болған. Оның үстіне билік
құрып, өткір де өр мінезімен көзге тұсқен екен.

Сол кезде Керей Тоқсан бидің де атағы шығып тұр-
ған. Тәкаббар Мұса сол Тоқсанның бетін бір қайырсам,
алдыма жан шықпас еді деп армандал жүреді. Сөйтіп
жүргенде Тоқсан би ұлы жұз жаққа бір даудың ізін
куып барады деген хабар естиді.

Мұса өзінің адамдарын жиып алып, Керей биінің
бұл жаққа келгенін біле сала хабар жеткізуін тапсы-
рады. Айтқандайын, Тоқсан, қасында жиырма шақты

жолдасы бар, ұлы жүзді бетке алып шықты деген хабар жеткен соң, Мұса оның алдын орап, жай бір бейсаят жүрген жолаушы болып келіп, Тоқсанға сәлем береді. Жөн сұрайды. Керейлердің біреуі бара жатқан жөнін айтады.

- Іштерінде Тоқсан бар ма? Болса-қайсың? - дейді Мұса.

- Бар. Ол мына кісі, - деп, керей жігіті биді көрсетеді. Сонда Мұса биге қарап тұрып:

- Керей Тоқсан-кедей Тоқсан деуші еді. Рас еken. Кедейліктің кері кетпей-ақ түр еken,- дейді.

Тоқсан бойы аласа, толық денелі, киімді өте жұпның киетін кісі еken. Мұса жаңағы сезін айтып болып, атының басын бұра бергенде, Тоқсан: - "Әй, тоқта!" - дейді. Бұл не айтар еken дегендей Мұса атының басын тартып тұра қалады.

- Қуандық, Сүйіндік, Бегендік, Шегендік-ағайынды төртеуі қалмақпен болған соғыстың біріне қатысып, қазақ жағы жеңіп, олжалы қайтады,- дейді Тоқсан үзак бір әңгіме бастағандай болып. - Олжа беліскенде әлгі ағайынды төртеуге бір ер бала тиеді. Жолымыз болып қайтты деп сол баланың атын Жолболды қояды. Кейін ағайынды төртеуі енші айырысып, барлық мал-мұліктерін, құлдары мен күндерін белісіп алады. Жолболдыға келгенде бір-біріне қимай таласып қалады. Ақырында бітуанаға келіп, асықты кім көп қаржыса, баланы сол алмақ болады. Асықты ең көп қаржыған Қуандық болып шығып, қалмақ бала соның еншісіне тиеді. Асық қаржығанымның бәйгесі деп Қуандық баланың Жолболды деген атын өзгертіп Қаржас деп атап жеткен. Сол Қаржастан Мұса деген бір ұрыншақ, сotқар жігіт шықты деп естіп едім, дәу де болса, сол Мұса сен боларсың! Өйткені манағыдай сөзді маған басқа ешкім айтпайды. Ал сен Қаржас тұқымы болсан, кісі сыйнайтын өнер қайдан келді саған.

Өзі туралы естімеген мынадай сөзден кейін Мұса

қатты сасқалақтап атынан түседі де Тоқсанға басын иіп:

- Апыр-ай, биеке, ашуланып қалдыңыз-ау, кешу етіңіз. Үйге жүріп қонақ болыңыз,- дейді.

Тоқсан: "Біз бара жатқан жолымыздан ат басын бүрмаймыз. Амандық болса, қайтар жолда қонақ болармыз," - деп жүріп кетеді.

Көктемде кеткен Тоқсан жұрт күздікке қонғанда оралыпты. Үш жолдасымен Тоқсанды Мұса өз үйіне түсіріп қонақ қылады. Қалған он жеті жолдасын бөлек үйде күтеді.

Күз уақыты. Тұн ұзак. Мұса мен Тоқсан көп әңгімелесіп, кеш жатады. Ертеңіне, таң атқан соң, бұлардың жатқан үйіне рұқсат сұрап екі кісі келеді. Екеуі де аңшы екен. Дауларын айтып Мұсадан төрелік сұрайды.

Даудың мәнісі былай екен: аңшының біреуі әлдекалай бір тұлқінің тұп ізін көріп, соны қуалап тартады. Ол екі ортада екінші бір аңшы тұлқінің апанына кез болып, кірген із бар, шыққан із жоқ болған соң, апанның аузына қақпан құрмак болып жатқанда, тұп ізден қуып келген бірінші аңшы да жетіп үлгеріп, сол жерде екеуі таласа кетеді. Тіпті төбелесіп те қалады. Ақыры не сөзбен дәлелдеп, не күші асып бір-бірін жеңе алмаған соң, іnniң аузын тығындалап, төрелігін сұрамаққа Мұсаны іздең келген екен.

- Тұлқіні тұп ізден қуғандікі,- дейді Мұса кесімді сезін айтып.

Тоқсан шала үйқы тындал жатыр екен, басын көтөріп алыш:

- Әй, Мұса, төрелікті қате бердің. Әлі шүметейіңдің суы кепкен жоқ екен, - депті.

- Ендеше төресін сіз беріңіз, - дейді Мұса. Сонда Тоқсан би:

- Қасқыр төресі бір түрлі, ал тұлқі төресі басқа түрлі болады,- дейді. Осылай аңшы жігіттер мен Мұсаны аузына қаратып алады да, Тоқсан сөйлем береді:

Қасқыр дүшпан, оған кімнің сойылы бұрын тисе, ол соныкі. Ал, тұлкінің жайы басқа: тұлкі арлан болса, жер шарлайды, ал қаншық болса ін сағалайды. Арлан тұлкі бір түнде төрт-бес шақырым жер жүреді, қаншық бір-екі шақырымнан аспайды. Тұлкіге қақпан салындар. Арлан болып шықса, ол түп ізден қуғандікі. Ал қаншық болса, ол қыл мойнынан кездескендікі.

Осыдан соң Тоқсан би дауласқан жігітерге қарап:

- Екеуің де аңшы екенсіндер, тату-тәтті болындар, бір-біріне жол беріндер, - деп ақылын айтады. "Тереңізге құлдық!" деп екі аңшы риза боп, өз жөндеріне кете барады. Олар шығып кеткен соң, Тоқсан Мұсаға:

- Сен менің өлгі сөзімді ауыр алып қалдың ба?-дейді.

- Ауыр алма. Сен олардың біреуін жығып берсең, көзінше үндемегенмен, шыға бере түгінен түк қоймай, ата-енене дейін боқтайды. Әрі тере беріп, әрі ата-ененді боқтатасың. Ал енді, менің төрелігімнен кейін, тұлкінің борбайын боқтасын да...

Мұса үндей алмайды. Тоқсанға сый деп аттанарында ат мінгізіп, шапан кигізеді.

Бұл әңгіме Тоқсанның ел тарихын, халық шежіресін жақсы билетіндігін, өмірді, табиғат тынысын, әртүрлі андардың әдет-қылыштарын да андал жүретінін көрсетеді. Екіншіден, бидің ел арасында да, жеке адамдар арасында бірлікті, татулықты, достықты, сыйластықты көксеп, уағыздайтыны да анық көрінеді.

Тоқсан би мен Құнанбай

Ел аузында Тоқсан бидің Құнанбаймен байланысты туралы да әңгіме бар:

Атақты Өскембайдың Құнанбайы аға сұлтан болып Тұрған кезінде Бөжей, Байдалы мен (Кенгірбай би не-мерелері) араздасып Омбы қаласына айдалып бара жат-

қанда, Керей елінің атақты биі-Тоқсанның үйіне қоныпты. Бимен тұні бойы әңгімелесіп, қонағасы жеп жатып, ертеңіне атқа қонып Құнанбай жолға тұсіп кетіп бара жатқанда, Тоқсан би оның артынан айқайлап: "Құнанжан, аттың басын қайыра бұрма, өзің мойныңды бұр", - деп, мына сездерді айтқан екен:

Тұманның арты жұт болар,
Тұмаудың арты құт болар,
Зандасып босқа не етесің,
Заңшылдың тұбі сот болар.

Сонда Құнанбай:

Тұманның арты жұт болып қайтер дейсің,
Қопадан қоныс алған соң.
Тұмаудың арты құрт болып не қылар дейсің,
Тәнірім шипа болған соң.
Заңшылдың тұбі сот болып қайтер дейсің,
Алтыңды пүттан алған соң, - деп жүріп кетіпті.

Құнанбаймен бірге Омбыға айдалып барған Тоқсан бидің туысы Торқан деген кісі екі жылдан кейін қашып Құнанбайды панарап ашып-арып келіпті. Құнанбай Абайды шақырып алып: "Мына Торқанды өбден тәрбиелеп бақ", - депті. Абай: "Тәте, бұл адам неңіз еді?" - дегендे Құнанбай:

Қажымас, қате болпас хан бола ма,
Таусылмас, табан таймас жан бола ма.
Бәйгеден қосқан сайын келсе-дағы,
Тұлпарда артықтаса сән бола ма.

Бұл кісі қыын жағдайда бірге қиналған жолдасым еді,- депті.

Тоқсан би мен Қазанғап бидің аитысы.

Керей Еменәлі Тоқсан би мен Бәсентиін Қазанғап би екеуі бір ер дауында бас қосады. Бәсентиін жағы Ке-

рейден жылқы айдаپ әкетеді. Оған қарсы Керей жігіттері барымтаға барғанда, арада жанжал шығып, Бөсентиін жағынан бір кісі өледі. Қеңесте Тоқсан би сез берген соң Қазанғап айтады:

-Әй, Тоқсан би! Менің сезім пұлсыз, ерім құнсыз болатын не жазығым бар? Сонда Тоқсан би айтыпты:

- Сөзің пұлды болсын,
Ерің құнды болсын.
Өуелі ыза кімнен
Жаза кімнен?- дейді.

Қазанғап барымтаны бастаған өз жағының кінәсін мойнына-алып, женіліп қайтқан екен.

Баланы тұган анасына қайтаруы

Уақ руының Қарағай шоға тобының Алпамса атты жігіттің бір жастан асқан баласы үй алдында талтаң тұлтаң басып ойнап жүргенін шешесі Жамал көреді. Шаруаға айналып жүріп үйге кіріп қайта шықса,- бала жоқ. Өрі іздең, бері іздең баланы таба алмайды. Сөйтіп бірнеше жыл жоғалып кеткен баладан үміт үзіп, шамасы: бес-алты жыл өткенде Алпамса келіншегі Жамалмен Болаттай базарына барады. (Қазіргі Жамбыл ауданындағы Новорыбинка селосы). Базар аралап жүргендеге Жамалдың кенеттен емшегі иіп, сүт ағады. Соған жүрегі қобалжып келе жатса, алдынан бір өздері шамалас жас келіншек бала жетектеп келе жатыр. Сол келіншекке Жамал: "Мынау менің жоғалып кеткен балам, аты Бауыржан,"- деп жармасады. Ана келіншек оны жолатпай, содан базар іші айғай-шуға айналады. Жиналған жүрт екеуінен мән-жайды сұрап білгеннен кейін ештеңе деп баға бере алмай, Тоқсан биге төрелікке жібереді.

Тоқсан келген екі келіншекті сұрап, жауап алған соң баланы тұған шешесіне бергізіпті. Себебі ана келін-

шектен үрлап алғанын мойындатады. Құрсақ көтермеген әйел қүйеуімен ақылдасып, ел қыдырып жүріп, ұнаған баланы үрлап алған екен. Сонда Тоқсан би тेरелікті былай жасаған екені: екеуің де риза болуларың үшін баланы қазір екіге қақ бөлемін деп қорқытып, үлкен сембе пышақты қолына алышты. Сонда баланы үрлігін әйел үндемепті. Ал, туган анасы: "Тоқтаңыз, мейлі тіпті бала осы әйелде-ақ қалсын, тек тірі жүрсін!"- деп шыр ете түсіпті. Міне, осыдан кейін Тоқсан би баланы туган анасына бергізіпті.

Тоқсанның Қазыбек биге жүргінуі

Тоқсан бидің жас кезіндегі аңшылықпен айналысқаны жөнінде ел аузында қалған мынадай әңгіме бар:

Көп кісі бір тұлқіні қуып жете алмайды. Сол тұлқіні Тоқсан жетіп соғып алды. Үлкен кісілер:" Тұлқі біздікі, үлкендік жолымыз бар"- дейді. Тоқсан тұлқіні бергісі келмей, Қаз дауысты Қазыбек биге жүргініске барып былай депті:

Еділден қашты бір тұлқі,
Жайыққа дейін дем алмай.
Соңына ерген қанша жұрт
Бәрі де қалды ере алмай.
Тастайын ба далаға,
Тұлқіні соққан мен алмай?
Жеті адам дауга жеріген
Қиямет қайым болғанда
Шерменде болып журменціз
Төресін әділ бере алмай!

Қазыбек би тұлқіні Тоқсанның өзіне берілсін деп, кесім айттыпты.

Жаппасқа көніл айтуы

Тоқсан бидің біраз сөзі қайғылы адамдарға көніл айтуда арналған. Белгілі ел жақсысы қайтқанда айтқан "Арыстанның белгісі"- көніл айту толғауының тандаулы үлгісі. Онда адамды тәзімді, шыдамды болуға үндейді. Өмірдің өне бойы дамитынын, бәрінде түсіне білу керектігін алға тартады... Би сөздері- көркем әрі бейнелі. Ондай ғажап теңсу, тұнық шындық кез келген толғауларда кездесе бермейді.

Ел ішінде белгілі де беделді Жаппас деген адамның жалғыз баласы ер жеткен шағында көнеттен қайтыс болып, қатты күйзеледі. Сенім артқан сүйениші, көрер қызығынан, алданышы мен қолдаушысынан айрылған, қанатынан қайрылған Жаппасқа бұл қаза қатты батады. Ол төсек тартып жатып, күннен күнге төмендей береді. Осы жайды естіген, жасынан Жапасты сыйлап өскен, алыс та болса жақын тартатын Тоқсан би оның көнілін сұрауга арнайы ат айтып келеді. Ол босағадан аттай бере-ақ ағылтып қоя береді:

- Ей, Жаппас, көтер белінді, жылатпа елінді. Қас нардың қабырғасынан қолы сөгілсе де елемес, тағдырдың ісіне көмбейтін пасық адам сен емес. Откен қайтып келмейді, өшкен қайтып жанбайды,- дейді.

Би құрдасының аңқылдаған көніліне, жарқылдаған сөзіне елең еткен Жаппас жайлап басын көтереді. Сөз арасында ол Тоқсан биге:

- Бұл қайғым қайтсем қалады?- деп сауал тастайды. Соңда Тоқсан би:

Ей, Жаппас, бұл қайғың
Келелі бидің кенесінде қалады.
Биік таудың тәбесінде қалады
Өзен-судың көбесінде қалады.
Қыран құстың қыяғында қалады
Жүйрік аттың тұяғында қалады

Ұлы дүбір той-оійнда қалады.
Осы айтқанды орында масаң,
Өле-өлтінше өзіннің мойнында қалады- деп
жауап беріпті.

Шоң биге көңіл айтуы.

Сүйіндік еліндегі атақты Шоң бидің қадірлі бір баласы өліп, қайғылы болып жатқанын естіп, Тоқсан би әдейі көңіл айтуға іздел барады. Шоң қайғырып төсекте жатыр екен. Амандасқан соң Шоңға мына сөзді айтады:

-Ей, Шоң! Не ғып жатырсың?
Досың келді қиядан.
Сұңқарың ұшты ұядан.
Ақ сұңқар көлден қу ілер,
Қанатын қанға тигізбес.
Қас жақсының белгісі
Қайғысын жатқа білгізбес.
Көтер басыңды, мін атқа!-дейді.

Содан Шоң басын көтеріп, атқа мініп, Тоқсан би ел аралаттырып, қайғысын білдіріпті.

Тоқсанның Нұрбайга тиген шарапаты.

Нұрбай шешен тақыр кедей болған екен. Елінде Мырзабай би қайтыс болып, соған зират етіп қайтуға Тоқсан би келеді де, ел жақсыларының басы қосылып тиісті қонағасы беріледі. Тоқсан осы жиынға Нұрбайдың неге келмегенін сұрапты.

- Шақырылған. Кедейде не сән бар. Содан қорғалап мұндай жерге өзі де көп жүре бермейді.

- Атты жегіп, қатыны мен Нұрбайды алып келіңдер,- дейті Тоқсан.

Нұрбай келіп, Тоқсанмен әңгімелесіп, біраз көңіл көтерседі. Ас, шай ішіліп болып жүрт аяғы тарқаса да Тоқсанмен көптен көріспеген Нұрбай әңгіме дүкенін құра береді. Осы кезде есіктен басын сұғып Нұrbайдың қатыны:

- Әңгіме десе аузың жабысып қалады. Кетпейміз бе? - депті.

- Әдейі ат жіберіп алдырып ең, - деп Тоқсанға қарап Нұрбай сөйлей жөнеледі:

Күн көрер біздің елде татар-дағы,
Бір кезде жігіт болдық қатарадағы.
Қыртыйып жаман қатын жаратпайды,
Қылышын болмаған соң жатардағы.

Түзелмес ескі киім жамағанмен,
Өгізден сүт шығама сабағанмен.
Алпыс пен дәл жетпістің арасында
Құдай-ая, күнім өтті қабағанмен.

Бұл күнде тұс те кетті күш те кетті,
Істейтін бір нәрсені істе кетті.
Қуарған қара тасқа шөп шығар деп
Жарай ма сынауымыз құдіретті?

Жас жетіп ми азайды басымдағы,
Замандас бір құрбым жоқ басымдағы.
Белгілі алты алашқа Нұрбай едім
Ит артық сабалақ жүн менендағы.

Күн қайда ақ домбыра қолыма алған,
Құбылтып, неше түрлі әнге салған.
Болмаса ханнан қайыр, биден жәрдем
Осымен өткені ғой дүние жалған.

Ертеңіне Тоқсан еліне жүргелі жатып үй иесіне:
Нұрбай кедей ғой, ренжітпендер,- деп кетіпти.

Тоқсан кеткен соң, үй иесі әйелінің тартынғанына

қарамай бір кілем мен текеметті Нұрбайға баласынан беріп жіберіпті. Сонда Нұрбайдың тузының мұндай нәрсе бергеніне риза болып:

Ініден сыйлық келді Нұрбайға,
Бұл көп деп келін байғұс жыламай ма?
Жасымда жорға, жүйрік мініп едім,

Зар болдым қартайғанды жалғыз тайға,- деген сөзін баласы әкесіне айта келіпті. Анау әкесінен қалған бір жақсы атты тағы беріп жібереді. Атты алған Нұрбай:

Осы атың бұл дүниеде тұлпар болсын,
Баласы құрбы ішінде сұңқар болсын.
Тілеген ініміздің қабілетін
Немере төртеу, бесеу және болсын.

Сауғанмен сүт бола ма жалғыз сиыр,
Тілімнің түбі жалпақ, ұшы сүйір.
Шайнайтын қатты нанды тісім де жоқ,
Осы үйде қаймақ, май жоқ жалғыз түйір-
депті.

Тағы да бала мұны әкесіне жеткізіп, көп сиырларының біреуін жетелеп келеді. Сиырды алған Нұрбай:

Інісен Нұрбайға келді сиыр,
Жасымнан жақсыларға болдым үйір.
Соятын қонақ келсе қойымда жоқ,
Болды бұрын үй маңы қиыр-шиыр,- дейді.

Мұны естіген әке баласына:

- Нұкең бес қойға ең салсын, қозымен он болар, барып айт,- депті. Сонда Нұрбай:

Кой берсең қойдан өссін мал мен басың,
Сексенге рахатпен келсін жасың
Бермейтін енді құдай несі қалды,
Әкеңнің түзепті ғой ықыласын,- денті.

Сөйтіп Тоқсан бидің бір ауыз сөзі кедей Нұрбай шешеннің түрмисын көтеруге көмектесіпті." Жақсыдан-шарапат" деген осы да.

Сандыбайдың бәйбішесіне көңіл айтуды

Тоқсан би Бағаналы Сандыбай батырмен дос екен. Сандыбай қазаға үшырағанын естіп, досына зиярат ету үшін, арнайы барған. Барса бәйбіше төсектен басын көтермей жа-тыр екен. Сонда Тоқсан:

Атан өлсе бота бар,
Жұғі жолда қалмайды.
Атасы өлсе бала бар,
Жұрты қараң қалмайды.
Осынау тұрган Өр найман,
Сандыбайлап жауға барған-ды.
Артық туған асылды
Керек қып Алла алғанды.
Кім ала кетер дейсің,
Осынау тұрган жалғанды?
Ду көтереді жүйрікті,
Су көтереді сүйрікті.
Мал көтереді өлімді,
Дос көтереді көңілді.
Өткен қайтып келмейді,
Бек бусаңшы белінді.

Бәйбіше жатқанынан тұрмапты. Сонда Тоқсан:

- Мениң атым Тоқсан. Сандыбайдың өліміне көңіл айтқалы келдім. Сөзімді ілтиипатқа алмасаң, мына бұзау тіс қамшыны жоныңа салғалы келдім! - дегенде бәбіше түрегеліп Тоқсанға жанат ішікті жауып, мейманын күтүге кірісіпти.

Ел бірлігін жоқтауды

Тоқсан бидің ақ дегені алғыс, қара дегені қарғыс екенін дәлелдейтін мынадай өңгіме ел ішіне тарап кеткен:

Сибан елінің сыйлы бір адамы өзінің руластарын жер

аудармак болады. Ақынбет Тоқымбет Қерейдің иті жақсылары Тоқсан биге келеді. Бұл би атанаң қартайған шағы екен. Сонда да нәкерлерін өртіп барып, үй иесіне шабарман жібереді. "Үй иесі үйде ме, үйде болса, қалауым бар, қалауымды берсе түсем, әйтпесе түспеймін," - дейді.

Үй иесі бесін намазын оқып жатқан екен, "Қалауын бермеймін, түссін", - дейді. Би ата аттан түсіп, қамшысымен ерді "Тілегенде берген құдай, сілегенде бермей ме", - деп, үш тартады да атына мініп журіп кете-ді. Сол үйдің бәйбішесі ақылды, байышты адам екен, отағасына қараң, "Би атанаң сілесі қатты деуші еді, қайтар, бер қалауын", - дейді. Бұл сөзге тоқтаған үй иесі атшы шаптырады:" Қалауын бердім, үйге түссін"- деп. Сонда би атаң: "Дүниеден өтіп кетті, мен барғанмен ештеңе болмайды", - деп қайырылмапты. Атшы ауылға қайта келсе, үй иесінің екі ұлы екі жақта домалап жатыр дейді. Содан ол адам ұл бала көрмекті.

Тогыз бидің даналық сөздері

Ертеде қазақтың белгілі тоғыз биі бас қосып, даналық сөздерден ой өрген екен. Сонда сөз бастаған Қарасек Шорым би:

- Ел билерім! Кейнгіге үлгі боларлық, алдағы өмірді болжап сөз қалдырайық, деп билерді сөзге шақырыпты.

Бірінші бол сөйлеген Қерей Тоқсан би:

Ей, билерім!
Алдағы болар заманда,
Тауық азаншыл болар
Қатын базаршыл болар
Бесіктегі бес жасар бала
Тиішсіз, мазасыз болар.

Қаз дауысты Қазыбек би:

Ей, билерім,!
Алдағы болар заманда

Мал жақсысы ешкі болар
Асық ойнап жүрген жас балалар
Заң орнатып есті болар.

Игілік би:

Алдағы келетін заманда
Көп сиырды тана билер
Көп халықты бала билер
Сол баланы сүмдүк іс, бәле билер!

Бала би:

Алдағы келетін заманда,
Фылым мен білім
Тескен таудан өтер, билері,
Сонда не болар күйлерің?

Қарауыл Қанай би:

Алдағы болар заманда
Жақының кетер алысқа,
Бытырап алты арысқа
Атпен де, хатпен де қатынарсың
Кейбір заман болғанда
Қайда кеткенін біле алмай
Қайран боларсың.

Қаражігіт би:

Ей, билерім!
Сондай жігітті мақтап өтерміз
Ел басына іс түссе
Сонда анықтап білерміз

Шорайым би:

Алдағы келетін заманда
Әділ таза, дұрыс сез,
Есту көшке хат болар
Жақының кетіп алысқа
Біріне-бірі жат болар
Жал жоқ, жамбас, жілік жоқ
Турамшылаған ет болар.
Арқа жұні, жалы жоқ,
Кеудесінде жаны жоқ,

Сүт піскен ше аймақты
Аралап кететін ат болар.
Әулие, қиял жаста болар
Бақыт пен дәulet таусылып
Өмірлік қызық тіршілік,
Қара жер мен таста болар.

Төле би:

Осы айтқандарым рас болса,
Даладағыны ұл алар.
Үйдегіні қыз алар
Ел билеген Төле би
Бумасын ұсап бос қалар,- деген екен.

Тоқсанның тоқталуы

Тоқсан би талай дауда әділ билік айтқан, бірақ егер дауласқан жағының уәжі дұрыс болса, "буынсыз жерге пышақ жұмсамаған", әділдікке мойын сұнған. Оған мынадай мысал күэ:

Жаппас елі үнемі жазда Арқа жерін жайлап, күзде Торғай даласын басып өтіп, қыста сыр бойын сағалаған ғой. Сондай бір көшісте Жаппастар арғынның бір адамын Сыр бойына мал бақтыру үшін ала кетеді. Бірақ ол адам көп ұзамай Сырдың жылымына түсіп өледі. Жазда- Жаппастар Арқаға жайлауға оралғанда арғынның игі жақсылары ақысына біраз мал беретін болып Қерей Тоқсан биді алғып, Жаппастардан өлген азamatтың құнын даулайды. Билікке Жаппастардан төртқара Сопақ би шығады. Сопақ, "сопақ" десе дегендей, қатқан ұзынтура қара кісі екен. Өзінің жас пері, жаңа танылыш жүрген шағы болса керек. Тоқсан дауға барса табанын тірер әділетті айғағы жоғын біліп, нede болса қарсыласының бетін салған жерден қайырып тастамақ ниетпен:

- Мына қатқан қараң кім? - деп, Сопақты көрсетіп

менсінбеген қалып танытады. Сонда Сопақ жұлып алғандай:

- Мен семіз емес, қатумын,
Сенен басқаның берімен
Араз емес, татумын.
Өлімді жерде молда семіз,
Өлеңді жерде өгіз семіз,
Дауы көп елде би семіз- деген
Мен арық болсам, елімде дау жоқ шығар,
Елді жиып, елегізіп,
Жел бетіне қонбасам,
Жаудың менде несі бар.
Атты берген жерімнен
Тайлар алып бітемін.
Атам берген жерімнен
Тайлақ алып бітемін.
Даудың менде несі бар
Өз жөнімді сұрасаң
Қаратамырдың Сопагы
Сенің адамынды жүтқан мен емес,
Сұр қуаңның қопасы
Суды қатты қатыруға
Желтоқсаның мен емес.
Судан суырып тастауға
Әбби (су) сұltан мен емес.
Тілге келіп сейлессең
Сен менімен тең емес.
Бірақ сізге сәлем айтып еді
Кетебай деген кісіміз.
Кезекпен болар деп еді ісіміз-деген екен.

Аталы сөзге төрелік берген Тоқсан би қарсы дау айтпай, үнсіз қалыпты.

Тоқсан бидің жер дауын шешуі

Патша өкіметінің қазақтарды өз жерлерінен ығыстырына байланысты жер тарылыш қазақ руларының арасында жер дауы көбейеді. 1831- жылы көек айында Жансары Уақтың старшыны Тілеп Байқүшіков Пресногорьковтан 30 шақырым жерде (қазіргі Ақбалық, Озерный ауылдары жерінде Жамбыл ауданы) өздеріне тиісті Шекебай, Қарақамыс, Желқызыл жерлерін Самай, Нұралы, Қапсыт, Есенбақты керейлердің заңсыз иеленіп отырғанын айтып шағымданыш Губерния басшыларына жазады (Омбы Орталық Мемлекеттік архиві, фонд 3, опись, дело-238). Губерния басшылары бұл даулы мәселені шешуді дуанға тапсырады. Дуан сол кезде Батыс Сібір шеқаралық комиссиясының мүшесі болып істеп жүрген Тәбей Барлыбаевқа жүктейді.

Тәбей осы дауды шешу үшін Керей-Уақ билерінің мәжілісін өткізеді. Мәжілісте Жансары Уақ жағынан Жарылқамыс би, Керей руларынан Тоқсан би шығады. Тоқсан бидің бұл кезде жасы келіп дау-дамайға қатысадан тоқтаған шағы екен. Бірақ, бір жағынан сыйлас адамы Тәбейдің сөзін жерге тастамай, екіншіден, бұл жер дауының екі ру арасын айыру қаупін көріп, ағайынды екі рудың бірлігі үшін шығады.

Мәжілісті жүргізіп отырған Тәбей бірінші сезді даугер жағынан Жарылқамыс биге береді. Жарылқамыс би Уақ пен Керейдің түптің түбінде бір атадан тараған ағайынды ел екенін, өуелден көрші қоныш, ауылы аралас, қойы қаралас, түстікте төсі, төсекте басы қосылған рулар екенін айта келіп,-

- Уа, ағайын, ата қонысымызға орыстар штаб салып (Пресногорьковканың айтады. - Авторлар), шебін құрыптынысымызды тарылтты, ата қонысымыздан айырды. Азғана атаның баласы Жансары Уақтың баар жері, басар тауы қалмады. Мына Шекебай, Қарақамыс, Жел-

қызыл атадан келе жатқан жеріміз еді. Орыстар келгенше жеріміз жеткілікті болғасын ағайыншылықпен пайдалануға беріп едік, енді Керей балалары көптіктерінді, орыстарға жақындықтарыңды білдіріп өз жерімізді өзімізге бермей отырсындар. Бізді орыстардың талауы аздай, енді сендер күш көрсетіп отырсындар. Қайтарындар жерімізді! - деп, Жарылқамыс би алдында жатқан қамшымен жерді салып-салып қалды.

Сез кезегі Керей рулары атынан Тоқсан биге беріледі. Тоқсан би қамшысын алдына тастай сала, Жарылқамыс бидің қамшымен жер сабалағанын ұнатпай, өктемдей сөйлеп, кіріспе сезге бармай даулы мәселеге тура көшеді.

- Уа, Жарылқамыс би, өзінен басқаны көрмейтін көр соқыр ма едің? "Ақылды өзінен көреді, ақылсыз ағайыннан көреді", - дейді аталарымыз. "Орыстар тынысымызды тарылтып, жерімнен айырды,"-дейсің. Керейдің қай атасы өзінің ата қонысында отыр?! Сенің жеріне "штаб" салса, Көшебенің жеріне "Кіпітанды" салды. Нұралы, Самай аталары тоз-тоз болып, өз жерлерінен айырылып, бір шеті Есіл өзенін жағаласа, бір шеті Көкшетау жеріне босып кетті. Балға (Сибан руы) атасы үрпағы Бескөл, Мәуліт жерінен қуылып келгесін өз жерімізден ойып алышп, орын бердік. Алдайдың Ескене атасы үрпағы Мәуліт жерінен (Становое селосы маңынан) қуылып келді. Сен осыны көрмей, отырған жоқсың, Жарылқамыс, қиястықпен айтып отырсың! Қолындағы қамшынды мықты болсан, жерінді тартып алған анау орыстарға шошаңдат!- деп қарсыласын сөзбен түқыртып алышп, Тәбей мен алдын ала келісіп алған шешімін айтты. Бұл шешім бойынша жоғарыда аталған жерлерді Жансары Уақ пен Керей рулары екіге беліп алатын болды. Дауласуши жақ әділ сөз, тұра шешімге қарсы шыға алмай келсімін берді. Сөйтіп, Тәбейдің тапқырлығымен, Тоқсан бидің ақылдылығымен екі ру арасындағы даулы мәселе дұрыс шешіліп ағай-

ынды Керей-Уақ елдері бейбіт, тату қалпында қала берді.

Тоқсан бидің би болудан бас тартуы

Ел ішінде Тәбей мен Тоқсан би арасындағы тағы бір әңгіме сақталып қалған екен. 1830 жылдары ел ішінде жер дауы, жесір дауы, барымташылар көбейіп кеткесін Тәбейдің ұсынысымен жасы келіп қалса да Тоқсан биді Еменалы болысының биі қылып сайлады. Бірер жылдан кейін Тоқсан би биліктен бас тартады. Мұны естіген Керей-Уақтың Тәбей бастаған жақсы-жайсандары, болыс-билер Тоқсан биге келіп:

- Би аға, мына қысылтаяң, заманда халықтан қол үзіп, билікті тастағаныңыз қалай, көп болып сурай желдік, райыңыздан қайтыңыз,- дейді. Сонда Тоқсан би келгендеге қарап:

- Уа, ағайын, мен би болғасын халқыма пайдам тие ме деп ойласп едім, оным бекер екен. Жаман би болғым келмеді, ал жақсы би болу үшін мен алдымен патша жандаралдарының көңілін табуым керек. Олардың көңілін табу үшін халқымды өзім тонауым керек. Бұлай би болғанша, болмағанның өзі артық емес пе? Аталарымыздан қалған мынадай сез бар екен: "Аққумен істес болсаң- көңілің пәк болады, қаршығамен істес болсаң-тамағың ток болады, қарғамен істес болсаң, - шоқығаның бок болады". Осы сезіндің дұрыстығына көзім жетіп, билікті тастап отырмын, - депті. Осылайша сезін тындалап отырған орысешыл би – болыстарды бір түйреп өтеді. Жиналған жақсылар би ағаларына ештеңе айта алмай бастарын салбыратып, жер шұқып қалады.

Тоқсан бидің қоныс аударуы ел аузындағы әңгімелер бойынша және архив деректері де көрсеткендей, Тоқсан бидің Еменалы болысының билігінен тез кетуінің тағы

бір себебі болған. Тоқсан бидің туысы Сексен орыс отаршыларымен қарсы талай күресте болып халықтан батыр атағын алған адам. Ол қол (әскер) ұстап Преснов станциясының жазалаушы отрядымен талай рет соғысып, жеңіске де жетіп отырған. Керейдің Алдай атасына тиісті жерді қарудың күшімен орыстардан қорғап отырған. Осы кезде мынадай бір оқиға болып қалады. Ол уақытта қазіргі Жамбыл ауданындағы Айымжан ауылының оңтүстік жағындағы Қайранкөл, Суаткөл, Солдаткөл деген көлдерді, "Ескікөң" деген жерді Алдайдың Ескене аталары мекен еткен. Қайранкөлден Пресновканың қазақ-орыстары балық аулайды еken. Бір тұнде олардың құрған аулары жоғалады да, мұны сол маңайдағы Ескене аталары балаларынан көреді. Содан қазақтар мен орыстар арасында төбелес болып, орыстар екі қазақты өлтіріп кетеді. Болған оқиғаны "Бейіт ағаш" деп аталатын жерінде отырған Сексенге хабарлайды. Ашууланған Сексен тапа-тал түсте қапысыз отырған Пресновка станциясына шабуыл жасап, қазақтың "қанға-қан" деген заңдылығымен орыстың екі адамын өлтіріп, үш бірдей белгілі адамын ат көтіне өңгертіп ауылға алыш келеді. Ауылға келгесін үшеуін тыр жалаңаш шешіндіріп, аяқ-қолын байлап қожага сұндетке отырғызады да:" "Енді қазақтарға тиісетін болсаңдар өздерің сияқты бүкіл пресновтық орыстарды осылай сұндеттейміз", - деп, үшеуін жаяу қайтарып жібереді. Дініне берік болған Сексеннің бұларды отырғызу себебі, осының алдында Пресновтың бір бай орысы уш қазақты еріксіз шоқындырған еken.

Бұл оқиға Преснов станциясы тұрғындарын қатты қобалжытады. Станица басшылары Батыс-Сібір генерал-губернаторына Сексенниң намысқа тиер озбырлық істері жайлы шағым хат жазады. Ол жақ хатты тексеруді 1824 жылдан Батыс-Сібір шекаралық комиссиясының мүшесі Тәбей Барлыбаевқа тапсырады. Тәбей қазақтар мен орыстар арасындағы талай даулы істердің "арбаны

да сындырмай, өгізді де өлтірмей" бітімін тауып, екі жакты ақылмен келістіріп жүреді екен. Бұл жолы да тексеру уақытын созып, "ұзын арқан, кең түсauғa салып" жүргенде, Пресновтың өшіккен орыстары Сексенге оның сонда түсіп жүрген үйінің әйеліне тамаққа у қостырып бергізеді. Уланғанын сезген Сексен жау қолында өлмейін деп, атына міне салып өз қолымен (әскерімен) ауылыша келіп жан тапсырады. Сексен қазіргі "Бейітағаш" деп аталатын қыстауына жерленеді. Денесін орыстар мазақ етпесін деп, қабірін қылға араластырған балшықпен биік қылып жабады. Сексеннің өлгенін естіген Пресновтың орыс тұрғындары үш күн той қылып, арак ішкен деседі.

Сексенге өшіккен орыстар оның туыстарына күш көрсете бастайды. Сексеннің туысы Тоқсанға да бұдан кейін бұл жақта халық арасында билік жүргізу қауіпті бола бастағасын орыстардан жырақтау Терісаққан өзенінің Есілге құяр тұсына, (қазіргі Пески станциясының оңтүстік батыс бетіндегі "Западное" селосының маңына) қоныс аударуға мәжбүр болады.

Toқсанның жеңілуі

Тоқсан би қартайып келген шағында замандастарының бірі:

- Уа, Тоқсан би осынша жасқа келгенше талай адаммен кездестің, талай бимен айттыстың, талай даудамайда болдың, соның ішінде жеңілген жерің болды ма?- деп суралты.

Сонда қартайған би:

- Жас кезімде үш рет әйелден жеңілдім, - депті. Біріншісі: Маған жас кезімде қалың мал беріп қыз айттырған. Ер жеткесін әкем Жабай қайныма ұрын жіберді. Барғасын жеңгелерім мені түсірген отауга ішінде қалыңдығым бар үш қызбен ертіп келді. Екеуі ажарлы, біреуі

қайқы мұрын қара торы ажарсыз екен. Екі тәуірдің бірі менің қалындығым болар деп ойлап отырғанмын. Қыз ойнақ тарап, жұрт аяғы басылғасын, артында манағы үш қызы қалды. Жеңгемнің біреуі:

- Қүйеу, мынау сенің қалындығың,-деді маған өздері есіктен шығуға ыңғайланып, қайқы қараны нұсқап.

- Маған дегендерің осы болса, ала кетіндер,-дедім.

- Біз әкетуге келген жоқпыз, әкелуге келдік,- деді жеңгем. Басқалары кетіп, "Қайқы Қара" қала берді.

- Сен неге қалдың? Қалма, кете бер, шықта-шықтың астына алып жатырмын. Оған қозғалар "Қайқы Қара" емес. Аздан кейін:

- Бір ауыз сөзім бар,- деді ол.

- Айт та шық, шық, - дедім мен. Сонда "Қайқы Қара":

- Қыз бала шаригатта тоғыз жасында, еркек бала, он үш жасында балиғатқа толады. Сен де тілеген шығарсың сүйгеніме қоса көр деп, мен де тілеп едім. Сенің тілегің қабыл болмай, төрт жыл бұрын тілеген менің тілегім қабыл болыпты. Қабыл болған тілегімді өзгертпеймін,- деді.

- Сол Қайқы Қара" мына отырған, - деп жанында отырған кемпірін нұсқапты. Бір жеңілген жерім осы депті би.

- Екінші: Жесір қалған жеңгемді некелеп алу ойымда болып, оның ауылына барып, үйіне қондым. Кешкі жатар орынға тәсек салғанда жеңгеме: "Төсегінді кең сал, ағаның іні мұрасы, ағамның орнына жатамын", - дедім. Бұдан бұрын арада екі сез болмаған. Сонда жеңгем:

Бір ауыл болады,

Боз тәбелі үйі болады.

Ол ауылдың қадірлі ақсақалы болады

Сөзге тоқтайтын байсалды би болады.

Енді бір ауыл болады:

Шоштандаған би болады

Шошырайған үйі болады.

Байырқалы бидің
Ақылы басында болады.
Шолтандаган бидің
Ақылы астында болады.
Соның қайсысына жатасың,
Ендігісін өзің біл, - деді.

Екінші жеңілгешенім осы,-депті Тоқсан.
Үшіншісі: Әбіл деген байдың кіші қызынан жеңіліпті.
Ол былай болған екен:

Тоқсан Әбіл байдың ауылдының тұсынан өтіп бара жатса, байдың үш қызы күн тыншу ыстық болған-дықтан суға түсіп жатыр екен. Сонда тұра қалып Тоқсан қыздарға былай депті:

Қамысы мына өзеннің қырық буын,
Естідім қамыс жақтан қыздың дуын.
Таң атпай ақ шолақты суға салып,
Өзеннің бүлдірген кім аққан сүйн?

Сонда Әбілдің кіші қызы екі қолымен төсін басып түршіп, былай деп жауап қайырған екен:

Деген-ау бұқа буға, азбан нұға,
Өзенді арамсынсаң бетің жума.
Шешеңнің үйтып қойған қатығындей,
Итаршы болғаның не ағым суға!

Бидің бұл айтқан сөздерін тап сол күйінде түсінудің жөні жоқ. Мұнда "жеңілген" бидің ақылдығы, әйелді сыйлауы, басқалардай "Әйелдің шашы ұзын, ақылы қысқа" деп, қарамайтындығы үлгі-өнеге ретінде айтылып отыр. Басқаларға "Осындаі болындар, әйел адамды бидей сыйландар" - деген тәрбиелік мәні бар, жоғары ұлағатты сөз тумақ.

Toқсанның бірлікке шақыруы

Тоқсан би шығармаларында адамгершілік, құқық мәселелері көп айтылып, даулы мәселелердің өділ шешімі беріледі. Сондықтан да оның сөздері елдің елдігі мен

бірлігі деген мәселелердің басын қозғап, ел тұтқасын ұстаған билерді әділдікке, туралыққа шақырған. Бір бай бәйбішесін ұрып жатқанда Тоқсан:

Тоқсан құлық саусаңда,
Тоғыз мая биедей болмайды.
Тоқсан тоқал алсаң да,
Бәйбішедей болмайды,- деген екен.

Осы сияқты Қалқаман биге Тоқсанның айтқан мына-
дай сыны бар:

Қара асында қатын семіреді,
Қайғысыз би семіреді,
Қайғысыз би семіреді.

Тоқсанның тоқалы туралы айтқаны

Тоқсан бидің жасы тоқсанға келіп, жағы түсіп елейін деп жатқанда тоқалы қашып кетіпті. Тоқалының аузы қызыл, көзі кек, сары әйел екен. Сонда тоқалының қашып кеткенін естіп Тоқсан бидің айтқаны:

Қатын алсаң жігіттер,
Қыпшама бел торыны ал,
Ол болмаса, аққұбаның зорын ал.
Аузы қызыл, көзі кек,
Былшылдаған сөзі көп
Шапылдаған сарыға жолама
Артқы елінді қуартар,
Үйінің ішін шулатар,
Қотаныңды ду қылар,
Бауырыңды шу қылар.
Таңертенен қақылдар
Бетіңен алыш шапылдар.
Көлденең тұрган ағайын
Күліп күнде сақылдар.

Догалақтың кіші жүзге баруы

Кіші жұздегі он екі ата Байұлының бір ірі байы Бейсенбай қартайып, төсек үстінде отырып қалғанда балаларын сынайды. Мезгіл аллғашқы қар жауып, күздік сойыс басталған кез екен. Үш баласын шақырып алып:

- Шырақтарым, күз болып қар түсті, маған жылқыдан төл малым ғой көк биені алып келіп, сойып беріндер, омыртқасын мұжиин, - депті.

Балалары жылқыны келіп қараса, бес мың жылқы да бір тәбе, көк бие де бір тәбе болып көрінеді. Жылқының басы ғой мұны өлейін деп жатқан жанға қалай қиямыйз, бір көк малды соя салайық" деп келіседі де, сойып, кешке ағайын-туғандарын шақырып, шекесін асып, қонақ қылады.

Ас келген соң жүрттың бәрі жапа-тармағай қол қойғанда, әкесінің алдына қойған табақтағы ет қозғалмай түр, оны інісі Сәрсенбай байқап қалды да:

- Астан неге алмайсыз? - деп сұрайды. Сонда Бейсенбай: "Адал малым ғой" - деп тұздыққа сұқ саусағын салып, дәм тату ырымын жасайды да, інісі Сәрсенбайға ақырынғана "таңертең атыңды жақсылап ерттеп ешкімге сездірмей жылқыға бар да, менің қара көк биемнің бар жоғын анықтап келіп маған айт", - дейді.

- Үш баланы жіберіп, көк биенің омыртқасын мұжимін деп едім, басқаны әкеліпті,- деп ағаш сапты бәкісінің ұшымен етті бір аударып, табақты әкетіндер деп ымдайды.

Ертеңінен таң ата жылқыға келген Сәрсенбай көк биенің жылқы ішінде жүргенін көреді де, ағасына келіп айтады. Сонда бай үй ішіндегілерді сыртқа шығарып жіберіп, інісіне былай дейді:

- Атағым бір шама елге жайылған жан едім, менің өлгендердегі асымды тірімде бер, өз асымды, өзім керіп

Аллаға риза болып барайын, ал өлген соң мына үш бала асымды бере алмайды. Еншіге малға таласып, араларында реніш болады, тірі кезімде еншілерін бөліп берейін, алдағы жаз шыға үш жүзге хабар сал. Асыма қатыссын және бір тапсырарым: орта жүзден ашамайлыш керейде Жабайұлы Тоқсан бар, сол кісіге жеке хабар бер, - депті.

Сөйтіп келер жаз шыға мамыр айы басталысымен жер-жерге ертемен хабаршылар жіберіліп, өзі балаларының еншілерін бөліп бере бастайды. Еншіні төртке бөліп, бесінші еншіні інісі Сәрсенбайға береді. Бұл бөлгенні- өзінің асында жұмсалатын малы мен дүниелері. Ал алдындағы төртке бөлгеннің еншінің өзінің бәйбішесі мен үш баласына атайды. Бәйбішеге тиғен үлес ол қай баланың қолында болса, соған тиесілі болады. Сөйтіп бұл жұмысты бітірген ол асқа дайындықты қолға алады.

Екі жүздің атынан асқа бару үшін орта жүзден Тоқсан дайындалады. Баар жер шалғай, жолда сояр сойысын, сауын малын, ас-тағамдарын, жүйрік жылқы, құшті балуандарын әзірлейді.

Жүрер уақыт жақындаған Дағалақ әкесі Тоқсанға келіп: "екі жүздің асқа баар адамдарын мен басқарып барайын", - деп рұқсат сұрайды.

- "Атың барда жер таны, асың барда ел таны" деген емес пе, сіз тірі тұрғанда мен де ел көзіне көрініп, іске араласайын. Сіз мені сынап көріңіз- дейді. Бірақ Тоқсан жолын бермейді.

- Екі жүздің игі жақсыларын бастап барып, бір нәрседен қателессең бетке шіркеу болар, әлі жассың гой, сыналатын уақыт табылар, - дейді. Ұзын сөздің қысқасы, алдында рай бермегеніне қарамай Дағалақ әкесіне үш рет келеді. Сонда әкесі Тоқсан:

- Бір емес, үш келдің гой, тауың шағылып, бетінді қайтармайын, баратын жұрт жиналыш жатыр, бәрі келіп болған соң, келгендерге қонақасын бер, сол жиында

үш сауал қояйын, соған дұрыс, өрі мұдірмей жауап берсөң, барасың", - дейді.

Ел жиналышп, қонақасы беріліп, жүретін уақыт таянғанда Доғалақ әкесіне келіп: "мен сауалыңызға дайынмын" - дейді. Тоқсан би жиналған игі жақсыларға мән жайды түсіндіріп, баласының рұқсат сұрап тұрғанын айтып, сауалын қояды:

- Балам өмірде ер сыбағасы не? - дегенде Доғалақ күліп:

- Ата-ай, алты ай ойлаған сұрағыңыз осы ма, ер сыбағасы жаз болса бір тостаған қымыз, қыс болса бір омыртқа, жая емес пе? - дегенде отыргандар да Тоқсан да, риза болып қалған сауалдарын қоймайды. "Менен рұқсат" - деп, батасын береді. Сөйтіп Доғалақ жиырма бір жасында екі елді басқарып Бейсенбай байдың тірісінде беретін асына жүріп кетеді.

Кіші жұз жеріне келгенде алдынан торуылдал, хабаршы болып жүрген жігіттер тосын алғып, елге хабар беріп, бастап алғып жүреді. Орта жұзге тігілген үйлерге қонақтарды орналастыра бастағанда арнап тігілген үйге түсіру үшін ел басшылары Тоқсанды іздей бастайды. Тоқсанның жоқ екенін естіген Бейсенбай даяшыны жіберіп:

- Барып біліндер. Тоқсан болмаса, соның көзі бар шығар, сол адамды арнайы тігілген үйге түсіріндер, - дейді. Сол айту бойынша Доғалақты игі жақсыларымен арнайы тігілген үйге түсіріп, ас бергеннен кейін, біраз тынығып дем алған қонақтар Бейсенбайға келіп сәлем береді. Сонда Бейсенбай амандық-саулықтан соң Доғалаққа қарап:

- Әкең Тоқсан екі жұздің адамдарын басқартып жібергенде саған сенген шығар, мен де сендім, менің осы асымды өткізіп, жөнелтуді інім Сәрсенбай мен саған тапсырдым, асты басқар", - дейді.

- Дайындық жағдайын біліп, танысып болған соң Доғалақ іске кіріседі. Ас беріп аяқталуға жақындағанда

ат жарыс, балуан күрес өтетін жерлерді хабарлайды. Сонда кіші жүздің Қамбар деген сынышысы осы уақытта бәйгіге қосылатын аттарды сынап жүрсе керек. Арарап жүріп Доғалақтың тобына келеді. Сонда Доғалақ бәйгеге қосатын үш жылқысын алыш шығып, сөйлеп жүр дейді. "Осы жолы үшеуін бір-біріне құйрық тістесіп, бірге келіп үш бәйгені алатын болындар, болмаса үшеуінді де орта жүздің Бейсенбайға жасаған батасына соямын", - деп тұмсықтарынан сүйіп жүрсе керек. Оның тілегі дәл келіп, нағашысының күрені бастаған үш жылқы үш бас бәйгені алады.

Қамбар сынышы күреске дайындалып жатқан балуандарды арарап жүрсе, тағы Доғалақ екі жүзден келген үш жігітке: "Үш бәйгіні де алатын болындар, әйтпесе Бейсенбай дүниеден өткенше құтуші болып қаласындар", - деп, мәндайларынан сүйіп жатқанын көреді. Сонда Қамбар Доғалаққа былай деген екен:

- Шырағым Доғалақ, құдай бір адамның үш тілегін орындауды екен, бірақ бір уақытта орындалғанын естіп көрген жоқпын, ал сенің бұл сапарында үш тілегінді құдай бір уақытта орындауды деп тұр, сен оған риза болмасаң да жарайды. Өйткені жарық дүниедегі өмірің қысқа болады екен" - депті де жүре беріпті.

Балуандарының үшеуі де бас бәйгіні алыш, ат бәйгісінен де бас үш бәйгіні алыш, ас беріліп, жұрт тарқар кезде Доғалақ Бейсенбайға келіп:

- Бейсеке тірі кезіңізде асыңызды бердіңіз, қабыл болсын. Енди олай-булай болып кетсөніз, жол қашық, арнайы келіп, бата жасай алмаспсыз, халқынызды тоқтатыңыз, біз сізге бата жасап, ас береміз, - дейді. Сөйтіп рүқсат алған соң ат жарысы мен балуан күресінен алған алғашқы екі тоғызды сойдырып, ас береді, екінші екі тоғызды үлы жұз аға баласының ғой, деп соларға береді. Үшінші бәйгілердің (жарыстың да, күрестің де) кіші жүздің ақсақалдары мен асты жөнелтіскең даяшыларға бөліп береді. Орта жүздің еріп барғандарына:

- Сіздерге осының атағы да жетеді, Бейсенбай қария маған жолын бермекші, соны бөліп алышадар", - дейді.

- Доғалақ елге аман-есен келгенде әкесі қуаныш, істеген істеріне риза болып, көнілі толады. Бірақ бұл қуаныштың аяғы үзаққа бармайды. Нагашысы қосқан жүйрікті Доғалақ бермей қойса керек. Екі рет сұраған нағашысы үшінші рет Тоқсанға келіп:

- Жалғыз баламның астындағы аты еді, жиенім Доғалақ бермей қойды, алыш беріңіз,- дейді. Мұны естіген Доғалақ: "Оған да маған да жоқ қылайын", - деп, жүйрікті қасындағы жігіттерге сойып береді. Сонда Тоқсан баласын шақырып алыш:

- Құдай тілегенде бергенде- сілегенде алмай ма екен, - деп оттың орнын тал шыбықпен бір салыпты. Сол қарғыстан кейін Доғалақ бес-алты күн ішінде мандайына жара шығып, содан қайтыс болыпты.

Міне, "әке қарғысы – оқ, шеше қарғысы – жоқ" деген сөз осыған мысал болады. Тоқсан дәуірінде ақылды, әділ адам болыш, артына көп үлгі - өнеге қалдырып кеткен абыздардың бірі екендігі өркімге аян.

Өлеңмен айтқан нақыл сөздер

Ел ішінде Тоқсан би айтыпты деген өлеңмен айтылған толғаулар, нақыл сөздер көп. Солардың кейбіреулері мыналар:

Адасқан адам жол таппас,
Еріншек жігіт мал таппас.
Ер зарығып налымай
Дәulet пенен бақ таппас.
Кекірейіп кер кеткен,
Өмірінде дос таппас.
Адам ойлыға дос болса,
Кіреріне қос таппас.
Ежелден дәulet бақ қонса,

Аруақ орны бос жатпас.
Жақсы болса ағайын,
Күнде қызық базарың.
Жаман болса ағайын,
Күнде өлім ажалың
Жақсы болса алғаның
Көркейеді ажарың.
Жаман болса алғаның,
Кеуіп тұрар қазаның.
Жақсы болса туысың,
Күнде жанжал керісің
Аяғынан алады,
Істің білмей терісін.
Артында сөзі қалмаса,
Жақсысының аты жоғалар.
Ер жігітке бақ конса,
Дүшпаны да жағалар.
Қолынан бір күн бақ тайса,
Сол шіркіндер табалар.
Аяқтан тұлпар ақсаса,
Мәстекке күнын бағалар.
Жаман болса туысың,
Жүрекке қайғы жаналар.
Алтынды жағаң қисайса,
Дүшпаныңа қосылып,
Күлінді келіп сабалар.

Тоқсан би төсек тартып жатып қалады. Балалары, немерелері жиналышп, оның көңілін сұрауға барышты. Сонда Тоқсан би балаларына мынадай өсиет айтқан екен:

- Өткел өтсең бұрын өт,
Арты болар бір тайғақ.
Ұрлық қылсаң жалғыз ет,
Екеу болсаң бірі айғақ.
Сапар шексең көппен шек
Дүшпаныңа ол да айбат!

xxx

Қарауылдың жаманы
Алдырған соң өкінер.
Балуанның жаманы
Шалдырған соң өкінер.

xxx

Пышағынды мұқалтна
Не кеспесті біліпсің.
Танымасқа сыр айтпа,
Не деспесті біліпсің.

xxx

Көлік жисаң атаң жи,
Қиға салсаң мойытпас.
Сауын жисаң бие жи,
Үш ай тоқсан болғанша
Ариды деп ағытпас.

xxx

Тоқсан бидің қартайған шағында оған бір топ ауыл адамдары әңгімесін тыңдауға барыпты. Сонда ол осы күнгі жастардың үлкенің сезін тыңдамайтынын, арақшараң ішіп азғындайтынын, киімді шолақ қиетінін, шашты бетімен жіберетінін, адал, арамды білмейтінін, бой қүйездік пен ұрлық-қорлыққа бейім тұратындығын, тағы сондай жағымсыз, әдепсіз қылыштарын болжап айтыпты деген сездері ел арасына таралып кеткен. Бірақ дер кезінде жазылып алынбаған.

xxx

Тағы бірде ауылдастары: "Адамның ұзак жасауының сыры неде?" – деп сұрапты. Сонда Тоқсан би:
- Біріншіден- құлақ тыныш болуы керек.

Екіншіден - жылы төсек, жақсы өйел, қамқор бала-шаға болу керек.

Үшіншіден - жағымды тамақ болу керек, - деп, жауап беріпті дейді.

Адамның әр жасындағы жагдайы туралы айтқаны:

Он бесте- лақ теке
Жиырмада- қасқыр
Отызда-ойнарқы ат
Қырықта қылышылдайды
Елуде- өрелі ат
Алпыста-арқанды ат
Жетпісте- шідерлі ат
Сексенде-кісенді ат
Тоқсанда –торы ала торғай
Жұз жасында жұмыртқадай

xxx

Жігіттің жасы жиырма бес
Жігіт жиырма бесте
Жарға ойнаған лақтай
Отыз беске келгенде
Ағып жатқан бұлақтай.
Қырық беске келгенде
Седірең біткен құрақтай.
Елу-ердің жасы.
Алпыс-ел ағасы.
Жетпіс- кәріліктің басы
Сексен келіп бүйірден
Шығарады тоқсан үйірден
Тоқсан мен жұз- ұлы жас

xxx

Ағайынға айтқаны:

Артқы айылдың батқанын
Иесі білмес, ат білер.
Ер жігіттің қадірін
Ағайын білмес, жат білер.
Біреуден алсаң аман ат,
Берсең жақсы-саламат.
Жанжал қылсаң бақ кетер
Ақыры қалар жаман ат.

xxx

Керей Тоқсан бидің батасы

Қарала Қазыбектей бақытты бол
Ақсүйек Ахметтей тоқтылы бол!
Жаппаста Жараспайдай түйелі бол,
Қыпшақта Қенебайдай биелі бол
Керейде Жәнібектей ақшалы бол,
Бұғының мүйізіндегі шақшалы бол.
Нәсілің Құрайыштың ғибласындей,
Қожахмет Яссайдей киелі бол.
Сері Фалы арыстандай балалы бол,
Бір тұнде бес жұз намаз ада қылған,
Шапатлы Батимадай аналы бол,
Шақшакта Қазыбектей аталы бол,
Ұлы жұз Сәуенедей баталы бол,
Абылайдан кем болмасын.
Жұмсалған Алатауға сансыз мың қол.
Тәуфікте төрт ғиблаң түгел болсын.

"Әмин" деп, қолынды жай, айтарым сол.
Болғанда тағам сізден, ықлас бізден,
Енді қандай тілейсіз бата бізден?

Мұндай Тоқсан бидің кезінде айтқан толғаулары, нақыл сөздері, билік, төрелік сөздері ел ішінде күні кеше көп айтылатын. Уақыт өткен сайын оларды жадында ұстап айтып отыратындар азайып барады.

Тоқсан би қай мәселені (дау-данай) шешуде болмасын қара қылды қақ жарған, өте әділ, көпшіл, қоғамшыл болған адам. Содан болса керек, шөп шамалы шыққан жылдары малдарын Уақ, Қанжығалы, Атығай, Қарауыл елдеріне жайлауга шығарады еken. "Тоқсан жылқысына жайылатын жер сүрай жібереді", - деген хабар келсе, қандай сараң бай болмасын бетін қағып көрмепті. Бұл, әрине, Тоқсан бидің өте беделді, парасатты адам болғанын көрсетеді.

III. ТОҚСАН БИДІҢ ЗИРАТЫН ІЗДЕП ТАБУ

Міне, осындай парасатты Тоқсан атамыздың қай жерде жерленгені көп жылдар бойы белгісіз болып келеді.

Алдай Жабай батырдың балалары Сексен мен Тоқсанның қорымдары (зираттары) Жамбыл ауданының Талпын (Сексен), Қарағаш (Тоқсан) ауылдарында. Сексеннің бейіті өзінің қорымында. 1995 жылы туыстары оның бейітінің басына ескерткіш қойып ас берді. Ал Тоқсан өз қорымында жерленбegen. Ауызша әңгіме деректері бойынша, Тоқсан би бір дауды шешуден келе жатып жол үстінде қайтыс болады. Денесі Атбасар қаласы маңына жерленеді. Бұл туралы Зәркөш Тақыров ақсақал "Солтүстік Қазақстан" газетінде жазды да. Тоқсан бидің Атбасар жағына талай дауға барып келіп жүргені рас. Бірақ оның сол жақта қайтыс болып жерленгені шындыққа жатпайтын еді..

Сол "Солтүстік Қазақстан" газетінің 1998 жылғы 28 қазан күнгі санында Целинний ауданындағы Чистополье селосының тұрғыны газет оқырмандарына танымал тілші Дүйсенбі Қазыбектің "Тоқсан би туралы бірер сөз" атты мақаласы басылды. Тоқсан би туралы айта келіп, ол былай деп жазады: "Тоқсан би сапарда (жолда) жүріп өліпті деген сөз дұрыс емес... Шындығына жүргінсек, Тоқсан бидің зираты "Западное" селосынан (Целинний ауданы) 2-3 шақырым жерде" деп жазады да дәлелдерін келтіреді. – Керей руында Тоқсан би деген адам болған, зират сол кісінікі. Ал осы жер Уақ елінің жері екен. Бірақ Керей-Уақ бір туғандықтан, жерді кезектесіп жайларған ғой. Қебіне Тоқсан би иелік еткен. Қектемде көшіп келіп, күзге дейін осы өнірді жайлау етіп, малдарын бағып жүріпті. Бір жылы Тоқсан қатты сырқаттанып, тесек тартып жатып қалады. Өлерінен екі күн бұрын балалары мен туыстарын жинап: - "Мен енді көп жасамаспны.

Олай-бұлай бол кетсем, сүйегімді Есілдің арғы бетіндегі Қарауыл-Төбеге қойындар"-деп өситет етсе керек... Міне, Алланың жазуымен Тоқсан биге топырақ осы арадан бұйырыпты" - деп еді Қазыбек шал" - деп жазады автор. Мақала авторының Тоқсан би бейіті жайында тағы бір дәлел мұнау:

1964 жылдың маусым айында осы ауылға Сәбит Мұқанов келді. Қасында ақын Еркеш Ибраһим мен "Көкшетау правдасы" газетінің меншікті тілшісі болды. Қонақтар ескілікті әңгімені көп билетін Жанахметтің Қанапиясының үйінде түстенеді. Таңтерен қонақтар аттанарда Қанапия: "Әй, Сәбит! Ұмытып барады екен-мін. Сенің атаң Тоқсан бидің зираты осы арадан 10-12 шақырым жерде. Басына барып, құран бағыштатпайсың ба? - деді.

- Күні кешегіге дейін Тоқсанның зираты қай жерде екенін білмеуші едім. Кеше Кенжеахмет көрсетті. Аят оқып, бет сипадық. Жарықтық бір аунап түскен шығар, - деді Сәбен".

Мақала авторы одан әрі Сәбен мен Қанапия қарттың осы әңгімесіне куә болған, қазір көзі тірі адамдардың есімін айтады. Олар-Тасмағамбет Айсенов, Сейітқұл Бозкенов, Баймұрат Оразбеков, Сембай Жұмабаевтар.

Тоқсан бидің зиратын тап басып айтып беретін адамдардың (қазіргі көзі тірісі) да естігендерін айтады. Олар-Шотбай Қерішалұлы, Еслем Семейбайтегі, Бейітқұл Сейтекеұлы, Қеккөз Кенжетайұлы.

Автор өзінің мақаласын былай аяқтапты:

"Ал енді Тоқсан би сияқты адамдардың аттары неге Ұмыт қалуға тиіс? "Западное" селосы Тоқсан есімін алуга өзі сұранып түрған жоқ па? Құдайға шукір аталмыш селода 60-65 отбасы бар екен. Өздері бір ауыл ғой. Ендеше тезге салып, облыстық мәслихаттың алдына мәселені тікелей қоятын кез жетті".

Міне, осы мақала Тоқсан атамыздың бейітінің нақты Тұрағын анықтап бергендей болды. Осы мақаламен таныс-

қаннан кейін осы жазылып отырган кітаптың авторлары сол атамыздың жақын ағайын-туыстарымен, лауазымды адамдармен сөйлесіп сол бейіт тұрған жерге барып көру қажеттігін айтып жар салды. Тіпті бұл мәселе туралы "Солтүстік Қазақстан" газетінің 1999 жылғы 25 тамыздағы санында Социал Жұмабаевтың "Тоқсан бидің бейіті ескерусіз қалмасын" деген мақаласы да жарияланды. Бірақ көпке дейін ешкім қозғала қоймады.

Тек 2000 жылдың 26 маусымы күні сол Сексен, Тоқсандардың ағайыны Серікбай Қазыбеков езінің жеке "Волгасымен" бізді алып сол Целинның ауданындағы жоғарыда айтылған Тоқсан бидің бейітін тауып алып көруге ниет білдірді. Біз облыстық ақпарат және қоғамдық келісім басқармасынан Целинның ауданы әкімінің орынбасары Нұржанова Жамал Рақымбекқызының атына хат жаздырып алдық та қасымызға Көкен Бекжанұлы Қопышев ақсақалды ертіп, төрт кісі тәнгертенгі 6 жарымнан Целинның ауданына жол тарттық.

Біз отбасын алдымен аудан әкімшілігінің үйіне тіредік. Бізді әкімнің орынбасарлары Жамал Рақымбекқызы Нұржанова және Алтынбек Тоғайұлы Абдуллаев қарсы алды. Бұдан кейін аудан әкімі Серік Ермешұлы Сүлейменовтың қабылдаудында болып, келген шаруамызды айттық. Әкім бізге сәт сапар тілей отыра, аудан таралынан қандай да болсын көмек беруге дайын екенин айтып, орынбасары Абдуллаевқа бізге көмектесуге нұсқау берді. Анықталатын болса, Тоқсан бидің зирағын қамқорлыққа алатынын, түбінде, құдай қаласа, не ауданға, не Заподное селосына Тоқсанның есімін беруге іс-қимыл жасайтынын да айтты. Біз әкімнің бөлмесінен Серік Ермешұлының ұлттық мінезіне, ұлттық зерделігіне риза болып шықтық.

Біздің Тоқсан атамыздың бейітін іздестіру уақытымызды қысқартуға Алтынбек Тоғайұлы көп көмегін тигізді. Өйткені газетте жазылған Тоқсан би зирағын біледі деген адамдардың біразы (оның ішінде Дүйсенебі

Қазыбек те) бұл дүниеден өтіп кеткен, қалғандары өр ауылда тұрады еken. Осы адамдармен кездесуді үйимдастырган Алтынбек ініміз болды. Селолық округтер әкімдеріне телефон шалып, кейбіреулерін әкімшілікке алдыrsa, кейбір әкімдерге қемектесуді тапсырды.

Осындай қемектің арқасында біздің бірінші кездескен адамымыз аудан орталығынан 70 шақырымдай қашықтықтағы "Стерлитамак" ауылының тұрғыны 73 жастағы Сейітқұл Сейтенұлы Бозкенов болды. Ол кезінде ел басқарған, тоқығаны көп, сөзге жетік адам еken.

- Ол кезде Тоқсан би зиратының жанында Менгезей ауылында тұратын едік, - деп бастады әңгімесін Сейітқұл ақсақал,- менің бала кезім, бір күні әкеміз үйге қатты ренжіп келді. Тоқсан би бейітінің үстіне, биік төбе болғандықтан, жер қыртысын зерттеушілер болса керек, темірден биік қылыш жасаған белгі қойыпты. Аруақты қорладындар деп әкеміз солармен ұрысысып келген еken. Тоқсан бидің атақты, киелі адам еkenін, зиратының сол арада еkenін әкемнен сол жолы бірінші рет естідім.

Содан бері де, міне алпыс жылдай уақыт өтті. Тоқсан би зираты жатқан төбені "Тоқсан би төбесі" деп атайды. Сол жерге жақын ертеде су диірмені болды. Ел оны "Тоқсан би диірмені"- деп атады. Ол кезде осы маңайда жалғыз диірмен осы болды. Үн үктіруге келген жұрт зират басында аят оқып, "тие берсін" айттып өтетін. Әкеміз, басқа да ауыл ақсақалдары зираттың иесіз, күтүсіз жатқанына ренжитін. Бұл жер Жансары Уақтың жері ғой. Әкеміздің айтуынша, Керей Тоқсан би де осы араны жайлau қылышп, көктемнен күзге дейін осы жерде болады еken. Бірде қатты ауырып, өзін осы төбеге жерлеуді таманат етеді. Осы төбеден 3-4 шақырым жерде үлкен зират болса да, осы жерді қалауының себебін сұрағанда: "Бұл жер түбінде тоғыз жолдың торабы болды келешек ұрпақтарым осы арадан өткенде, мені естеріне алышп, дұғаларын оқыр" - депті дейтін.

Өздеріңіз көріп отырыздар, аруақты бидің айтқаны келіп, зираттың түбінде Алматы-Екатеринбург, Жезқазған-Қызылжар, Қостанай-Көкшетау тас жолдары та-бысып, әрлі-берлі жолаушылар ағылған жерге айналды. Шынын айтайын,-деді одан әрі ақсақал,-Тоқсан би си-яқты біртуар адамның елі-жұрты, туыстары жоқ па, зи-ратты неге иесіз қалдырды еken деп ойлайтынбыз. Сіз-дің Тоқсан бидің қайда жерленгенін білмейтіндеріңізді білгеміз жоқ.

- Тоқсан бидің зиратын көрсетіңіз,- дегенімізде:
- Көзім қазір өте нашар көреді. Сіздердің жүзде-ріңізді де анық көре алмай отырмын. Мынау көрші Возвышенка ауылында Сайран Қекдайұлы деген немере інім және Қажымұрат Оразбекұлы, Сембай Жұмабайұлы деген азаматтар бар, олардың бәрі де зиратты біледі. Мен айтты деңіздер, сіздерге зиратты көрсетеді,-деді. Сейітқұл ақсақалмен есендік айттысып, айтқан ауыльна келдік. Сайран деген азамат өте парасатты адам еken. Алыстан келген екенсіздер деп, қонақжайлық танытып жақсы қарсы алды. Сембай деген жігіт жол журіп кеткен еken. Сайран мен Қажымұрат екеуі Тоқсан би жайында білгендерін айттып, өз мәшіндерімен жол бастап Тоқсан би зиратына бастап алып келді. Зиратты алғаш көргенде әрқайсымызды бір сәт үнсіздік билеп, әрқайсымыз өзіміздің ішкі сезімімізben болдық. "Жа-рықтық-ай, осы жерде екенсің ғой!"-деп Қекен Бек-жанұлы құран сүрелерін оқыды. "Өшкеніміз жанып, өлгеніміз тірілді" деп, қазақ осындайда айтқан ғой деп ойладық.

Осылай іздестіру жұмысын сәтті аяқтап, бабамыздың бейітін тауып қуанып, күн соңында әкімшілікте Алтын-бек інімізьең қайта кездестік. Рахыметімізді айттып, батамызды бердік. "Алтынбек деген атың затыңа сай еken" - дедік.

Осы сапарымыз сәтті аяқталғанинан кейін облыстық "Қазақ тілі" қоғамы мен "Ақсақалдар алқасының" мұ-

шелеріне көрген-білгенімізді түгел айтып жеткіздік. Тоқсан бабамыздың зиратын тауып, көзімізben көргенімізді облыстық "Солтүстік Қазақстан" газетіне жазып, бұкіл облыс жұртшылығына хабарладық.

Ескерткіш орнатып, ас беру

Ендігі мақсатымыз қалайда намыска тырысып осы алыс бабамыздың бейітін қоршап, басына ескерткіш тас орнатып, оның үрпақтарын, туыс-жекжаттарын, басқа да зиялды азаматтарды жиып сол "Тоқсан би" төбесінде ескерткішті ашу рәсімін жасап, дүға оқытып, ас бару болды. Біздің бұл ойымызды қаламыздағы көвшілікке белгілі парасатты Загыпар Байқуанышев ақсақал қолдады. Ол кісі бізben бірге облыстық "Қазақ тілі" қоғамының тәрағасы Қосыл Омаровқа, облыстық халық сотының тәрағасы Бекет Тұрғараевқа барып, мән-жайды айтып, осындай ұлағатты іске көмектесіндер деп мәселені турға қойды.

Бұл жерде облыстық соттың тәрағасы Бекет Тұрғараевтың тамаша үлтжанды, көзі ашық, парасатты азamat екенін атап өткеніміз жөн. Бұл кісі бізді тыңдалалысымен бейітке шойыннан қоршашауды, ескерткіш тасты дайыннатуды, тіпті сол бейіттің жанынан киіз үй тіктіріп ас бергізуге көмектесетінін бірден айттып, уәдесін берді және сол уәдесін толығымен орындаады. Осы арада қысқаша осы кісінің қызмет жолын айта кеткеніміз жөн.

Бекет Тұрғараұлы Тұрғараев 1974 жылы Әл-Фараби атындағы Қазақ мемлекеттік ұлттық университетінің заң факультетін бітіргеннен кейін 1975-1987 жылдары Шымкент облыстық сотының мүшесі, 1987-1992 жылдары Шымкент қаласындағы Дзержинский аудандық сотының тәрағасы, 1992-1996 жылдары Оңтүстік Қазақстан облысы сотының тәрағасы болып істеген. Ал,

1996-1998 жылдары ол Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасының басқарма бастығы, 1998-1999 жылдары Әділет министрлігінде Соттардың қызметін үйімдастыру департаментінің директоры қызметін атқарған. Міне, осындай мол тәжірибеге ие болған білікті маман 1999 жылдың 16 қарашасынан біздің Солтүстік Қазақстан облыстық сотының төрағасы болып тағайындалған. Оған 1989 жылы Қазақ КСР-інің еңбек сінірген атағы берілген. Ол қазірде республика Әділет министрлігінің біліктілік алқасының мүшесі.

Бекет Тұрғараұлы өз ісінің тәжірибелі де білікті маманы. Ол тек өзі басқарып отырған облыстық сот жұмысын тыңғылышты да білікті атқарып қана қоймай еліміздегі бүкіл соттар жүйесінің ісіндегі жетістіктер мен кемшіліктерді сарапалап, өз ойларын, ұсыныстарын баспасөз бетінде жариялады. Мысалы ол "Егеменді Қазақстан" газетінің 2000 жылғы 18 маусымындағы санында "Сот беделі-мемлекет беделі" атты көлемді мақаласын жариялады, сот реформасының барысы хақындағы ойларымен бөлісті. Мұнда ол судьялардың адалдығы мен біліктілігіне көп көңіл бөлгендегі.

Міне, осындай адам Тоқсан бидей қара қылды қақ жарған әділ, тұра, білікті бидің зиратын қоршап, белгі ескерткіш тас қоюға жан-тәнімен көмектескені занды да еді.

Осындай жұмысқа Целинный ауданының әкімшілігі де өз көмегін аяған жоқ. Олар сол қоршауды және ескерткіш құлпытасты орнатуға көмектесті. Ас берілетін күні тәбе басына киіз үйлер тігіп, астық жабдықтарын дайындауды.

Нәтижесінде осы 2000 жылдың 25-тамыз куні Тоқсан би бабамыздың басына құлпытас қою салтанаты өткізілді. Осы салтанатқа өзіміздің облыстың бірнеше аудандарынан, Ресейдің Түмен, Омбы облыстарынан аруақты бидің үрпақтары, туыс-жекжаттары, зиялды азаматтары жиналды. Облыс орталығы Қызылжар қаласынан 40-50 адам

келді. Целинның ауданынан да бірсыптыра адамдар жи- налды. Облыстық соттың төрағасының шақыруымен бар- лық аудандық соттардың төрағалары қатысты.

Салтанатқа жиналғандар ең алдымен төбе басындағы бейітке келіп, тізе бүгіл Тоқсан би бабамызға арнайы ба- бышталып оқылған дұғаларға қатысын қолдарын жайып, беттерін сипады. Қызылжардан келген Абылай имам, Ке- калажар, Чистополье мешіттерінің имамдары Шүкірат Қа- дыртегі мен Нұрлан Әбенұлы бірнеше мәрте дұға оқыды.

Қабір басында ескерткіш құлпыгасты ашу рәсімі өткі- зіліп, онда Целинның ауданының әкімі Серік Сүлейменов, халықаралық "Қазақ тілі" қоғамы облыстық үйымының төрағасы Қосыл Омаров, облыстық соттың төрағасы Бекет Тұрғараев, абзап ақсақал Зағыпар Байқуанышев, Жамбыл аудандық мәслихатының хатшысы Танат Сүгірбаев ар- найы алып келген шежірепті қарт Зәркөш Тақыров, туыс- тары атынан бидің бесінші үрпағының әuletіне келін бол түсken Зайда Файзулина сөз сейледі. Ал Тоқсан бабаның шебелегі жеті жасар Зарина Файзулина бабасына арнап бір шумақ өлең оқып жиналғандарды тәнті қылды.

Сөйлегендердің ішінде әсіресе Бекет Тұрғараұлының ойлы да парасатты сөзі барша жиналғандарды үйитып тастады. Оның сонау Ордабасындағы Төле, Қазыбек, Әй- теке билердің кеңесінен басталған ұлы татулық, ынты- мақ күш-куатын солардың ізін басқан Тоқсан биге, одан бүгінгі қазылар тірлігіне дейін сыйылта, әуезден- діре әңгімелегені бәрімізге үнады. - Әр сөзі алтын бол- ған, асыл баба басына перзенттік тағым етемін-деді ол. - Біз, бүгінгі қазылар, солардан үлгі алып, туралықтың жолынан таймауға тиіспіз!

Оның бұл ұлағатты сөздерін басқа жүртпен бірге облыс аудандарының соттарының төрағалары да тыңдалап отырған болатын. Әлгі ұлағатты сөздер оларға да нұс- қау іспетті естіліп, зор өсер қалдырғаны сөзсіз.

Құлпытас (орнату) ашу салтанатына жиналған Сек- сен, Тоқсан Жабай үлдарының көп туыстарының ішінде Сексен батырдан тараған үрпақ өкілі, өзі де қазір сек- сен жастан асқан соғыс және еңбек ардагері Қызыл- жарлық Мәлгаждар қарт, Жамбыл ауданындағы Талпын

ауылшының тумалары қайнет өuletінің үрпақтары Боташ, Нұржан Қайнетовтер, Ескене Керей ұлдары ағалы-інілі Серікбай мен Махмет Қазыбековтер, Тұмен облысынан келген қарт Қапез Бекімов, белгілі қызметкер марқұм Файзолланың Әбуінің үлкені Жеңіс бастаған ұлдары әuletімен болды.

Төбе етегіндегі киіз үйлерде би атаның асына арнайы сойылған жылқы, қой еттері дастарханға қойылып, дұға бағышталды. Зағыпар Байқуанышев пен Серікбай Қазбековтар бөлек кигіз үй құрғызып, өз дастархандарынан арнайы ас берді. Ас үстінде Зағыпар ақсақал:

- "Жарықтық, жақсының аты өлмейді деген осы емес пе? Жасы-кәрімізді аруағы желеп-жебеп жүрсін. Өзіңе-өзің кәміл бол, халқыңа әділ бол, жауыңа қатал бол, досына адал бол! деп толғанып батасын берді.

Жиналған жұрт топ-тобымен би атамыздың бейтіне қойылған ескерткіш құлпытастың жаңында ескерткішке суретке түсті. Қара сырмен сырланған кең де биік шойын қоршаудың ішіне орнатылған кісі бойынан асатын табиғи жақпар тастан жасалған құлпытаста ойылып жазылған мынадай сөздер көзге жылды ұшырап, әр адамды ойға қалдырады:

"Тоқсан би Жабайұлы. Алдай атасы

Керей руы. XIX ғасыр.

Ер Сырымдай халқыңың көсемі бол,
Тоқсан бидей үш жүздің шешені бол!

Сегіз сері."

Сонымен қатар сол биік төбенің басындағы бейіттің үстінде орнатылған ай осы бейіттің қасынан өтетін тас жолдан өткен-кеткен жолаушыға анадайдан көрінеді. Енді Тоқсан бабамыздың дүниеден өтерде айтқан сәуегейлік көрегендік сөзі шындыққа айналып тобесінде күмістей айы жарқыраған баба бейітінің қасынан өткен жолаушылар оған тағзым етіп, иектерін сипап өтеді, билетіндері арнайы аялдан дұға оқып, сауап алатаңдары сөзсіз.

IV. ТОҚСАН БИДІҢ КИЕЛІЛІГІ

Ел аузында Тоқсан бидің шешендігімен қоса киелілігі, көріпкелділігі жайлы да аз айтылмайды.

Керей-Уақ рулары қоныстанған қазіргі Жамбыл және Мамлют аудандарына қарасты жерлерден Ресей патшалығы "Аңы белдеу" деп айтатын жаңа шекара журғізіп, қазақтарды ата қоныстарынан айырғаны, Сөйтіп Ресей өзінің шекарасын ресми түрде Есіл өзені бағытына (шығысқа) қарай 200 шақырымға дейін кеңейткенін тарихтан білеміз. 1773 жылы құрылған Орта жүз хандығының құрамындағы Солтүстік Сарыарқа қазақтарының Қызылжар уәләятінің (даласы) шорасы (ханы, өлкө басшысы деген мағынада. Авторлар.) Шақшақ Қошекұлы мен уәләяттың тәбе би осы қызын кезеңде жерінен айрылған қазақтарды жаңа жерлерге қоныстандырып, жер бөліп беріп елге қамқор болған екен. Бірде Тоқсан би қолында билігі, мол жері бар, үстемдігі жүріп түрған бір адамнан жерсіз қалған Нұралы, Нұрымбет аталарына жер беру туралы өтініш жасайды. Ол адам Тоқсан бидің өзін де дұрыс қабылдамай, жер беруден үзілді-кесілді бас тартады. Тоқсан би аулына жетпей әлгі адамның екі бірдей баласының кенеттен қайтыс болғанын естиді.

Бұл ел аузындағы көнеден келе жатқан Тоқсан бидің киелілігі туралы кең тараған әңгіменің бірі. Біз енді көзben көріп, құлағымызben естіген, тікелей күесі болған жәйіттерге тоқталайық.

Тоқсан би бейітінің қай жерде екенін алғаш айтқан Целинный ауданы, Стерлитамақ аулының 73 жастағы түрғыны Сейітқұл Бозқенов ақсақалдың әңгімесінен үзінді келтірейік:

— Тоқсан би бейітінен 3-4 шақырым жерде Менгезей дейітін ауылдың үлкен қорымы болса да, Тоқсан би өзін осы тәбебеге жерлеуін өсиет етеді. Неге екенін

- сұрағанда, бұл жер болашақта тоғыз жолдың торабы болады, үрпақтарым осы арадан өткенде дұғасын оқып өтер дейді. Ақыры айтқаны келіп, бейіт жанынан үлкен тас жол етеді.
- XIX ғасырдың аяғында,-дейді Сейітқұл ақсақал Тоқсан бидің киелігі туралы әңгімесін жалғастырып,-осы араға қара шекпенділер (переселенцтер) көшіп келіп, қала тұрғызып, Тоқсан би бейітінің тұсында Есілдің жағасында су диірменін салды. Шынын айтсақ, осы өңірдің халқын бір ғасыр уақыт асыраған осы диірмен болды. Ат жетер жердегі жолдың аузында болғандықтан диірменге келген жұрт "тие берсін" деп, дұғаларын оқиды. Ел ішінде мынадай әңгіме тарайды, бірде диірменге үн үктіруге келген бір адам бейіт жанынан дұға оқымай өтеді, сол жолы диірмен сыйнып қалып ұнын үктіре алмайды. Осы сияқты сәтсіздіктер 2-3 рет болғасын бұны естіген басқа үн үктірушілер Тоқсан би аруағына сыйынбай диірменге өтпейді екен.
- Ел ішінде-дейді Сейітқұл ақсақал, - Тоқсан би бейітіне тәуіп етіп, аруағына сыйыннып нәресте тілеген аналардың және қасіретті адамдардың тілегінің орындалып жататыны туралы да әңгімелер бар.

Қазір қыын уақытта Тоқсан бидің бейітін іздестіру, бейіт басына белгі қою, ас беру, Тоқсан би мұрасын, шежіресін жинастыру, осы кітапшамызды шығару сияқты жұмыстардың ешқандай іркіліссіз, уақытында сәтті аяқталып отырғаны да Тоқсан бидің киелі адам екендігінен деп ойладық. Тіпті, кейін осы бағыттағы бастаған әр ісіміздің міндетті түрде орындалатынына шұбә келтірмейуге айналдық.

Тоқсан бидің бейіті табылғасын облыстық "Қазақ тілі" қоғамында бейіт басына ескерткіш орнату, ас беру

және тағы басқа Тоқсан биге байланысты шараларды үйымдастыру үшін ынталы топ құрылды. Осы топтың бірінші отырысында бейіт басына белгі қою үшін демеуші іздеу туралы әңгіме болғанда осы топтың мүшесі Зейнолла Әлімжанов:

- Біздің Солтүстік өңірдің бізге жеткен тарихы бойынша Қызылжар уәләятіның бірінші тәбе биі Тоқсан би болса, қазіргі Солтүстік Қазақстан облыстық соттардың тәрағасы, яғни тәбе биі Бекет Тұрғараев деген азамат. Оның үстіне ол кісі парасатты, ұлтжанды, өресі кең адам, сол кісіге барып демеушілік көмек сұрау керек, - деді. Сол арада көңілге қонымды ұсынысты тегіс қолдап, Қекен Қөпішев, Зағыпар Байқуанышев, Серіkbай Бірімжанов және осы кітаптың авторлары облыстық соттың тәрағасы Бекет Тұрғараевтың қабылдауында болдық. Біздің ізеттілікпен қабылдаған облыстық соттар тәрағасы бейіт басын бекіту, табиғи тастан құлпы тас орнату, ас беру жұмыстарын өздері атқаратынын және осы істерді бір ай ішінде орындайтынына сендірді. Ақыры бір ай емес, осы сияқты ауқымды, әжептәуір қаражат қажет жұмыстарды жиырма күн ішінде бітірді.

- Целинный ауданына бейіт басында ас беру жабдығымен барған облыстық "Қазақ тілі" қоғамының тәрағасы Қосыл Омаровқа және осы қоғамның ақсақалдар алқасының тәрағасы Жақсылық Ұісқақовқа ауданның әкімі Серіkbай Сүлейменов: "Біздің ауданың қесіпкерлері, шаруа ұжымдары отқа қарап отырған жоқ, бейіт біздің жерде болған соң, ас беру шығындарын өзіміз көтереміз, асқа сойылатын жылқы да, бейіт басында құрылатын кигіз үйлер де бізден болады, - деген. Ақыры дәл осылай болды.

- Бейіт басында ас беру 25 тамызға бекітілген болатын. 20 тамыздан бастаған жаңбыр дүркін-дүркін жауып, шаруа адамдарының, егіншілердің еңсесін туғырді. Ас беретін күн қандай болады екен деген ой бәрімізді мазалады. Ақыры ас беретін, 25 тамыздың

күні күн шайдай ашық, желсіз тынық болды. Толассыз жаңбырдан кейінгі ашық күн асқа жиналғандардың көңіл күйін көтерді. Асқа бара жатқанда ылғалдың көптігінен тас жолдың бойында иіріліп тұрған комбайнындар қайтар жолымызда егін оруға кіріскенін көрдік.

- Қазан айының 16 күні Тоқсан бидің ата қонысы Жамбыл ауданындағы Қарағаш аулына жолға шықтық. Максатымыз-Тоқсан би туралы ел ішінен деректер жинау, шежіресін жинастыру. Екі-үш күннен бері жапалақтап жауган қар бір толастамай тұрған. Үйден шыққанда жауып тұрған жапалақ қар Петерфельд селосына жетпей "жолдарыңа бегет болмайын" - дегендей басыла қалды. Қарағаш ауылды асфальт жолдан бір шақырымдай ғана болғанмен, ауыл шашыраңқы орналасқан. Біздің ізденеп келе жатқан үйіміз-Тоқсан бидің бесінші үрпағы Сағындықтың үйі еді. Асфальт жолмен ауыл тузына жақындай бергенде, алдымыздан жолды кесіп ауыл жаққа кетіп бара жатқан бір адамнан Сағындықтың үйін сұрадық. Әлгі адамның: "Сағындық менмін, үйге жүрініздер, ағалар," - демесі бар ма.

Осындай құбылыстарды Тоқсан бидің киелілігі демеуге лажық жоқ.

- Мен Сағындықтың әкесі Рыскелдіге 1943 жылы қосылдым. Содан бері отағасымның ата қонысы осы Қарағашта тұрамыз. Бұл үй Тоқсан би атамыздың шаңырағы. Сондықтан ауыл киелі шаңырақ деп сыйлайды. Осы уақытқа дейін әскер қатарына алынған балалар біздің үйден дәм татып аттанады, - деді Кәмеш ана бізben әнгімесінде. Міне, Тоқсан бидің киелілігі, тіпті әулиелілігі келтірілген мысалдардан көрініп тұрған жоқ па?!

V. ҚОСЫМША

Қара би мен Арғын Жәнібек

Екеуі де Орта жұз Қошқарұлы Жәнібек 13 жасқа келгенде Қара би деген аузы дуалы, өзі білімді би бар деген даңқын естіп, содан барып бата алуга жолға шығады. Бұл қазақ пен қалмақтың жауласып жатқан кезі болса керек. Бұлардың баратын жолын қалмақтар басып алыш, олар өте алмай үйнеле қайтып келіп үш жыл жатады.

Төртінші жылда жол ашылып, 16 жасар Жәнібек Қарабидің еліне келеді. Қарабидің ауылына жолыққан біреу сыртынан "анау көшіп бара жатқан көш соның ауылы"-дейді. Артынан барып сәлем бергенім әдепсіздік болар деп, Қара таудық айналым жолымен алдынан шығып, атынан түсіп, күтіп отырғанда, қасында 30-40 нөктері бар, жағын жібек орамалмен таңған 90 жастағы Қара биді көріп, қол құсырып сәлем береді. Сәлемін алыш, жас жігіттен:

- Шырағым, кімнің ұлысың? - деп сұрайды қарт Қара би.

- Қошқарұлы Жәнібекпін, ата-деп жауап береді.

- Мен сені осыдан үш жыл бұрын күтіп едім, неге кешіктің? - Жәнібек себебін айтады. Қара би сол жерге кешін тоқтатып, үйін тіккізіп, Жәнібекке қонақасын беріп, ертеңіне:

-Не қалайсың, шырағым-дейді қарт би.

-Сізден бата алайын және өз аузыңыздан өсиет боларлық сөз естиін деп келіп едім, - дейді Жәнібек. Соңда Қара би батасын беріп, былай деген екен:

Бедері жоқ қамқордан

Берік тоқылған қамқа артық.

Берекесі жоқ ағайыннан

Берік сөйлескен жат артық.

Жаманға жақынным деп қайрылмағайсың

Алаштың жақсысынан айрылмағайсың
Жаманды жақыным деп қайырылсан,
Алаштың жақсысынан айрыласың.
Өгізді өрге сүйресең-қанаттың талар
Қанаттың талған соң, қарға мен құзғын алар.
Пайданы алыстан қылғайсың
Залалды жақыннан қылғайсың
Тышқан да інінің айналасында оттамайды
Оны да есіне алғайсың.
Кайтып кірер есікті
Катты серпіп шықпағайсың.
Кайтып көрер досыңа
Кайрылмастай сөз айтпағайсың.
Ол кім десен-сүйек болатын
Су сүзілмейтін, сүйек үзілмейтін.
Осыны есіне ала жүрсөң
Ешкімнен кем де, қор да болмассың, -
деп қайтарыпты.

Қара биден ел аузында қалған сөздері

Жігіттікten не пайда,
Ат мінбесең қатырып.
Жау жеңбесең жапырып.
Қырмызы киіп, қыз құшын,
Басыңдағы дәуренді
Өткізбесең сыпырып.

xxx

Қызыл тілін безеніп
Шешен жігіт дауда ойнар.
Ақ балтырын түрініп
Палуан жігіт тойда ойнар.

Баданасын киіп ап
Бар қайратын жиып ап
Жасыл туын көтеріп
Шашақты найза қолға алыш
Батыр жігіт жауда ойнар.
Дастарханын кең салыш
Жомарт жігіт күнде ойнар.
Баданасын кие алмай,
Жауға батыл тие алмай
Бедрей бетпақ үйде ойнар
Орынсыз жерде көп сайрап.

xxx

Жабай шешенниң Бірәнға айтқаны

Қара қылды қақ жарған Қара бидің баласы Жабай шешен билік құрып түрған шағында ауылында елу бес жасқа келген Бірән дегенниң әйелі өледі де үш баласы жетім қалады. Кедейге бұдан ауыр қайғы жок. Жабай шешен Бірәнға көңіл айтып біраз отырған соң:

-Қайғырма, бір айдан соң қатын аласың-депті:
Көшкен елге қошқар кездесер
Қатыны өлгенге қалың сор кездесер
Бай болатын жігітке
Жақсы қатын, жүйрік ат кездесер
Кедей болатын жігітке
Жалқау қатын, ажалды мал кездесер.
Басы өспейтін жігітке
Бедеу қатын кездесер
Биік дөңнің үстіне шықпа,
Қайғы кіріп, ісің кетер
Өгізді өрге салма күші кетер
Биік таудың басына шықпа,
Үйің қасыңа келер.

Катыны өлу би, болыс пен
Хан төренің де басынан келер.

Бірән қатын алған соң Жабай биге барыпты.
-Қайырлы ұзагынан болсын,-депті Жабай би, және:
 Бала үйдің базары,
 Қызы үйдің жасауы,
 Жаңа түскен келіншек
 Жақса болса-мереке,
 Жаман болса-келеке.
 Атты айында мақта,
 Қатынды жылында мақта.
 Ол-үйретпеген бір үйдің асауы-деген екен.

Загыпар Байқуанышев

Загыпар ақсақал жасының егделігіне қарамай Тоқсан би бейітінің басына ескерткіш орнатып, ас беруге уақыты бөліп көп енбек сіздірді.

Зерделі қарт бейіт басына аталас туысы Серікбай Қазбековпен бірге кигіз үй құрып, өз дастарханынан ас берді.

"Ақылды қария-ағынды дария", - дегендей асқа жиналғандарға Тоқсан би әuletі атынан алғыс айтып, ақ батасын берді. "Ауылында қария болса, жазып қойған хатшен тең" - деп, те тегін айтылмаған ғой, ақсақалымыздың өткен өмірден көргені де, тоқығаны да аз емес. Енді саны азайған саналы қартымыздың өмірдерегінен хабардар етейік.

Загыпар ақсақал 1922 жылы Солтүстік Қазақстан облысы, Жамбыл ауданының "Кенже" аулында туған (Қазір ол ауыл жоқ). Ұлы атасы Төрежан, әкесі Байқуаныш Керей руы, Нұралы атасының атақты, беделді адамдары болған. Әкесі Байқуаныш Кеңес өкіметінде дейін және кейін де ауылдық болыстың болысы, Кеңес Төрағасы болған. Кеңес өкіметі орнағасын 1928 жылы "Кенже" ауылын үйымдастыруға қатысқан. 1930 жылдары ауданның

белсенділері бай түкімі деп, "халық жауы" қатарына жатқызып қудалай бастайды. – Бұрыннан науқас әкеміз осы жылы қайтыс болыш, артында қалған балаларын шешемізбен бірге "халық жауының отбасы" деп, "Байқала" (Қазіргі Темириязев ауданы, "Жарқын" ауылынан З-4 шақырым жерде болған) деген жерге қамауга алады. Осы жерден біреулердің көмегімен 1931 жылы Ресей жеріне қашып кеттік,- дейді Зағынап ақсақал өткен өмірін еске алып, - Сол кеткеннен Рессейдің Корған, Түмен, Омбы облыстарында 1946 жылға дейін болдық. Өзім 1942 жылы Ұлы Отан соғысына алынып, 1945 жылы желтоқсан айына дейін өскери қызметте болдым. 1946 жылдан бастап Соколов ауданының Сивкова, Дубровный мектептерінде мұғалім болдым. Қызылжар қаласына 1958 жылы көшіп келдік,-дейді.

Атақты Біржан сал және қазақ әдебиетінің көрнекіті өкілі, ғалым-профессор Темірғали Нұртазиндердің аталас туыс екенін мақтанып сезіммен айтып отырады. Біржан сал мен атасы Тәрежан немерлес туыстығының үстіне дос болған екен. Сол достық балаларының арасында да жалғасып, қатынасып жүріпті.

- Біржан салдың Теміртас деген баласы 1935 жылдары Түмен облысының Ялуторь ауданында отырған біздің үйдің жанына көшіп келді. Ол жақта (Көкшетау жағында) Теміртастың бақталастары байдың үрпағы деп көрсете берсе керек. Бізben бірге бірер жыл отырғасын әңгіме басылған шығар деп қайтадан Көкшетау жеріне кетіп еді, арада бір-екі жыл өткесін Қазан ауданының біз отырған "Бірлік" колхозына қайтадан көшіп келді. Осы жолы "халық жауы" деп үстамақшы болып жатқан жерден қашып келген екен. Теміртас зор денелі, балуан, көрікті, өнерпаз, ерекше жаратылған адам еді. Біреулер хабарлады ма, 1940 жылы осы колхоздан үстап алып кетті. Артынан естісек, 10 жылға соттаған екен. Сол кеткеннен түрмеден оралмай, қайтыс болыппты. Қазір Мұқаметқали деген баласынан үриақтар бар, - деп аяқтады Теміртастуралы әңгімесін Зағынап ақсақал.



Суретте Тоқсан би бейітінің басына қойылған ескерткіш. Ескерткішті жасатқан Солтүстік Қазақстан облыстық сотының төрағасы Бекет Тұргараев. Ескерткіш облыс жеріндегі Жамантаудың жақпар тасынан өнделіп жасалған.

Ескерткіш тастың биіктігі 2,5 метр, ені 80 см., қалыңдығы 50 см.

Бейіт әр қабырғасы 8 метр сом темірмен торт жағынан коршалған.

Ескерткіш облыстық мәдениет департаментінің мәдени ескерткіштерді қорғау бөліміне ұсынылды.



Суретте областық соттың Төрағасы Турғараев Бекет Турғараұлы. Тоқсанбидін бейітін қоршауға, ескерткіш қоюға, осы кітапты шығаруға басшылық етті.



Суретте Тоқсан бидің асына қатысқан бір топ азаматтар: Дәрібай Қараев, Таңат Сүгірбаев, Сапар Дүйсенов, Жасұлан Қадыров, Махмет Қазбеков, Елтай, Дағырындар Зайкиндер, Зағыпар Байқуанышев, Мөкен Қалиев, Қайыркеш Исманов, Бекет Тұрғараев (облыстық соттың төрағасы), Қайролла Мұқанов, Серік Сүлейменов (Целинный ауданының әкімі), Қосыл Омаров (облыстық "Қазақ тілі" қоғамының төрағасы).



Суретте Зағыпар Байқуанышев немересі Өмірсерікпен.



Суретте Тоқсан бидің туысы. Сексеннің үрпактары. Сексеннің үрпактары аталарының асын беруге көмектесті.




Суретте 2000 жылы 25 тамыз күні Тоқсан бидің бейітінің басында берілген астың көрінісі.



Суретте Тоқсан би бейітіне ескерткіш орнату рәсімінде қатысқан Бекет Тұргараев (облыстық соттың төрағасы) бастаған аудандық соттың төрағалары (солдан оңтаң қарай): Кенжебаев С.Н., Евенбаев Е.Ш., Тургараев Б.Т. Сұлтанов М.Б., Рамазанов М.Н.

Екінші қатарда: Иманалин Т.Е., Муканов М.Е., Узденбаева А.К., Менжасаров К.Б.



Суретте Тоқсан би бейітінің басына ескерткіш орнатуға арналған ас дастарханынан көрініс.



Тоқсан бидің ең кішкене ұрпағы Ерлан Сағындық ұлы Рыскелдин Жамбыл ауданы, "Қарағаш" ауылсында турады.



Сүретте Тоқсан бидің ең жақын алтыншы ұрпағы Сатындық Жаналиннің отбасы.


Тоқсан бидің шаңырағы осы үйде қалған. Ортада отырған Рыскелдінің әйелі Кәмеш.

Тоқсан бидің ата қонысы Жамбыл ауданының "Қараш" ауыллында тұрады.




Сүретте Тоқсан бидің агасы Сексеннің төртінші ұрпағы Мәлғаждар қарт.

Ұлы Отан Соғысының ардагері. Қызылжар қаласында тұрады.



Суретте Қызылжар ауданының Петерфельд ауылында тұратын Сексеннің жиені Мыңжасаров Қайраттың үйінде мұра болып сақталып келген Сексеннің күміс белбеуі.



Суретте Мәлғаждар қарттың үйінде атадан мұра болып келе жатқан Сексеннің кіесеі.

Соңғы сөз

Құрметті оқырман! Сіздерге ұсынылып отырған бұл кітапта XVIII-XIX ғасырлар аралығында ғұмыр кешкен Тоқсан би бабамыздың өмір жолы мен айтқан шешендік, билік, нақыл сөздерін қолда бар материалдарға сүйініп мүмкіндігінше түгел қамтуға тырыстық.

Халық басынан өткен отаршылдық езгі, жаппай зобалаң, төңкеріс жылдарында би-шешендердің үрпактарына дейін тәркілеуге ұшырауы, ата дәстүрінің қайнар кезін бітеп, іргесін қаусатып жіберді.

Қазіргі кезде билік, шешендік дәстүр ата-бабаларымыздан қалған мұра ретінде ғана айтылып жүргені өкінішті. Шешендік өнерімізді қазіргі кезенге сай қайта жандандыратын, ата-дәстүріміздің сабактастығын дамытууды қолға алатын уақыт жеткен сияқты. Мұның алғашқы нышандары Оңтүстік Қазақстан облысы Сарыағаш ауданында 1993 жылы қолға алғынып, билер кеңесі құрылды. Сол жылы жонғар шапқыншылығына қарсы қазақ халқының басын қосып, жауға жұмылдыра білген үш ұлы биге арналған той Ақтөбе, Жамбыл, Қарағанды облыстарында болып өтті. Жамбыл облысының Шу ауданында Төле би Әлібекұлына биік етіп қолдан құйылған ескерткіш орнатылды.

Сол 1993 жылдың мамыр айында атақты үш биіне арналған Орта Азия республикалары қатысуымен өткен ұлы мерекелі той Ордабасында жалғасты. Онда еліміздің Президенті Н.Ә. Назарбаев сөз сейлем, болашақта үш биге орнатылатын ескерткіш тас белгіні ашты. Бір кездері анталаған жауды бақылайтын Ордабасының басындағы Қарауылтебеге көтерілген Президент Ордабасыны тарихи - мәдени қорық ету туралы арнайы жарлығын жариялады.

Сөйтіп үш ғасыр бойы есімдері ескерусіз қалған, тарихтан сыйылып тасталған, бірақ халқымыздың жадында терең сақталып келген би бабаларымыздың тойын бүкіл ел болып тойлап, атап өтті. Мұның өзі тарихымыздың ақтаңдақ беттерін өділетті түрде қайта жазуға

үлкен бет бұрыс жасаған, тәлім-тәрбиелік, тағылымдық маңызы өте зор шаралар болды. Соңдай-ақ іле Бұхар жырау, Ескелді би, Шақшақ Жәнібек, Ерден, Есет, Сырым, Сарыбай т.б. ас берілді. Талдықорған облысында "Орбұлақ" шайқасының 350 жылдығы атап өтілді. Жұырда Маңқыстау өңірінде Бекет атаға арналған салтанат өтті. Мұның бәрі тәуелсіз республикамызда аталып өткен ірі-ірі тарихи оқиғалар еди.

Тарихтың кейінге даму барысы көрсеткеніндей топтық тұрғыдан қарау принципі билер мұрасымен айналысуға мүлдем мүмкіндік бермеді. Қөптеген талантты фольклорист ғалымдардың қолын байлады. Сейтіп талай асыл қазына, сез маржандары жиналмай ұмыт қалды.

Жоғалған, айрылып қалған қазыналарымызды қалпына келтіру, орнына келтіру оңай шаруа емес. Дегенмен көп болып ат салып, зерттеу жұмыстарын жүйелі жүргізсе-билер мұрасын халық кәдесіне айналдыру әлі де кеш емес. Соңғы жылдары "Төле би", "Үш пайғамбар", "Билер сөзі", "Шешендік сөздер", "Бөлтірік шешен", "Ақтайлақ би", "Қазақтың би-шешендері", "Алшын Өйтеке шешен", "Есентемір Бөкен би", "Қазыбек би" сияқты кітаптар баспа бетінен шығып, қалың қырманға жол тартты.

Солардың ізімен бізде Тоқсан би бабамыз туралы осы кітапты жазып сол кісінің үрпактарына, барлық жүртшылыққа ой салу үшін ұсынып отырмыз. Біздің бай өлкемізде әлі де толық зерттелмеген, еңбектері жиналған Қожаберген жырау, Серіз сері, Шәрке сал, Шағырай шешен, Тоғжан ақын сияқты асыл аталарымыз көп. Солардың асыл мұраларын жинастырып кітап қып шығаруға тырысатын азаматтар шығар деген сенімдеміз. Ал мына қолдарыңыздағы кітап соңдай зерттеулердің жазылуына себеп боларлық еңбек болмақ деген ойдамыз.

Авторлар.

VI. ПАЙДАЛАНЫЛГАН ӘДЕБИЕТТЕР МЕН МАҚАЛАЛАР

1. Валиханов Ч.Ч. Собрание сочинений в 5-ти томах. Алма-Ата, 1984-1985 гг.
2. Еламанов К. Билер қызметі – “Фемида”, 1997г. № 5.
3. Мұқанов Сәбит. Қазақтың XVIII-XIX ғасырлардағы әдебиетінің тарихынан очерктер. 1-бөлім. Алматы, 1942 ж.
4. Мұқанов Сәбит. Аққан жүлдым. 1-кітап. Алматы, 1970 ж.
5. Мұқанов Сәбит. Қазақ қауымы. Алматы. 1998 ж.
6. Мұқанов Сәбит. Өмір мектебі. 1,2-кітаптар. Алматы. 1950-1953 жж.
7. Мәшіүр Жүсіп Көпееев. Қазақ билері-“Жүлдым”. 1992 ж. № 8.
8. Төреқұлов Нысанбек, Қазыбеков Мұхтар. Қазақтың би-шешендері. 1-ші кітап (XVII-XVIII ғ.ғ.), 2-ші кітап (XVIII-XIX ғ.ғ.). Алматы. 1993 ж.
9. Төреқұлұлы Нысанбек. Қазақтың 100 би-шешені. Алматы, 1995 ж.
10. Қара қылды қақ жарған (билер мен шешендер сөздері). Құрастырған И.Есхожин. Алматы, 1995 ж.
11. Сүлейменов Төлеіш. Серіз сері. Алматы 1991 ж.
12. Сөз тапқанға қолқа жоқ. Алматы. 1988.
13. Шешендік сөздер. Алматы. 1967 ж.
14. Шындалиева Мендігүл. Тоқсан Жабайұлы. “Қазақстан мектебі” 1996 ж. № 7.
15. Мұқанов Қайролла, Мұқанова Гүлнар. Қазақ халқының би-шешендік өнерінің тарихи очерктері. XVIII-XIX ғ.ғ. Есіл өнірі. Қызылжар. 2000 ж.
16. Қалкенұлы Ырыскелді. Тоқсан би мен Мұса-“Солтүстік Қазақстан” 1993 ж. 17 сөуір.
17. Жұмабаев Социал. Аңыз бен ақиқат - "Солтүстік

- Қазақстан" 1998 ж. 1 мамыр.
18. Тақыров Зәркөш. Жабай би және оның үрпақтары - "Солтүстік Қазақстан", 1998 ж. № 40.
 19. Сұрағанов Ә. Құрымсы шешен - "Солтүстік Қазақстан". 1998 ж. 30 қыркүйек.
 20. Қазыбек Дүйсенбі. Тоқсан би туралы бірер сөз - "Солтүстік Қазақстан". 1998 ж. 28 қазан.
 21. Жұмабаев Социал. Тоқсан бидің бейіті ескерусіз қалмасын. - "Солтүстік Қазақстан", 1999 ж. 25 тамыз.
 22. Көкен Қопышев, Қайролла Мұқанов, Социал Жұмабаев, Тоқсан бидің бейіті табылды - "Солтүстік Қазақстан" - 2000 ж. 25 шілде.
 23. Жұмабаев Социал. Тоқсан би. - "Солтүстік Қазақстан", 2000 ж. 25 тамыз.
 24. Әкімжанов Зейнолла. Әр сөзі алтын болған асыл баба - "Солтүстік Қазақстан", 2000 ж. 8 қыркүйек.
 25. Тақыров Зәркөш. Ер Жабай және оның үрпақтары туралы - "Сары арқа" 2000 ж. № 4-5.

Мазмұны

Шығарушыдан бірер сөз	3
Кіріспе	4
<i>I. Тоқсан би шежіресі</i>	9
Сегіз Сері шежіресінен үзінді	24
Тоқсан би Жабайұлы мен Сексен	26
Кикібайдің Сексенге айтқаны	27
Кикібай мен Тоқсан	34
Құрымсы би мен Тоқсан бидің кездесулері	36
Тоқсан бидің парасаттылығы мен адалдығы	39
Сексеннің орыс отаршыларымен құресі	42
<i>II. Тоқсан бидің сөздері, билік шешімдері</i>	47
Нұрым төреге айтқаны	47
Тоқсан бидің Ізғұтты бимен айтысы	48
Тоқсан бидің білімділігі	49
Нұрым төреге тағы бір айтқаны	49
Ізбасты биді жеңуі	50
Мұса байға айтқаны	51
Тоқсан би мен Құрымсы би	52
Тоқсанның қайырымдылығы	54
Бақытты Тоқсан берген	55
Тоқсан бидің турашылдығы	55
Тоқсанның төрелігі	56
Тоқсан би мен Төле би	57
Тоқсан би мен Шорманың Мұсасы	58
Тоқсан би мен Құнанбай	61
Тоқсан би мен Қазанғап бидің айтысы	62
Баланы туған анасына қайтаруы	63
Тоқсанның Қазыбек биге жүргінуі	64
Жаппасқа көңіл айтуы	65
Шоң биге көңіл айтуы	66
Тоқсанның Нұrbайға тиген шарапаты	66
Сандыбайдың бәйбішесіне көңіл айтуы	69

Ел бірлігін жоқтауы	69
Тоғыз бидің даналық сөздері	70
Тоқсанның тоқталуы	72
Тоқсан бидің жер дауын шешуі	74
Тоқсан бидің би болудан бас тартуы	76
Тоқсанның жеңілуі	78
Тоқсанның бірлікке шақыруы	80
Тоқсанның тоқалы туралы айтқаны	81
Доғалақтың кіші жүзге баруы	82
Өлеңмен айтқан нақыл сөздері	86
<i>Адамның әр жасындағы жағдайы</i>	
туралы айтқаны	89
Керей Тоқсан бидің батасы	90
<i>III. Тоқсан бидің зиратын іздең табу</i>	92
Ескерткіш орнатып, ас беру	97
<i>IV. Тоқсан бидің киелілігі</i>	101
<i>V. Қосымша. Қара би мен Аргын Жәнібек</i>	105
Қара биден ел аузында қалған сөздерб	106
Жабай шешенниң Бірәнға айтқаны	107
Зағыпар Байқуанышев	108
Соңғы сөз	118
<i>VI. Пайдаланылған әдебиеттер</i>	
<i>Мен мақалалар</i>	119

Осы кітаптың шығуына демеуші болған мына ер азаматтарға:

Солтүстік Қазақстан облыстық сотының тәрағасы Бекет Тұрғараұлы Тұрғараевқа, Қазақстан Заң академиясының Солтүстік Қазақстан облыстық филиалының директоры Аманжол Күзенбайұлы Күзенбаевқа және зейнеткер Зағыпар Байқуанышовқа шынайы алғысымызды білдіреміз.

1507

Қайролла Мұқанов
Социал Жұмабаев

T o k s a n b i

Редакторы: *Шашубай Малдыбаев*

Рецензент: *Бақыт Мұстафин*

Корректоры *Айгүл Бралина*

Басылымға дайындаған:

Назаренко В.В., Красников Е.А.

Теруге 15.12.2000 ж. жіберілді. Басуға 30.01.2001 ж. қол
қойылды.

Нішімі 60x84 4/16, қағазы оффсет. Қаріп түрі "Таймс".
"RISO" аппаратында басылған. Шартты баспа табағы 7,75.

Таралымы 500 дана.

Бағасы келісілген.

Қазақ мемлекеттік заң академиясы Солтүстік Қазақстан
филиалының жедел полиграфиялық белімі,
Петропавл қаласы, Бостандық қөшесі 51 үй.